

I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

ӘОЖ: 371

Қолжазба құқында

САУРЫКОВА ЖУЛДЫЗ МЕЙРХАНОВНА

**Жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық
байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттары**

6D010200- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін орындаған диссертациясы

Ғылыми кеңесші:
п.ғ.д., профессор
Ыбыраимжанов Қ.Т.

Шет елдік кеңесші:
Доктор (PhD), доцент,
университета Гази (Туркия)
Мехмет Акиф Сөзер

Қазақстан Республикасы

Талдықорған 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 БАСТАУЫШТАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	12 -33
1.1 Педагогика ғылымында пәнаралық байланыс мәселесіне қалыптасқан ғылыми-қағидалық көзқарастар.....	12-33
1.2 Бастауыштың жаңартылған білім мазмұнының құрылымдық жүйесін педагогика теориясы тұрғысынан тану	33-45
1.3 Жаңартылған білім мазмұнының жағдайында пәнаралық байланыстың педагогикалық шарттары	46-63
1.4 Бастауыш сыныптарда жаңартылған білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың нобайы	63-74
2 БАСТАУЫШТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК- ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ.....	75-87
2.1 Бастауыштың педагогикалық үдерісін пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері	75-87
2.2 Бастауыштағы пәнаралық байланыстарды жаңа буынды оқулықтар жүйесімен жүзеге асыру	87-101
2.3 Жаңартылған білім мазмұнында пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы мұғалімдердің кәсіби даярлық көрсеткіштері.....	102-112
2.4 Бастауыштың жаңартылған білім мазмұнында пәнаралық байланысты жүргізудегі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары	112-129
ҚОРЫТЫНДЫ.....	130-131
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	132-141
ҚОСЫМША.....	142

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Білім туралы Занда «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген [1].

Бұл міндеттерді шешу үшін «Білім негізі – бастауышта» қағидасын басшылыққа ала отырып, бастауыш сыныптан бастап білім беру қазіргі ғылымның, мәдениеттің, ғылыми-техникалық үдемелі даму деңгейіне сай болуы керек. Жалпы білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріс пен қоғамдық дамудың жаңару үдерісіне тікелей ықпал жасайды. Сондықтан қазіргі таңда мектептегі оқыту үдерісінде пәнаралық байланыс ерекше көкейтесті орын алып отыр және жалпы педагогикалық маңызға ие болуда.

Жаңартылған бағдарлама Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсат-міндеттерімен үйлеседі, ал мемлекеттік бағдарламаның басымдықтары, өз кезегінде білім беру саласында көш бастап келетін Франция, Сингапур және Ұлыбритания секілді прогресшіл елдерге тән заманауи мақсаттармен және құндылықтар жүйесімен барабар [2].

Бағдарламаның жетекші мақсаты әрбір ел үшін маңызды болып табылатын рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтардың негізінде жастарды өз елінің мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу; екіншіден (бұл да маңызды аспект) – жастарды жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпалын тигізетін сын тұрғысынан ойлауға үйретуді қамтиды.

Демек, бастауыш сыныптарда жаңартылған білім мазмұны негізінде оқытудың жаңа әдістемелік жүйесіне көшуге бетбұрыс басталды. Әр сыныптың оқу бағдарламаларындағы бөліктер мен оқулықтардағы ортақ тақырыпқа негізделген білім мазмұны оқу-әдістемелік топтаманың жаңаша нұсқасы бойынша оқытылды.

2016-2017 оқу жылынан бастап Қазақстандағы барлық мектептерде Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесіне сәйкес жаңартылған білім мазмұны бірінші сыныптарға енгізілді.

Қазіргі кезеңдегі оқытудың негізгі мақсаты – болашақ мамандығына байланысты әрбір балаға тереңірек білім беру, білімді өзгермелі өмір жағдайларына пайдалана білу дағдысын қалыптастыру. Сондықтан қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық, т.б.

жеке тұлғалық қасиеттерін меңгерту болып саналады. Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де, білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білім беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамиды. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін әрдайым арттырып отыру қажет. Осы жерде жеке пәндердің оқу материалдарын өзара байланыстырып немесе кіріктіре оқытудың жайына сипаттама беруді және оны оқытуды жетілдірудің бағыттарын анықтау орынды [3].

Бастауыш сыныптарда пәнаралық байланыс негізінде оқытудың мақсаты мен міндетін анықтауда жаңартылған оқу бағдарламасында жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану, сол арқылы оқу бағдарламаларының бөліктері мен оқулықтағы ортақ тақырыптар мазмұны арқылы танымдық және тілдік қарым-қатынасты меңгерту, іс-әрекет пен өздігінен білім алуға және еңбекке бейімдеу, бастауыш сынып оқушысын тұлға ретінде қалыптастыру және жеке болмыстық бітімін өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған ортаны ғылыми таным тұрғысынан танып-білуге дайындап, дамыту қажеттігі айтылған.

Бүгінгі таңда алға қойылған мақсаттарды іске асырушы басты тұлға – мұғалім екені ақиқат. Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулер нәтижелері тиісті кәсіптік қасиеттерге ие, оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр.

Бастауышта білім беру мазмұнын ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері – оқушылардың ақыл-ойын, дене күш-қуатын жан-жақты дамыту, дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастыру және оларды қоғамдық өмірге, еңбекке дайындауға негіз болатын білімдер мен іскерліктердің және дағдылардың көлемі мен бағытын айтамыз. Білім берудің мазмұны ең алдымен қоғамның, мектептің алдына қоятын мақсаттары мен міндеттерімен анықталады. Сонымен бірге оқудың мазмұнын анықтауда дидактиканың талаптары да ескеріледі, себебі соның негізінде ғана қай жаста, қандай көлемде, қандай пәндерді оқуға болатындығын дұрыс шешуге болады.

Бастауыш саты – оқушы да, оның интелектісі дамуының іргетасы – оқу әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Оқу әрекетінің мазмұны оқу тапсырмалары түрінде құрылады. Оқушы әртүрлі оқу тапсырмаларын өздігінен орындауының ортақ тәсілдерін, оқу әрекетін бақылап-бағалаудың нәтижесін эталонмен салыстыруды меңгереді.

Тұлға дарындылығының табиғаты, қабілеті, дамуының қайнар көзі шығармашылық мүмкіншіліктерінің психологиялық құрылымы болып табылады. Мұның барлығы арнайы ізденісті қажет етеді. Қазіргі психология, педагогика ғылымдарында осы мәселеге қатысты зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Мысалы: Я.А.Пономарев [4], Н.С.Лейтес [5], ал сонымен қатар білім беру мен оқыту теориясында пәнаралық байланыс жөнінде өзіндік пікірлерін ұсынған педагог-ғалымдар педагогика ғылымының даму тарихына өз үлестерін қосты. Я.А.Коменский [6], Д.Локк [7], И.Г.Пестолци [8] және қазақ ғалымдары Ы.Алтынсарин [9], А.Байтұрсынов [10], М.Дулатов [11],

М.Жұмабаев [12], т.б. педагогтар оқытудағы пәндерді бір-біріне интеграциялау мәселесін өз еңбектерінде атап өткен.

Бастауыш мектепте пәнаралық байланыс бірқатар педагогикалық ұйымдастыру мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді. Қазіргі кезеңде пәнаралық байланыс педагогикалық-психологиялық жағынан да зерттелуімен қатар, философиялық тұрғыдан да көптеген ғалымдар еңбектерінде қарастырылған. Пәнаралық байланысты дүниеде барлық заттың, құбылыстардың бірімен-бірінің өзара байланыстылығы туралы философиялық деңгейден қарастырған шетелдік ғалымдар В.В.Давыдов [13], И.Д.Зверев [14], Р.Г.Лемберг [15], В.Н.Максимова [16], В.Н.Малахов [17] т.б. болды. Ал, отандық ғалымдардан А.А. Бейсенбаева [18], Ә. Мұханбетжанова [19], Г.К. Шолпанқұлова [20], Т.Б. Байназарова [21], М.Абдрасилов [22], Д.Ж.Кішібаева [23], А.А.Куралбаева [24], т.б. ғалымдар осы бағыттағы мәселе бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіп, еңбектер арнады. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады. Негізінен, оқу пәндері әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен, олар бір-бірінен өз алдына оқшауланып, бөлектенбейді.

Қазіргі педагогика ғылымында дидактикалық ұстанымдар білім мазмұнының негізін құраушы құрылым бөлігі болып есептелгендіктен оқыту үдерісіндегі пәнаралық және пәнішілік байланыстылық ұстанымының өзіндік маңызы бар.

Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің пәнаралық білімдер мен іскерліктерді игеруі – оқу үдерісін пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастыру үшін алғы шарт.

Бастауыш сынып оқушыларына жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы жүйесінде бөлім мен оқулықтарға негізделген ортақ тақырыптар бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың теориялық негізін нақтылау; бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес төл оқытуларды тәжірибеден өткізуді іске асыру; сабақ және сыныптан тыс жұмыстарда пәнаралық байланыс құру – бұлар жаңартылған білім мазмұнының міндеттері болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларын оқыту – қазіргі оқушы тұлғасының болмыс бітімі мен санасының дамуындағы ғылыми танымды дамытудың қарқынды жүзеге асатын ерекше құнды, қайталанбас кезең. Бастауыш сыныптардағы пәнаралық байланыс негізіндегі педагогикалық үдерісті жүргізу – жаңа білім мазмұнын оқытуды теориялық жағынан негіздеп, мазмұны мен шарттарын анықтап, әдістемесімен қамтамасыз ету болып табылады. Осының нәтижесінде еліміздің білім беру жүйесіне өзгерістер енгізіліп, білім мазмұны жаңа бағдарламалар аясында жүзеге асырылуда. Бүгінгі қазақстандық қоғам дамуында жаңартылған білім мазмұнының мектеп тәжірибесіндегі педагогикалық үдеріске енуі – қазіргі кездегі ел экономикасының дамуымен тікелей байланысты болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік жаңартылған бағдарламасы

бекітілді. 2016 жылдан бастап 1-сыныптар жаңартылған білім беру бағдарламасымен оқытыла бастады. Осыған орай бастауыш сыныпқа арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы өзекті мәселелерді анықтап, зерттей білуді талап етеді. Мұнда бастауыш білім беру кезеңінде пәнаралық байланыс сабақтарын жеке пәндердің оқу материалдары арқылы өзара байланыстырып, кіріктіру арқылы ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістің мүмкіндіктері және оны оқу-тәрбиеде пайдаланудың қазіргі жағдайының арасында, мәселен, бүгінгі ұрпақтың білім-таным сұранысындағы талап-тілектер мен оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындаудың өзектілігі, бұған қоса, жаңартылған білім мазмұндағы оқу бағдарламасын педагогикалық тәжірибеге ендірудің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жеткіліксіздігі арасында *қарама-қайшылықтар* туындап отыр. Сол себепті, осындай қайшылықтардың шешімін табудағы біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыздың өзекті мәселесі – жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мен дамытуда педагогикалық шарттарын анықтаудың ғылыми-теориялық және әдістемелік жолдарын қарастыру болып табылады. Жаңартылған білім жүйесі – бастауыш сынып оқушыларына білім, білік дағдыны қалыптастыру мен дамыту арқылы құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Мәселенің бүгінгі күнге дейін ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда арнайы зерттеулер арқылы қарастырылмауын ескере отырып, ғылыми-зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттары»** деп алдық.

Зерттеудің мақсаты: Бастауыштың жаңартылған білім мазмұны аясында пәнаралық байланыстың педагогикалық шарттарын, теориялық және әдістемелік негізін анықтау және оны оқу-тәрбие үдерісіне ендіру.

Зерттеудің нысаны: Жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сыныптарының оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеудің пәні: Жаңартылған білім мазмұны жүйесіндегі ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістегі пәнаралық байланыс сабақтары.

Зерттеу әдістері: Зерттеу мәселесіне байланысты философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер, ғылыми-әдістемелік ізденістер, білім беру саласындағы мемлекеттік құжаттарды жинақтау, талдау, сұрыптау, сауалнама, сұрақ-жауап жүргізу, диагностикалау, педагогикалық эксперимент жүргізу, оның нәтижелері мен қорытындыларын сұрыптау, оларға математикалық, статистикалық өңдеу жүргізу.

Зерттеу жұмысының болжамы: Егер бастауыш сыныптарда жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздегі педагогикалық шарттары анықталса; бастауыш білім беру кезеңдерінің сыныптық сатысына сәйкес оқушыларының даму ерекшеліктеріне үйлесімді оқу бағдарламасының бөлімдері мен оқулықтардағы білім мазмұнын беретін оқу материалдарына

арналған ортақ тақырыптарды оқытуда жаңаша тәсілдерді пайдаланудың педагогикалық аспектілері анықталып, әдістемесі дайындалып, қолданылса; өзара байланысқан, кіріктірілген сабақтарда жаңа білімдерді оқушыларға меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері, амалдар қолданылып жүзеге асырылса; қазіргі педагогикалық тәжірибедегі оқу-тәрбие үдерісіне ендірілу барыстары тәжірибелік-экспериментте тексеріліп, нәтижесі шығарылса, онда бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғалық болмысының дамуындағы әрекеттер арқылы олардың әлемді, қоршаған ортаның біртұтастығын ғылыми-танымдық тұрғыдан меңгеруін жоғары деңгейде қалыптастыруға негіз болар еді.

Зерттеудің міндеттері:

-ғылымдардың интеграциялануы мен бастауыштың жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту мәселесіне арналған нормативті-құқықтық құжаттарды, педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау арқылы «пәнаралық байланыс» ұғымын ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу, анықтама беру;

-бастауыш сыныптарда жаңартылған білім мазмұнына көшуде пәнаралық байланыс ұйымдастыру мен өткізудің бүгінгі жағдайы мен мүмкіндіктерін айқындау;

-бастауыш білім беру кезеңінде жаңартылған білім мазмұны аясында ұйымдастырылатын пәнаралық байланыстың педагогикалық шарттарын айқындау, құрылымдық-мазмұндық нобайын құру, ұсыну;

-жаңартылған білім мазмұны жүйесімен бастауыш сыныптардың педагогикалық үдерісінде ұйымдастырылатын пәнаралық байланыстың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттер арқылы дәлелдеп, ғылыми-әдістемелік нұсқаулар беру.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздерін бастауыш сыныпта жаңартылған білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын ғылыми педагогикалық тұрғыдан негіздеген ғылыми-әдістемелік, философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттер мен оқулықтар және Қазақстан Республикасының «Білім беру саясатын» жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік ресми құжаттар, отандық және шетелдік зерттеуші ғылымдардың еңбектері құрайды.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері: бастауыш сыныптарда жаңартылған білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттарына сәйкес оқыту тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық аспектілері анықталып, бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуындағы таным теориясы мен оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, дүниені біртұтастық тұрғыдан шынайы қабылдау туралы ой-пікірлердің заңдылықтары жөнінде философиялық, психологиялық, педагогикалық тұжырымдамалар негізге алынып, олардың қазіргі жағдайдағы қолдану ерекшеліктері пайдаланылды. Сондай-ақ, жаңартылған білім бағдарламасының мазмұнында пәнаралық байланысты жүзеге асыруға байланысты бөлімдер мен

оқулықтардың оқу материалдарын топтастыруға негізделген ортақ тақырыптар жүйесімен оқытуда педагогиканың жаңашылдық әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалануға әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Зерттеудің практикалық мәнділігі: жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде пәнаралық байланыс сабақтарының оқу-тәрбие үдерісіне ендірілуі тексерістен өткізілді, сондықтан, зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған теориялық және тәжірибелік білімдер жиынтығын бастауыш сыныптардың педагогикалық үдерісінде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын бөлімдер мен факультеттерде, мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру мен жетілдіру институттарында және осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады. Өйткені зерттеу жұмысынан жиналған теориялық және тәжірибелік мәліметтер өміршеңдік маңызға ие.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

– жаңартылған білім мазмұнын беретін оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылатын пәнаралық байланыстар арқылы бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастыру негізінде жеке тұлғалық болмысын дамытудың теориялық негіздері ғылыми тұрғыдан дәлелденді. «Пәнаралық байланыс» ұғымына анықтама беріліп, «педагогикалық құбылыс» атаулық тіркесіне сипаттама берілді;

– бастауыштың жаңартылған білім мазмұны негізінде жүзеге асырылатын пәнаралық байланыста оқушылардың ғылыми-танымдық әрекеттері, олардың жеке тұлғалық болмысының қалыптасуы мен дамуының барысы, қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктері қарастырылды;

– жаңартылған оқу бағдарламасы жүйесі негізінде бастауыш сыныптың педагогикалық үдерісін ұйымдастыруда пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық нобайы жасалып, оның өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері және мазмұндық, ұйымдастырушылық, педагогикалық шарттары анықталды;

– бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие үдерісінде жаңартылған білім мазмұны арқылы оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған нобайдың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттен өткізілуі, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дәлелденуі.

Қорғауға ұсынылған қағидалар:

– жаңартылған оқу бағдарламасы жүйесі негізінде пәнаралық байланыстар арқылы бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастыру әрекеттері мен жеке тұлғалық дамуының ғылыми-теориялық негіздемесін беру және «Пәнаралық байланыс» ұғымына жеке анықтама беру;

– оқушылардың жеке тұлғалық болмысының дамуына жаңартылған білім мазмұнындағы пәнаралық байланыстың ықпалы, ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық нобайы, өлшемдері, деңгейлері, көрсеткіштері және мазмұны мен педагогикалық шарттары;

– педагогикалық үдерісте бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастыруды жетілдіру мақсатында бағдарламада «ортақ

бөлімдер мен ортақ тақырыптар» деп анықталған жүйелер арқылы тәжірибелік-эксперимент жұмыстар жүргізіліп, тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныс берілді, зерттеу жұмысының қорытындысы тұжырымдалды.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі диссертациялық зерттеудің теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, қойылған мақсат-міндеттерге сәйкес қажетті әдіс-тәсілдерді кешенді пайдаланумен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспары жүйелілігімен, алынған зерттеу нәтижесінің нақтылығымен, дәйектілігімен, сенімділігімен сипатталады.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу мен енгізу: Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу педагогикалық эксперимент жұмысын жүргізу барысында жүзеге асырылды. Зерттеудің негізгі бағыттары мен нәтижелері Республикалық халықаралық конференцияларда – екі (2), ал, шетелдік халықаралық конференцияларда – екі (2), 4 (төрт) мақала – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы Ереженің 16 – тармағының 121 тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда жарық көрсе, екі (2) мақала – халықаралық ақпараттық компаниясының деректер базасында индекстелетін Scopus (Скопус) журналында жарық көрді.

Зерттеу жұмысының базасы: Тараз қаласындағы Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясы, Тараз қаласы А.Бөкейханов атындағы №1 гимназиясы, Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясы, сонымен қатар Талас ауданының А.Байтұрсынов атындағы гимназиясының бастауыш сыныптары.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2016-2017 жж) зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық және психологиялық, ғылыми-әдістемелік зерттеулер мен әдебиеттерге талдау жасалды. Жаңартылған білім беру жүйесіне көшудің және оның мазмұндық құрылымы жайындағы ұғымдар мен түсініктер талданды; зерттеу тақырыбы бойынша пәнаралық байланысты ортақ бөлімдер мен тақырыптар бойынша жүзеге асырудың жағдайлары анықталды; зерттеудің ғылыми аппараты негізделінді.

Екінші кезеңде (2017-2018 жж) зерттеу тақырыбы бойынша жинақталған материалдарға талдау жүргізу жалғастырылды; бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын пәнаралық байланыстар негізінде қалыптастыру мәселесі бойынша педагогикалық озық тәжірибелер мен идеялар қарастырылып, зерттелді; бастауыш білім беру кезеңі жасындағы оқушылардың қоршаған әлемді біртұтастық тұрғыдан тану және ғылыми дүниетанымдық көзқарастар қалыптастыру жайы қазіргі жаңартылған білім беру жағдайында зерделенді. Бастауыш сыныптың педагогикалық үдерісінде пәнаралық байланысты ұйымдастырудың құрылымдық-мазмұндық нобайы жасалып, педагогикалық шарттары анықталды.

Үшінші кезеңде (2018-2019 жж) тәжірибелік-эксперимент жұмыстары жалғастырылып, зерттеу нәтижелері жинақталып, ғылыми жүйеге келтірілді. Эксперимент нәтижесінде жаңартылған білім мазмұны арқылы бастауыш сынып оқушыларының пәнаралық байланыстар арқылы ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың ұтымды әрі тиімді әдіс-тәсілдері анықталды. Зерттеу мәселесі бойынша жинақталған материалдар мен тәжірибелік эксперимент жұмысының нәтижелері сараланып, қорытындыланып, диссертация түрінде рәсімделіп, өнделді.

Диссертация құрылымы: Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеу жұмысының көкейтестілігі, мақсаты, нысаны, пәні, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы қамтылған. Жұмыста қолданылатын зерттеу әдістерінің ерекшеліктері көрсетіліп, зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері, деректі көздері, зерттеу кезеңдері мен базасы, зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық мәні сипатталады. Сонымен бірге, қорғауға ұсынылған негізгі қағидалары, зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі, негізділігі, сынақтан өткізілуі, тәжірибеге енгізілуі мен диссертация құрылымы қамтылып, көрсетілді.

«Бастауыштағы пәнаралық байланысты жаңартылған білім мазмұны жағдайында жүзеге асырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты **бірінші бөлімінде** зерттеліп отырған мәселеге қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулердегі ғалымдар ой-пікірлері, идеялары мен тұжырымдары талданды. Бастауыш білім беру кезеңінде пәнаралық байланыстар арқылы оқушылардың жеке тұлғалық болмысын дамытуда орын алатын ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық нобайы жасалынды. Бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың құралы ретінде пәнаралық байланыстың мазмұны мен мәні қарастырылып, зерттелді. Пәнаралық байланыстың теориялық негізі анықталып, жаңартылған білім мазмұны арқылы оқушылардың пәнаралық байланыстар негізінде ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері айқындалып, бүгінгі жағдай тұрғысынан сипатталды.

«Бастауыштың педагогикалық үдерісінде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тәжірибелік-әдістемелік жолдары» атты **екінші бөлімінде** бастауыш сынып оқулықтарына, оқу бағдарламасы мен әдістемелік нұсқауларға талдау жасалынды. Бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын пәнаралық байланыстар негізінде қалыптастыру үшін жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының қорытындылары шығарылды. Бастауыш оқу-тәрбие үдерісіндегі пәнаралық байланысты жаңа білім беру мазмұнындағы ортақ бөлімдер мен ортақ тақырыптар жүйесінде пайдаланудың педагогикалық шарттары айқындалды. Бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда пәнаралық байланыстың мәні мен маңыздылығы анықталып, оларды ұйымдастырудың жолдары, әдістері көрсетілді.

Қорытындыда жаңартылған білім мазмұны негізінде бастауыш сыныптарда пәнаралық байланыстар жүзеге асырылған теориялық және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері мен қорытындылары негізінде тұжырымдар жасалынды және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

1 БАСТАУЫШТАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Пәнаралық байланысқа педагогика ғылымында қалыптасқан теориялық көзқарастар

Біздің қарастырып отырған «пәнаралық байланыс» мәселесіне бару үшін оның өмірмен байланысы неде және әлемді танудағы ғылымилығына яғни, философиялық мазмұнына жалпы негізде мән беріп қарайық. Адам – сананың ең жоғарғы деңгейіне ие болған тіршілік иесі. Адам өзін қоршаған әлемді тануы мен меңгеруде, түрлі ой операцияларын өз бойынан өткізе отырып, сол кезең мен жағдайға байланысты өзінің білім мен тәжірибесі және түсінік, танымы деңгейінен баға береді немесе іс-әрекетін жасайды. Бұндай танымдық жүйенің орын алуының бір қыры, ол – өзін қоршаған орта мен әлемнің өзара байланыстығын тану мен олардың өздеріне тән ерекшелік заңдылықтарының болуын ескере отырып, оларды біртұтастық жүйені құрайтынын және олардың бөлігі немесе бөлшегі ретінде қызмет атқаратынын ұғына білуде туындайды. Яғни, әр құбылысты танып білуге бағытталған және оның қыр-сыры мен заңдылықтарын түсіндіретін ғылымдардың пайда болуы заңдылық болса, адамның өмірді, қоршаған ортаны игеріп, білудегі танымдық жолында ғылыми білімдерді өзара байланыстыра меңгеруі де танымдық үдерістердің тұтастық жүйесіне негізделу болып табылады. Ғылыми білімдерді беруде білім алушының немесе игерушінің жас ерекшеліктері мен танымдық болмысының деңгейіне қарай лайықты және олардың білім алу деңгейлеріне үйлесімді түрде берілуін пәнаралық байланыстар негізінде жүзеге асатын танымдық үдеріс деп түсінуіміз керек. Қазіргі уақытта ғылымда, жеке пәндерді оқытуда қамтылған оқу материалдарының жүйесінде пәнаралық байланыс негізінде білім беру мен тәрбиенің түрлі салаларын /түрлерін/ жүзеге асыруда ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістер кешенділік сипатқа ие болуының қажеттілігі орын алып отыр.

Мәселен, Ж.Аймауытұлы XX ғасырдың бас кезінде-ақ, кешенді оқыту мәселесіне мән беріп, төмендегідей ой-тұжырымдарын мұғалімдер қауымына ұсынған болатын: «Пәлен күнге бір тақырып алынсын, одан артық та, кем болмасын»

1. Материал тізгенде, тұрмыс пен ғылым айқасып, астасып тізілсін.
2. Жұмыстайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсін.
3. Жұмыстау негізінде баланың бұрынғы өз тәжірибесі, перне қоры, мағлұматы салынсын; дәл айтқанда, балаға танымал жақын нәрседен басталсын» – деп негіздеп берген [25].

Ғалым, педагог-психологтың пайымдауынша, пәнаралық байланыс белгілі бір жүйемен кешенді түрде жүзеге асырылуы қажет екендігі негізделеді. Оқу пәндері мен ондағы материалдардың мазмұндық, құрылымдық жүйесін

өзара байланыстыру мен қабыстыру және олардың өзара айырмашылықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып жақын немесе ортақ тақырыптар жүйесімен бағытталған білімдерді ұйымдастыру, беру қажеттілігін айта келе, пәндерді оқытудың әдістемелік жағын басшылыққа алынып, өмірлік тәжірибемен байланысты болуын ескертеді.

Жеке пәндерді оқытуға негізделген әдістеме атаулының бәрі білімдерді толығырақ, тереңірек меңгертуге септігін тигізетін амалдардың жиынтығы болып табылса, осы амал-тәсілдер оқу материалдарының мазмұндық құрылымын өмірлік тәжірибемен және басқа да білімдер жиынтығымен ұштастыруға негізделген қызметтерді атқаруы да тиіс және соған бағытталуы керек. Бұл өз кезегінде оқушыға әлемді және қоршаған ортаның бейнесін біртұтастықта ойлай білуге, логикалық ой жүгіртуге, алғы шарттардан белгілі бір қорытындылар жасай білуге бағыттайды және үйретеді. Яғни, пәндер арасындағы байланыстылық белгілі бір алғы шарттарды тірек етеді. Сондықтан пәнаралық байланыс педагогика ғылымында білім философиясы, психологиялық, дидактикалық және жеке пәндерді оқытудың әдістемесі тұрғысынан қарастырылатын күрделі мәселе.

Психология ғылымы тұрғысынан пәнаралық байланыстың мазмұндық сипатын ашуға классикалық педагогиканың негізін қалаушылардың бірі И.Ф.Герbart ұмтылыс жасаған болатын. И.Ф.Герbart еңбектерінде тәрбиелеудегі ауқымдылықты және білім беруде пәндердің өзара және пәнішілік күрделі байланыстар бар екендігін айта келе, оларды біртұтастықта қарау қажеттілігін айтқан. Сондай-ақ, оқытудың негізгі жолдарын төмендегідей үлгіде көрсетеді:

- көрсету;
- байланыстыру;
- үйрету;
- философиялық негіздеу;

Сезімге әсер етуі жағынан мына үлгіде болуын айтады:

- көрнекілік;
- байланыстылық;
- көтеріңкілік;
- қызығушылығын арттыру [26].

Классикалық педагогика көрнекті өкілдерінің бірі – И.Г.Песталоцци білім беру мен оқытуды жүзеге асыруда пәнаралық байланыстың өзіндік орны бар екендігіне мән берген және оның тәжірибелік жақтарына басымдық беріп, «өмірлік жағдайда жүзеге асыру маңызды, себебі оқушы алған білімін күнделікті іс-әрекетінде пайдалана білуге тиіс» деген ойларын білім беру мен оқытудағы дидактикалық заңдылықтардың бірі ретінде түсінгеніміз жөн. Себебі, ол «Өз санаңызға пәндердің арасындағы шын мәніндегі табиғи байланысты көрсетіңіз», – деп түйіндеуі оқу пәндерінің мазмұндық және құрылымдық жүйелерінде өзара байланыстардың болуын, әрі олар өмірлік тәжірибеде іске асыруға боларлықтай оқушының жас және жеке танымдық болмысына үйлесімді болуын басшылыққа алып отыруды негіздейді. Мәселен,

бастауыш сынып оқушыларына геометриялық фигураларды таныстырып, білім беру барысында тіл пәнімен байланысты орнату қажет, себебі, оқушы таныған және білген геометриялық фигуралардың бейнеленуі мен суреттелуін, олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айтып бере отырып, сөз байлығының қоры артады, түрлі фигураларды сыза отырып, өлшем бірліктердің аталуын өз сөзімен түсіндіріп жазып отыруы арқылы бастауышта оқылатын пәндердің өзара байланыстарының қарапайым үлгісін көрсеткен болатын [27].

Ал, Джон Локтің пікірінше, «оқушының алған білімдері құрғақ жаттандылық тұрғысында болмауы керек. Алған білімін өмірде пайдалана білуге үйретіп, дағдыландыру оқытудың басты бағыты мен мақсаты болу қажет», – деген ой-пікірін айта келе, ол үшін бір пәннің мазмұнындағы оқу материалдарында кездесетін деректер және оның негіздемелік үлгілері келесі бір пәнді оқытуда толықтырушы құрамалық бөліктер ретінде пайдалануы қажет екендігін алға тартқан болатын.

Джон Локтің пәнаралық байланыстар негіздегі ой-пікірлері И.Г.Песталоццидің пікірлерімен астасып, ұштасып жатыр. Мәселен, оқушы өзінің ана тілінен басқа шет тілін меңгеруде ауызекі сөйлеу мен тілдік қарым-қатынасты дамыту үшін, оқылатын басқа пәндердің мысалы, география және тарих пәндерінің оқу материалы бойынша оқушымен сөйлесу, пікір алысу, әңгіме өткізу қажет екендігін айтады. Д.Локк өзіндік ой-түйіндеуін төмендегідей: «Шындықты табатын ақыл ғана – барлық бөліктерді жеке-жеке анық, ажырата біліп және қажеттіздерге мән бермей, бар мәліметтерге сүйене отырып, өзіндік қорытынды жасап, қайткенде де оған ықпал жасайды», – деп негіздеген болатын [28].

Неміс педагогі Адольф Дистерверг пәндердің оқу материалдарын өзара араластырып оқытуға келіспеді. Оның көзқарасында әрбір жеке пән өзіндік ерекше тәрбиелігімен, өз мазмұнында беретін оқу материалдарының жекелігін сақтай отырып, оқытылуы керек. Бірақ, А.Дистерверг пәнаралық байланысты мүлдем жоққа шығармайды, тегі бір, ұқсас пәндерді, мазмұны жақын пәндерді оқыту барысында аталған құбылысты толық қолдануға болатындығын айтады: мәселен, «Оқу материалдары жақын немесе туыстығы басым пәндерді байланыстыру керек...» – деп /аударған С.Ж./ дидактикалық талап қояды [29].

XIX ғасырдың соңында Отто Вильманның «Дидактика как теория образования в ее отношениях к социологии и истории образования» еңбегі жарық көрді. Автор еңбегінде ұлы дидактик ғалымдардың пәнаралық байланыс туралы айтқан құнды пікірлерін қолдай келе, арнайы «оқыту пәндері» арасындағы байланыс деген параграфта пәнаралық байланысқа ерекше тоқталады. О.Вильман философия оқу пәндерін бір-бірімен тығыз байланыстыра алатын ғылым екендігін көрсетеді. Философияны оқыту барысында оны тарихпен, астрономия, географиямен байланыстырып оқытудың өте тиімді екендігін айтады [30].

Я.А.Коменский өз еңбектерінде оқушыларда тиянақты білімнің қалыптасуының кейбір себептерін ашып, көрсетеді. Мәселен, ол оқушылардың мазмұндас пәндерден алған білімдеріне сүйенбейтініне, оқушы әр пәннен алып

отырған білімдерінің бір-бірімен байланысты екендігіне назар аудармайтынына арнайы тоқтала келіп, жалпы дидактикалық мынадай ереже шығарады: «Всегда и везде брать то, что связано одно с другим».

Мұнан әрі Я.А.Коменский оқушыларға берілетін білім міндетті түрде оларға бұрыннан таныс, түсінікті материалдармен ұштастырыла жүргізілуі қажеттігін, бұл талап тек бастауыштағы білімге ғана емес, жоғары сыныптағы оқушылардың алатын біліміне де қойылатындығын айта келе, грамматика мен философия, философия мен әдебиет бір-бірімен байланысты оқытылуы тиіс екендігін айтады. Сондай-ақ оқытудағы кейбір схоластикалық әдістердің ізімен қажетті, қажетсіз көптеген фактілерді, олардың арасындағы байланыстылықты түсінбей, бір жерге жинақтай берудің кері нәтиже беретіндігін ескертеді [31].

К.Д. Ушинский әр мұғалімнің өз оқушыларының алған білімі түсінікті, жан-жақты толық болуы үшін сыртқы қоршаған ортамен, өмірмен оқытылып отырған пәндер арасындағы тығыз байланыс болуы керектігін айтады. Смольный институтының оқу жоспарында пәнаралық байланыс ерекше орынға қойылған. Әр оқу пәні бір-бірімен байланысына қарай белгілі бір жүйеде жүргізіліп отырған. Мәселен, география, жаратылыстану, тарих пәндері бір-бірімен байланыстырылған. Жоспар бойынша, география, тарих пәндерінен бұрын өтіліп отырған, себебі география сабағында алынған түсініктер тарих сабағында әңгімеленетін тарихи фактілер оның уақытын, белгілі бір орнын дәл көрсету үшін қажет болады.

К.Д. Ушинский қандай да ғылым болмасын, беретін білімдер мен идеялар әлемге және өмірге табиғи түрде қабысып, жарқын, мүмкіндігіне қарай кең құлашты көзқарасты дәріптеуі керек деп есептеді [32]. Кейінгі кездегі кеңес педагогтары М.А.Данилов [33], В.В.Давыдов [34], Н.А.Лошкарева [35,36] еңбектерінде де пәнаралық байланыс туралы тұжырымды пікірлер айтылды.

1960 жылдардағы жалпыға бірдей орта білім беру мазмұнында біраз өзгеріс болып, оқушыларды тәрбиелеу, білім беру және дамыта оқыту міндеті де қойылды. Осы тұста да пәнаралық байланысқа үлкен мән берілді. Сондықтан да соңғы жылдары Қазақстан ғалымдары мен әдіскерлері оқушыларды дамыту жолдарының бірі ретінде пәнаралық байланысқа ден қойып, бұл саланы көбірек зерттеуге кірісті.

Қазіргі кезде пәнаралық байланыс проблемасын педагогикалық, психологиялық жағынан зерттеумен қатар, философиялық тұрғыдан да көптеген ғалымдар зор көңіл бөлуде. Философиялық деңгейде қарастырған И.Д.Зверев [37] Р.Г. Лемберг [38], В.Н. Максимова [39], т.б. ғалымдар болды.

Пәнаралық байланыстың философиялық негізі бойынша дүниеде барлық заттың, құбылыстардың бірімен-бірінің өзара байланыстылығы туралы тұжырымдалған білімдер де бірімен-бірі байланыста болады. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімінің ең маңызды мақсаты болып табылады. Адамды биологиялық және әлеуметтік құбылыстарының бірлігі ретінде қарастыру, оны тұлға деп түсіну философия ұғымына жатады. Тұлға – нақты тарихи ұғым. Тарих барысында адам мен

қоғамның арақатынасы елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Осыған байланысты адам тұлғасының нақты мазмұны да өзгереді. Тұлға – белгілі бір қоғамдық қатынастар тұсында өмір сүретін адамның төмендегідей негізгі үш жағының бірігу нәтижесі:

Биогенетикалық нышандар;

Әлеуметтік қатынастар;

Психоәлеуметтік қасиеттердің тұтаса бірігуі.

Қазіргі кезде тұлғаның мәні жайында екі тұжырымдамалық көзқарас бар:

Тұлғалық адамның функциялық сипаттамасы;

Тұлғаның әлеуметтік мәніне қарай сипаттамасы;

Қазіргі заманның ілгері үдемелі даму барысында ғылымдардың интеграциялануы – ғылыми танымдағы немесе олардың заңдылықтарын негіздейтін құбылыстарды қамту ой аумағының кеңеюі, жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, эстетикалық тәрбие мен білім беретін және инженерлік-техникалық болып топтастырылу мәнінің ашылуы және осы негізінде олардың дифференциялануы /сандық салалануы/ мен даралығының белең алуы, олардың зерттейтін объектілерінің ортақтылығы пәндік қатынастардың өзара байланыстық бірлігіне алып келетін ғылыми құбылыс ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің негіздемелерінде түсіндіріледі [40,41].

Ғылымдардың дамуы мен олардың интеграциялану барыстары Қазақстандағы білім беру жүйесіне тікелей ықпал жасай отырып, оқу бағдарламаларын жаңартуға және осы негізде пәнаралық байланысқа педагогика мен психология, жеке пәндердің теориясы және оларды оқыту әдістемесі ғылымдары тұрғысынан жаңаша келуді талап етіп отыр. Білім беру жүйесіндегі пәнаралық байланысты жүзеге асыруда теориялық білімдер жиынтығының өмірлік тәжірибемен өзара үйлесімділік негізде дәлелденіп, жүзеге асырылуы – бүгінгі күндегі білім беру мен оқыту және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру арқылы оқушылардың ғылыми-танымдық дүниесінің жүйелі, әрі бірізділік пен сабақтастықта дамуына ықпал жасайтын тиімді педагогикалық үдеріс болып саналуда.

Қазақстандық білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктерінің бірі – еуропалық және әлемдік білім беру кеңістігімен ықпалдасу жағдайына енуі. Бүгінгі әлемдік дамудың қарқындылығы – ғылым мен техниканың жедел дамуына және өзгермелі дүниенің сұраныстарын қанағаттандырудағы ілгері ғылыми зерттеулер мен озық білімдер жүйесінің өмірлік тәжірибеде орын алуына себепкер болуда. Ғылымдардың өзара іштей сараланып, дамуы – түрлі ғылыми ілімдер саласының мазмұндық жағынан жаңа негіздегі білімдердің шығуы мен теориялық тұрғыдан дамуы және олардың іштей кіріктірілуі мен сұрыпталып өзара байланысуы арқылы пәнаралық байланыс орын алады. Бұндай құбылыс ғылымның іштей дамуына және ізденістерінің аумағын кеңейте отырып, орындайтын міндеттерінің нақтылануын жүйелеуге, әрі ғылымда белгілі болған деңгейлік көрсеткіштердің нақтылануына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде – қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-

математикалық, техникалық ғылымдардың және эстетикалық білім мен тәрбие беру саласындағы білімдердің өзара байланыста болып дамуына негіз болатыны анық.

Қазіргі қоғамымыздағы орын алып отырған әлеуметтік-саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-рухани саладағы үдемелі даму – мектепте берілетін білім мазмұнын түбегейлі өзгерте отырып, оның мазмұндық және құрылымдық жүйесінің жаңа сипатқа ие болуына алып келді. Ғылыми ілімдердің үдемелі дамуына байланысты білім беруде оқытылатын әр сала пәндерінің оқу материалдарын өзара байланыстыра жүзеге асыру басшылыққа алынуда. Бұл жеке пәндердің ерекшелігін ескере отырып, оған талдаулар жасауға және басқа пәнмен өзара іштей байланыстыру мәселесін анықтап, заңдылықтарын негіздеуге мүмкіндік береді. Бастауыштағы оқылатын пәндердің ортақ тақырыптық жүйемен берілуі – оқушыға берілетін білімдердің өзара байланысы негізінде дүниені танып-білу құбылыстарының өзара байланысын, оның заңдылықтарын ашуға негізделген. Пәнаралық байланыс ғылыми білімдердің ықпалдасу үдерісінің нығаюына, беки түсуіне алып келеді және дүниені танудағы ақиқат пен шындықтың өзегіне айналады.

Интеграциялық жүйенің орын алуы – барлық пәндердің мазмұндық құрылымындағы білімдер жүйесін топтастыру, жинақтау, біріктіру мен кіріктіру үдерісі бір ғана пән немесе оқулық түрінде орын алуы емес, берілетін білімдердің мазмұндық ортақтығы және олардың оқушы тұлғасын дамытуға қажетті және тиімді құрал ретінде қазіргі сұранысты қанағаттандыруы. Бұндай құбылыстың орын алуын философиялық тұрғыдан қарағанда, ғылыми ілімдердің негізделген бірлігін көрсете отырып, олардың дамуындағы тарихи қалыптасқан дербес бөліктерінің жойылып кетуін жоққа шығарады, яғни, ең алдымен жекелеген ғылымдардың сан ғасырлық бытыраңқылығын толық жоюға мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеулерді үйлестіріп, олардың бірлігін ғылыми жағынан негіздейтін әдіснамалық ортақтығын дәлелдейді. Яғни, қазіргі уақыттағы ғылыми танымның алдында тұрған келелі көкейкесті мәселелерді шешуге кешенді тұрғыдан келу – жалпы біртұтас ғылыми дүниенің бейнесін жасаумен сипатталады.

Қазіргі уақыттағы ғылымдарды интеграциялау барысында оларды жинақтау мен құрудың негізінде нысандық бағыттағы дүниетанымдық болмыстарының ұқсастығы ғана емес, олардың кейбір қасиеттері мен заңдылықтарының ортақ үйлесімділіктерінің бар болуы, ішкі және сыртқы құрылымдық жүйелерінің туыстық немесе жақындық мәселелері жатыр.

Б.М.Кедров «Жекелеген табиғи ғылымдар бұрынғы натурфилософиядан бөліне бастағаннан-ақ, осы бөлінуден оларды қандай да бір жүйеде ұстауға деген ұмтылыс туа бастайды» деп ғылыми тұрғыдан негізделген ой түйіндерін айтқан еді [42].

Ә.Мұханбетжанова өз зерттеулерінде «ғылымдардың қазіргі интеграциялану үдерістері кейбір құбылыстар бойынша барынша жоғары (пәнаралық байланыстар) дәрежеде өтуде, оларды дерексіздендірудің жалпы заңдылықтарын анықтау ретінде түсіндіруге болады», – деп негіздейді [43].

Ғалымның ғылыми пайымдауы бойынша ғылыми білімдердің интеграцияға түсуі – философиялық танымдағы дүниенің бірлігі туралы заңдылықтар мен қағидаларының өзара байланысты сақтауы және ғылыми білімдердің дүниені танудағы кешендік әрі, нақты жолы ретінде анықталуы.

Қазіргі ғылымдардың үдемелі даму үдерісі – мемлекеттік құрылымдардың өсіп-өркендеуіне өз ықпалын тигізуде. Ғылымды интеграциялау негізінде олардың дифференциялануы /сандық салалануы/ мен даралығының белең алуы, ғылыми танымдағы немесе олардың заңдылықтарын негіздейтін құбылыстарды қамту ой аумағының кеңеюі, ғылыми-техникалық саланың жаңашылдығына байланысты өмірлік тәжірибедегі көкейкесті мәселелер мен жаңаша міндеттердің туындауы, күрделілігі және көптүрлілігінің заманауи сипат алуына байланысты ғылымдарды интеграциялауды қажет етуде. Яғни, туындайтын көкейкесті мәселелерді қалыптасқан ғылыми әдіс-тәсілдермен зерттеп, қарастыру оң нәтижелерін бере алмайды, түрлі қиындықтарға соқтыруда. Бұл өз кезегінде ғылымдарды интеграциялаудың жаңа үлгісіне көшуді талап етеді.

Бұндағы мән беретін өзекті мәселелердің бірі – дифференциялануға /сандық салалануға/ көңіл бөлу. Себебі, зерттеу жүргізу барысында интеграциялық заңдылыққа аса мән берілмей, тек дифференциялануды /сандық салалануды/ басты бағытқа алу кері әсерлерін тигізгендігі анық. Мәселен, Б.П.Эрдниевтің «2000-жылдары барлық пәндер интеграциялануы тиіс» [44], – деуі, берілетін білімдердің сапалық деңгейінің төмендеуіне және кейбір туындаған көкейкесті мәселелердің шемімін табуда зерттеу жұмыстарында қолданылатын әдістердің мүмкіндіктерінің аумағының тарылуын көрсетеді.

В.А.Энгельгардт болса «интеграция – бұл мақсат емес, ол таңдалған жол», – деп негіздейді. Ғылымды интеграциялаудағы үйлесімді сәйкестік – білім мазмұндарының өзара сабақтастығында танымдық дүниені біртұтастық негізде түрлі заңдылықтар негізінде меңгертуге мән беру болып табылады. Бұл өз кезегінде дифференциялану /сандық салалану/ мен интерациялауды мақсатты бағыттау болып табылады, өмірдің заңдылықтары мен құбылыстарын тану бағытындағы ғылыми ізденістердің кешенді, әрі тура жолы ретінде қарастырылады. Дифференциялану /сандық салалану/ мен интеграциялау – зерттеу мен ойлаудың қарама-қарсы бағыттарын ішкі диалектикалық бірлікте үйлестіру арқылы қоршаған өмір шындығы мен дүниені танудың ақиқаттық жолы екендігін көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, адамзатқа тән таным дүниесінің екі бағыты немесе ағымы көрініс табады. Бірінші бағыты, қоршаған өмір дүниесінің бүтіндігі мен бірлігі және біртұтастығы болса, екіншіден, бүтін дүниенің /материалдық/ қозғалыстық заңдылықтары мен сан түрлі қасиеттері, көптүрлілігі бейнесіндегі жекелік сипаттағы құрылымдары мен нысандарын, жекелік заңдылықтарын танып білу. Бірінші бағыттық ағым – сұрыптау үдерісі, интеграциялық жүйедегі таным болса, екінші бағыттық ағым – дифференциялану /сандық салалану/ үдерісі мен мамандануды негіздейді. Дегенмен, ғылым мен ғылыми танымдағы дифференциялану /сандық салалану/

және интеграциялану үдерістері өзара бірліктің заңдылықтарына тәртіптік тұрғыдан бағынады [45].

Аталып отырған екі жағдайға мән берсек, онда алғашқы бағыттағы сұрыптау – ғылым дамуының бастапқы кезеңінде жетекшілік қызметке ие болу жағдайында орын алатын нәрсе. Интеграциялық үдеріс – бұл ғылым дифференциялануының /сандық салалануының/ ең жоғары деңгейіндегі жүзеге асатын құбылыс. Бұндай құбылыстың пайда болуы жаңа ғылыми пәндердің өмір тәжірибесінің енуіне алып келеді. Жаңа пәндердің пайда болуы ғылымды танудағы жүйесіздік пен шашыраңқылыққа алып келмейді және оны сипаттамайды, керісінше ғылымның жүйелі және жаңа деңгейден көріне отырып, талдануына әрі зерттелуіне себепші болатын құбылыс болып табылады. Пайда болған жаңа пәндер жүйесі интеграциялық үдерісте болып, түрлі ғылымдардың зерттелу нысандарын айқындап беруге негіз болады. Бұндағы ескерілетін жағдай - дифференциялану /сандық салалану/ үдерісі көпшілік жағдайда стихиялық көріністе болады. Қоршаған дүниенің заңдылықтары мен құбылыстарының қасиеттік қырларын бейнелейтін болмыстағы ақиқаттық пен шындықты танудағы зерттеулер нысандары сәйкес келетін, теориялық қағидалар мен әдіснамалық құралдар жүйесін анықтау барысында да стихиялық сипатта көрініс табатынын ескерген жөн. Яғни, интеграциялану арқылы жүргізілетін ғылыми таным өте күрделі құбылыс. Танымды жүзеге асыруда бағытты зерттеуді жүзеге асыратын әдіс түрлері мен олардың жүйесін сұрыптауды іске асыру мақсатында жеке ерекшеліктеріне сәйкес, түрліше ой-тұжырымдамаларды, көзқарастық ұстанымдар мен таным әдістерін, сондай-ақ, пәнаралық байланысқа жан-жақты, түрлі қырынан келуге ықпал жасайды. Танымдағы үдерісте болатын абстрациялық түсініктер негізінде теориялар мен келелі мәселелердің түйіндерін, шешімдерін табудағы мақсаттылық әрекеттерде теориялық және әдіснамалық құралдар жасауға негіз болады. Бұл түрлі ғылыми пәндердің мазмұндық құрылымындағы білімдердің жүйелік және сапалық жағынан өзара ықпалдасу мен кіріктірілу үдерісі ретінде басшылыққа алынатын философиялық көкейкесті мәселе болып табылады.

Білім беру бағытында жаңа пәндердің пайда болу жағдайы дифференциялану /сандық салалану/ үдерісіне ғана емес түрлі ғылым салаларының интеграциялануына алып келетінін көре аламыз. Ғылымның дифференциялануы /сандық салалануы/ қай кезде болмасын интеграциялану үдерісін жүзеге асырушы негізгі тетік ретінде, межеленген нәтижеге жеткізетін құрал қызметін атқарады.

Рудольф Урбанектің айтуынша, «ғылыми танымдағы интеграция үдерісі – дифференциялану /сандық салалану/ нәтижесінде ғылыми пәндердің өзара әсерлесу барысында жүзеге асырылатын сұрыптауды қамтамасыз ететін күрделі, түрлі зерттеу әдістердің жүргізілу заңдылықтарына сүйенетін, жаңаша тәсілдер мен амалдары, технологиялар кешені» [46].

Білім беру философиясы тұрғысынан келгенде, ғалымдардың алдында ғылыми білімдер сұрыпталуының теориялық және әдіснамалық құралдарын жасау міндеттері, әр ғылым жекелігінде пайдаланылуға енгізілген яғни,

жасанды жолмен түзілген зерттеу әдістерінің мәнін ашу, атқаратын қызметі мен қажеттілігін түсіндіру мәселелерінің орын алуының негізі – ғылыми білімдердің теориялық сұрыпталуы мәселесі тұр. Бұл ғылымдардың интеграциялануы мен дифференциялану /сандық салалану/ бағытындағы мәселемен тікелей байланысты. Бұнда түрлі ғылымдардың өзара ықпалдастық байланысы мен пәнаралық қатынастар ғана орын алмайды, сонымен бірге /эмпирикалық/ тәжірибелік материалдарды теориялық жағынан байланыстыру бағытындағы пәнішілік, оқу материалдарының мазмұндық жағынан кіріктірілуі тұрғысындағы ауқымды үдерістер жүзеге асырылады. Интеграциялануға қатысты атаулық ұғымдар, ғылыми негізделген теориялық қағидалар тәжірибелерде көрініс тапқан түрлі пәндердің өзара байланысу үдерісінің заман талабына сай іске асырылуын сипаттайды.

Адамзат өміріндегі ғылымның және оның білімдер жүйесінің пайда болуының негізі танымдық дүниені дамытудағы интеграциялық үдерістермен біртұтас байланыста болады, басқаша айтқанда, ғылымның өзін – интеграцияланудың табысы деп түсінуге болады. Ілгерілеу мен дамудың орын алуы және интеграциялық үдерістің себепшісі – қоғамдық құрылымдық жүйедегі өзгерістердің пайда болуы және оларды ғылымдардың интеграциялануы күйіне түсіретін себеп-салдар мен ықпал жасаушы жағдаяттар ретінде қарастыруымызға негіз болады.

«Интеграция – қандай да бір жекелеген элементердің біртұтас болып бірігуі, қандай да бір бірліктің қайта құрылуы» [47].

С.К.Сейітқалиев: «Қазақстандағы білім беру интеграциясының пайда болуы келесі факторларға байланысты: заңнамалық база жеткіліксіз және қарама-қайшылықтар болғанда, экономикадағы дағдарыстарда жүзеге асырылады, бірақ ол балалардың құқығын шектемейді» [48].

Ғылымдардың интеграциялану мәселесінің теориялық және тәжірибелік тұрғыдан шешу жолдарымен бірқатар отандық ғалымдар да айналысқан болатын. Мәселен, А.А.Бейсенбаева, А.Д.Болтаев, Н.А.Оразахынова – пәнаралық байланыс негізінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мәселелерін, А.Р.Бектеньярова, Р.К.Аббасова, Н.Жапанбаева, О.К.Шайхеслямова – жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үдерісіндегі интеграция мәселесінің педагогикалық негізін қарастырса, М.А.Абсатованың еңбектерінде интеграция идеясының қалыптасуы мен даму тарихы баяндалады, ал Ғ.К.Шолпанқұлова, Г.А.Меңдіғалиева жаңа үлгідегі мектептердің ғылым мен тәжірибе интеграциясының педагогикалық негізін, Ә.Мұханбетжанова бастауыш білім мазмұнын интеграциялау мәселесін зерттеу нысанына алған. Бұл еңбектер республикадағы қазіргі білім берудегі және педагогика ғылымындағы интеграция құбылысын ғылыми тәжірибелік тұрғыдан айқындауға бағытталған зерттеу жұмыстары болып табылады [49].

Зерттеушілерде ғылымдардың интеграциялануы және ондағы орын алатын пәнаралық байланыс жөніндегі мәселелерге, жаңа қызметтік қырларын көрсететін анықтамаларға басқа тұрғыдан келу байқалады. Ғалымдар

интеграциялану үдерісін пәнаралық, ғылымаралық ұғымдардың дидактикалық баламасы ретінде түсіндіреді.

Бүгінгі біздің қоғамның еуропалық білім беру үдерісімен ықпалдасу жағдайы мен ғылыми білімдердің, технологиялардың озық үлгілерін терең игеру үдерісінде мектептегі білім беру бағдарламаларының жаңа сипатқа ие болуы – білім беруде түрлі ғылым салаларының өзара байланысын интеграцияланудың жаңа дәрежесі ретінде көрініс табуын талап етіп отыр.

Осыған орай, ғылымдардың интеграциялануының негізінде пәнаралық байланыстың философиялық, психологиялық, жалпы ғылымдық және арнайы дидактикалық негіздері арнайы қарастырылуда. Пәнаралық байланыстың философиялық негізінде дүниедегі барлық заттың, құбылыстардың бір-бірімен өзара байланысы туралы тұжырымдалған әлем, қоршаған орта т.б. білімдердің де өзара байланысты болатыны заңдылық болып табылады және ықпалдасу арқылы адамның біртұтастық таным дүниесінің дамуына ықпал жасайды. Яғни, объективті дүние белгілі заңдылықпен ұйымдасқан жүйе болғандықтан, оны танып білуде де ғылымдар арасындағы интеграциялық үдеріс қажет.

Жалпы білім беретін оқу пәндері әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен болар, бір-бірінен өз алдына дербестеніп немесе алшақтанып кетпейді. Сондықтан ғылымның міндеті – өзара байланыстылықты танып-білу. Бұл оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға негіз болатын табиғаттың, қоғамның, адам ойының даму заңдылығын диалектикалық және тарихи дүниетаным негізінде қабылдап, теориялық танымдық біліммен қаруландыратын құрал және адамның танымдық дамуына өзек болатын күрделі құбылысты ұйымдастыру мен жүзеге асыру жолы болып табылады.

П.Ф.Федосов интеграцияны ғылыми танымның әдіснамалық негізінің жалпылығы және оның әрдайым, үздіксіз даму үстіндегі органикалық сұрыпталуы деп дәлелдейді [50].

М.Г.Чепиков интеграцияны – ғылым мен ғылыми білімдердің өзара қарқынды, әсерлі байланысы, жалпы идеялардың, әдістер мен тәсілдердің және құрылымдық мазмұндарының кеңінен қолданылуы арасындағы олардың өзара ықпалды әсер етулері, қоршаған дүние шындығын танудағы ақиқаттыққа жету барысындағы зерттеу: белгілі бір қалыптасқан, үнемі жетіліп отыратын таным нысандарын және оны айқындау негізінде білімді баянды ету деген [51].

«Интеграциялану» атаулық ұғымына Б.М.Кедровтың берген теориялық анықтамасы: «интегративтілік – қазіргі ғылымның маңызды белгісі: бұл оның жаңаша ұйымдасуын ғана көрсетпейді, сонымен бірге, ішкі мазмұнын, жаңа зерттеу пәнін және оның барлық қырларын, өзара іштей байланыстары негізінде бір уақытта біртұтас беріктікті көрсететін басты шарттың бірі болып табылады» – деп түсіндіреді [52].

Интеграция ұғымының мазмұнын «бір объектіні зерттеуге қолданылатын әдістердің, қағидалар мен идеялардың мүлдем басқа объектілерді зерттеу үшін қажетті және тиімді болатын әртүрлі ғылымдармен байланысы», – деп И.Г. Герасимов түсіндіреді [53].

«Түрлі білімдер жүйесіндегі біртектілік негізіндегі зерттеушілік міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асырудағы бірыңғай әдістер жүйесін таңдауды көздейтін ғылымдардың өзара ықпалдасу әсерінің нысанын қарастыруды интеграциялық үдеріс деп түсінуіміз керек», – дейді Рудольф Урбанек /чех философы/.

В.А.Энгельгардт интеграция ұғымдық атауын ашуды үш құрам тұрғысынан түсіндіреді.

Біріншіден, бұл түрлі ғылымдардың дүниені тану бейнесіндегі ұқсастық немесе жақындық бөліктерінің арасындағы өзара ықпалды байланыстың орын алуы.

Екіншіден, танымды танудағы біртұтастық бейне құрамына енуде кейбір бөліктердің өзіне тән қасиеттерінен айырылуы.

Үшіншіден, ғылымды интеграциялау негізіндегі пәнаралық байланыстар арқылы дүниені танудағы білімдер топтамасы арқылы біртұтастық жүйеде пайда болған жаңаша құрама бөліктер мен оның қасиеттерін тәртіпке келтіру, кеңістік пен танымдық әрекеттер жағдайында өзара байланыстығын ашу деп пайымдайды.

Интеграция белгілі бір жүйенің қозғалыс және даму үдерісі болып табылады. Онда құрамдық бөліктердің өзара ықпалдасу жағдайы орын алады, олардың өзара байланысы артады, бір-бірімен салыстырмалы жүретін жеке ерекшеліктеріне тән қасиеттер жойылады. Бұндай құбылыстың орын алуы - өзара әсерлесу мен ықпалдасудың жаңа деңгейіне көтеріліп, бұл жүйеде бұрын болмаған жаңа нысандардың пайда болуына алып келеді. Жаңаша әсерлесу мен ықпалдасудың негізінде заңдылық деп аталатын маңыздылық пен мәндікті көрсететін қажетті байланыс жатады. Интеграциялану үдерісінің дамуы өзге немесе басқа бөліктер мен қасиеттердің және құрамалық бөліктер мен бөлшектердің біртұтастыққа бірігу қызметін де атқарады.

А.А.Бейсенбаева өзінің ғылыми диссертациялық жұмысында: «ғылымдар интеграциясы дегеніміз – бұл екі ғылыми элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі», – деген анықтамасын береді [54].

Яғни, интеграциялық үдерістің жеке даралығы ғана емес, олардың топтасу, тоғысу, өзара ықпалдасулары мен байланыстарын зерттеу оң нәтиже береді деп тұжырымдауға негіз болады. Біз зерттеуімізде адамға берілетін жаңаша білімдердің мазмұндық нысандары мен әдістерінің жаңа құбылыстық үдерістерге тән бейімделуі мен сипат алуын интеграциялану құбылысының мәнді және маңызды белгілері деп атай аламыз. Ю.С.Тюниковтың ғылыми көзқарасында интеграциялану үдерістерінің бес белгісі аталады:

1. Интеграция бұрын әртүрлі элементтердің өзара әсерлесу негізінде құрылады.

2. Интеграция өзара әсерлесуші элементтердің сапалық және сандық өзгерістерімен байланысты болады.

3. Интегративтік үдерістің өзіндік логикалық-мазмұндық негізінің болуы.

4. Интегративтік үдерістің өзіндік құрылымының жасалуы.

5. Интегративтік үдерістің педагогикалық бағыттылығы және салыстырмалы даралығы» [55].

К.П.Королева интеграциялық үдерістер шарттарын үш бөлікке бөліп қарастырған болатын:

1. Әр ғылымның өзіне тән тәуелсіз құрылымдары арасында өзара байланысқа ие болуы негізінде біртұтастық жүйенің пайда болуы.

2. Түрлі құрылымдар арасында жаңа тұрғыдағы байланыстардың орын алуы.

3. Бұрыннан бар болған құрылымдық құрамалар арасындағы байланыстардың күшеюі, яғни, жаңа деңгейге ие болуы [56].

Ғылымдардың өзара байланысуы арқылы интегративтілік үдерісі орын алады да, оның заңдылықтарын тануда құрылымдық, байланыстылық және олардың мән-мағынасын ашуға бағытталған атаулық ұғымдар (терминдер) қолданылады. Бұлар интегративтілік үдерістің жүйелік сипаттарын негіздей отырып, оған тән белгілі бір қырлары мен заңдылықтарын және логикалық тәртіптілігін анықтап көрсетуі керек. Яғни, ғылымдардың интеграциялану үдерісінің орын алуы деген түсінікті оның математикалануы деп қабылдауымыз қажет. Себебі, бастауыш білім беру кезеңінде оқушылардың қоршаған ортаны тану үдерістері математикалық қарапайым тәсілде орын алады. Мәселен, бастауыш сынып оқушысының әлемді ғылыми тұрғыдан тану жолдары салыстырмалы түрде болып, математикалық логика жүйесіне бағынады және жүреді. Яғни, қарапайым танымнан ғылыми танымға өту жолы орын алады. Қазіргі білім беру жүйесінде әлемнің біртұтастығын тануда кешенді білімдердің маңызды орынға ие болуы – пәнаралық байланыстың болуын талап етеді.

Болгар педагогы И.Марев - Я.А.Коменскийдің «Ұлы дидактика» еңбегіне талдаулар жасай келе, «Білім беру мен оқыту /дидактика/ саласында интеграцияның ғылыми көрініс табуы педагогика ғылымының өсіп-өркендеуі мен дамуының негізі болды және білім берудің тарихында алғаш рет интеграциялық үдерістің пайда болуы мен оған тән классикалық дидактикада ұғымдық түсінік беріле отырып, оның мәні жағынан теориялық қағидалардың орын алуына себеп болды», – деп, түйіндейді [57].

Бастауыш сыныптардың педагогикалық үдерістерін ұйымдастыруда оларға қажетті білімді беру арқылы оқушылардың қоршаған орта мен әлемді ғылыми тұрғыдан тану негізіндегі дүниетанымдарын дамыту – дидактикалық зерттеулердің өзекті және мақсатты бағытталған нысаны ретінде мәнге ие. Дидактика – педагогика ғылымының білім беру мен оқытудың жалпы теориялық саласы ретінде оқылатын пәндердің мазмұнына енетін оқу материалдарының білімділік деңгейі /сыныптар бойынша және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру заңдылықтарына сүйене отырып/ мен оны ұйымдастыру формалары, заңдылықтары мен принциптері, оқыту түрлері, білім мазмұнын оқыту әдістерін анықтап алғаннан кейін оқушы тұлғасының дамуына ықпал жасай алады.

Қазақтың ғалым-психологы Ж.Аймауытов бастауыш сынып оқушыларына білім беру мен оқытудың жолдарын қарастыру барысында педагогика ғылымының негізгі бөліктерінің бірі – дидактика мәселесіне ерекше көңіл бөліп, қарастырған болатын. Мәселен, «Баланы оқытудың ережелерін, заңдарын баяндайтын, оқытудың дұрыс жүйесін таңдап, білімді тез меңгеру жолдарын көрсететін педагогиканың саласы – дидактика», – деп, қазақ тілінде алғашқы болып анықтама берген ғалым болды. Ж.Аймауытов білім беру мен оқытуда пәнаралық байланысты басшылыққа алу қажет екендігін айтады. Бірақ, жеке пәндердің оқу материалдарындағы білім мазмұндарын қалай болса, солай араластыра беру болмайтындығына да мән беру керектігін ескертеді. Пәнаралық байланысты жүзеге асыруда ортақ тақырыптардың болуын және осы негізде іске асыру мен білім беру тиімді нәтиже беретіндігіне баса назар аударған. Ғалым-психологтың негіздеуі бойынша, пәнаралық байланыстағы білім берудің негізгі пәні ретінде ана тілі басшылыққа алынады, себебі оқушының ғылыми дүниетанымын дамытуға ұсынылатын немесе оқылатын оқу материалдары бала-оқушының өмір табиғатына жақын болуы маңызды болатынын түсіндіре келе, «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл дүниеге, өзгенің және өзінің өміріне саналы көзімен қарай білсе, міне, білім берудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетіліп, толысуына берік негіз салуы керек. Адамның тәрбие әлемінде тілдің орны ерекше: адам ойы тіл арқылы бейнеленеді, демек, тілді үйрену, терең меңгеру арқылы кемелдендіреді, әр халықтың дүние тануы тілінен көрінеді. Жат жұрттың тілін үйренумен бірге адам сол жұрттың рухани дүниесімен таныс болады. Бөгде жұрттың дүниеге көзқарасын, өзге сыр-сипаттарын білу ақылды байытады. Жат пікірді білу – жат пікір, жат сезім, жат ым дариясына жүзумен тең... . Оқылатын пәндердің бәрін бірдей керекті, бәрін қаусырып орап алатын пән – ана тілі екендігі даусыз. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай өзге пәндерді түсіну мүмкін емес...» – деуі, ана тілі арқылы меңгерген білімдері арқылы оқушы жеке ғылымдарда кездесетін ұғымдардың мәнін түсінеді, сырын ашады, түрлі ғылымнан білім беретін оқу пәндерінің материалдарына терең бойлай отырып ойланады, дамиды, өздігінен логикалық құрылым жасай алады, оларды толық меңгеруде ана тілі пәнінің өзек болатындығын дәлелдейді [58].

Уақыт өте келе, педагогика ғылымының бағытында пәнаралық байланысқа ерекше мән беріліп, көптеген зерттеуші ғалымдар интеграцияны дидактиканың принциптерінің бірі ретінде қарастырып, түсіндіруді де басшылыққа алған болатын. Ондағы ғылыми негіздегі ой-тұжырымдамалар: «Пәнаралық байланыс оқу үдерісінің нақты шындықтың байланысын көрсете отырып, объективті дүние заңдылығын көрсету және өзінің философиялық мазмұны, әдісі мен нысанын анықтайды... Сондықтан да пәнаралық байланысты кеңестік педагогика (дидактиканың) принциптерінің бірі деп есептеуге толық негіз бар» [59].

Пәнаралық байланыстың өзіне тән сипат алуына дидактикалық принцип ретінде қаралуы ықпал жасады. Дидактикалық принциптерге тән ортақ ерекшеліктері: білім беру үдерісіне жалпылық тұрғыдан әсер етуді басшылыққа

алса, онда жеке пәндік және пәнаралық өзара байланыстың мазмұндық мәні түрленеді, қалыптасқан пәнаралық байланыстарда пәндердің топтастырылуы мен шоғырлануында жеке пәндік оқу материалдарының ерекшеліктеріне сай білім беруді жүзеге асыруда тек жанама ықпал жасаушы сипатта болады. Дидактикалық принцип ретінде қаралуы – педагогикалық барыстарда оқу үдерісінің біртұтастығын құруға пәнаралық жүйенің ықпалы – пәндердің топтасуы мен шоғырлануын жоққа шығару емес, осы арқылы оқу материалдарын үйлесімдігін және сапалық деңгейін көтерудегі – ұласымдылық пен сабақтастық тұрғысындағы ғылыми түсініктердің орын алатындығы.

Жоғарыда баяндалғандай, ғылымдардың интеграциялану негізіндегі құбылыстар – түрлі ғылым негіздерінен білім беретін пәндердің оқу материалдарының өзара байланысын іске асыру жолдарына алып келеді, яғни, пәнаралық байланысты жүзеге асырады. Қазақстандық білім берудің жаңартылған бағдарламасындағы әсіресе, бастауыш сыныптардағы оқыту және оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтардың бірі – ол пәнаралық байланысты «ортақ тақырыптар» негізінде жүзеге асыру болып табылады. Бастауыш сыныптарда «ортақ тақырыптар» негізінде түрлі пәндерді байланыстырудың басты мақсат-міндеттері – оқушылардың қоршаған орта жөніндегі дүниетанымын ғылыми тұрғыдан дамытуда берілетін білімдер жүйесін жеке-жеке, шашыраңқылықта емес, жүйелеп береді, яғни, оқушылардың танымдық дамуына кешендік білімдер жүйесі арқылы ықпал жасау болып табылады.

В.В.Богословский «Табиғатқа деген көзқарастың жиынтығы, жеке адамның дүниетанымдық-қоғамдық өмірдің әр түрлі қырларына және жеке тұлғаға деген қарым-қатынасы, қоғамдық тұрмыс оның дүниетанымының қалыптасуына көп әсер етеді. Бұл, әсер адамдардың шынайы қарым-қатынасында, олардың қоршаған ортадағы іс-әрекетінде айқын көрінеді», – дей келе, «ғылымилық, жүйелілік және тұтастық, логикалық, бірізділік және дәйектілік, жалпылық, нақтылық іс-әрекет сақтану ережелерін орындау арқылы қоршаған ортадағы табиғат құбылыстарымен байланысы айқындалады», – деп білім берудегі пәнаралық байланыстың психологиялық негізін ашты [60].

Бұл тұрғыда тұжырым жасауы – жеке дамуға қоршаған орта ықпалдастық заңы негізінде өзара байланыста және біртұтастық жүйеде әсер ететінін негіздейді. Бұл өз кезегінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын дамытуда білім беруді пәнаралық байланыстар жүйесімен іске асыру қажеттігін дәлелдей түседі. Бастауыш білім беру кезеңінде пәнаралық байланыстар негізінде білім беру мен оқытуды іске асыру - оқушының танымдық іс-әрекетін мұғалімдер тарапынан жүйелі ұйымдастыру болып табылады, яғни, педагогикалық үдерісті ғылыми және шығармашылық негізде басқару деп тануға болады. Ал, оқушының танымдық ой-өрісінің қалыпты дамуын бақылау мен бағалау, яғни, игерген білім нәтижелерінің қорытындысы оқушы мен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынастар арқылы көрініс табатыны анық. Оқушы тұлғасының дамуында қоршаған орта заңдылықтарын ақиқаттық шындық тұрғысынан танып, білуіндегі білімдер жүйесі математика,

жаратылыстану, т.б. пәндер негізінде берілсе, эстетикалық тәрбиемен қаруландыруды білім беру – бейнелеу өнері, дене тәрбиесі, музыка, көркем еңбек т.б. пәндер жүйесі атқарса, әдебиеттік оқу, қазақ тілі, дүниетану, т.б. пәндер топтамасы оқушылардың игерген ғылыми білімдерінің теориялық, тәжірибелік және олардың тарихи даму жолындағы жүйелілік дүниесін аша отырып, оқушылардың тұлғалық болмысының дамуына кешенді тұрғыдан ықпал жасап, өз қызметтерін атқарады. Бастауыш сыныптардағы «ортақ тақырыптар» жүйесімен білімдердің берілуі – оқушылардың ғылыми танымдық жүйесіне кешендік ықпал жасауды жүзеге асыра отырып, дамудың логикалық бірізділік пен сабақтастық тұрғыдағы ұласымдылықты жүзеге асыру.

Қазақ педагогы М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» деген еңбегінде балаларда сұлулық сезімдерін қалыптастыру жөнінде былай жазады: «Баланың маңайында сөйленетін сөздер әдепті, сұлу болуға тиісті. Баланы сұлу искусствомен терең таныстыру керек. Бала неше түрлі сұлу үндерді естісін, неше түрлі сұлу түрлерді, түстерді көрсін, сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттасын. Түрлі музыка құралдарының үндерін тыңдасын, сурет салып үйренсін. Ән салып, музыка құралдарында ойнап үйренсін. Міне, осыларды істесе, баланың сұлулық сезімдері өркендейді» – деп, пәнаралық байланыстың бастауыш сынып оқушылары үшін қаншалықты керек екендігін негіздеп берген [61].

Бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшелігі – ғылымның, мәдениеттің, дүниені ақиқаттық пен шындық тұрғысынан танудағы ғылыми танымдық үдерісінің жаңа сапалық деңгейімен қатар, ғылыми техниканың қарқынды даму деңгейіне сәйкес келуін талап ететіні. Білім беру мазмұнының бағыты ғылымдардың өзара байланысқан жүйесін басшылыққа ала отырып, қоғамдық өндіріс пен әлеуметтік сана дамуының жаңаруына тікелей ықпал жасайды, ал бұндай құбылыстың бастау өзегі болатын саты – бастауыш білім беру жүйесі. Осы негізде қоғамдағы мәдени және әлеуметтік сана мен экономикалық дамудың негізінде білім беру жүйесінің жаңару сипатының орын алуы бастауыш білім беру кезеңіндегі оқыту үдерістерінде пәнаралық байланыстың ерекше педагогикалық сипат пен мәнге ие болуына алып келді.

Пәнаралық байланыс – түрлі пәндердің оқу материалдары арасындағы өзара байланыстылығында, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес берілетін білім мазмұнының жүйесін анықтау шарты және білім беру мен оқыту әрі оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың талабы болып табылады. Педагогикалық үдерісте бұндай құбылыстың орын алуы – оқушы үшін қоршаған ортаның немесе әлемнің біртұтастық бейнесі мен бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер арқылы дүниетанымдық жүйесінің қалыптасуының шарттары мен міндеттерін жүзеге асыру болып табылады. Оқу пәндерінің құрылымдық жүйесіне енетін оқу материалдарының топтамалық жүйесі табиғат, қоғам және адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас жөніндегі білімдер мазмұнының біртұтастығы. Яғни, пәнаралық байланыс оқушылардың танымдық үдерісінде әлемге, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарастық қызметінің қалыптасу мен дамуында маңызды және шешуші орынға ие болады.

Дүниетану – объективтік әлемге және ондағы орнына, жалпыланған көзқарасқа, адамдардың қоршаған шындыққа және өз-өзіне қатынасына, сонымен қатар осы көзқарастар негізінде және шартты анықталған олардың сенімдері, мұраттары, іс-әрекеттері мен таным принциптерінің жүйесі. Дүниетану негіздерінде әлемді түсіну жатады, яғни әлем жайлы анықталған білімдердің жиынтығы.

Дүниеге көзқарас – адамдар, жеке адам іс-әрекетіне терең әсер ететін әлем және оның даму заңдылықтары жөнінде, табиғат және қоғам құбылыстары мен барыстары жөнінде біртұтас тиянақты көзқарастар жүйесі. Дүниеге көзқарастың негізі, тұтастай алғанда, қоғамның көп қырлы материалдық өмірі, қоғамдық болмыс болып табылады. Дүниеге көзқарас – тұлға, әлеуметтік топ, қоғам мүдделері мен құндылықтары жүйесінде көрінетін табиғат, қоғам, адам, жөнінде білімдер жиынтығы [62].

В.С.Мухина «Оқушының қоршаған дүниеге көзқарасы, оның қасиеттері мен өзге адамдар арасында алатын орнымен, үлкендер тарапынан болатын үміт және әсер ету жүйесімен анықталады. Оқушының жеке басының дамуының екі жағы бар – оның бірінші жағы оқушының қоршаған дүниені біртіндеп біліп, өзінің одан алатын орнын түсіне бастауы, осыдан мінез-құлық мотивтерінің жаңа типтері пайда болады, соның әсерінен оқушы белгілі бір қылық көрсетеді. Екінші жағы – сезім мен еріктің дамуы. Олар осы мотивтердің ықпалдылығын, мінез-құлықтың тұрақтылығын және оның сыртқы жағдайлардың өзгерістеріне тәуелділігін қамтамасыз етеді» – деген ой атады [63].

Психологтардың негіздеуінше, баланың және кейін оқушының – әлемді түсінуі жас кезінен басталып бүкіл өмір бойы жалғасады. Оқушыға көмек көрсету отбасы мен мектептің міндеті. Олардың табиғат құбылыстарын түсіну деңгейі, тереңдігі, дүниетанымдық ұстанымын, оқушылардың ізденгіш ойын үлкендердің қалай және қайда бағыттауына байланысты болады. Психологтардың бұндай ғылыми негіздегі пікірлері бүгінгі таңдағы бала дамуының заңдылықтарына баса мән бере отырып, қоршаған дүниемен таныстыруды бастауыш білім беру кезеңінен бастап жүргізу керек және де үлкендердің дұрыс ұйымдастырған жұмыстарына байланысты деп негіздейміз.

Ғылымдарды интеграциялау негізінде берілетін білімдерді пәнаралық байланыстар негізінде жүзеге асыруда танымға қатысушының /оқушының, шәкірттің, білімгердің немесе өзін-өзі жетілдіруге күш салатын жеке адамның/ физиологиялық, психологиялық негізінің нәтижесі ретінде білімдер жүйесінің санада орналасуы адамның үнемі алға ұмтылушылығына жағдай туғызады да, оның шығармашылық іс-әрекетіне дайын бола алатындығын дәлелдейді.

Пәнаралық байланыстың педагогикалық үдерістегі негізі – ғылыми әдебиеттерде пәнаралық байланыстың дидактикалық негізіне оқу пәндері алынған. Ғылымдардың жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, эстетикалық тәрбие мен білім беретін және инженерлік-техникалық болып топтастырылуы, олардың зерттейтін объектілерінің ортақтылығында, пәндік қатынастардың бірлігіне негізделген. Олар қоғам, табиғат, еңбек салалары бойынша біріктіріледі де, әр пән ішінде білім

іскерліктеріне арналған материал және оқушылардың жалпы таным объектілері бір жүйеге келтіріледі.

М.Жұмабаев «Бала тұрмыспен көзбе-көз таныссын оның есінде, жанында көп білім болсын, жан-жануардың тұрмысын бақыласын, жаратылыстың тұрмысымен таныс болсын. Міне, сонда баланың қиялы өткір һәм бала болмақ», – деп, ой топшылауында оқушы дүниетанымының дамуына негізделген білімдер жүйесі әр пәннен байланыса отырып, кешенді түрде жүзеге асырылу қажеттілігін айтқан болатын [61].

Қазіргі кезеңдегі интеграцияланудың мазмұны мемлекеттер мен қоғамдық құрылымдар және ғылымдар аралық, т.б. біздің өмірімізде кеңінен орын алып отырғандығы анық. Әсіресе, жалпы ғылыми танымдық үдерісті жүзеге асыруда ғылымдардың ықпалдастығы немесе ғылым негіздерін беретін пәндердің мазмұндық құрылымын өзара байланыстыру яғни, пәнаралық байланысты жүзеге асыру жолдары кең орын алуда. Бұл бізді қоршаған ортаны тұтастық тұрғыдан тануға және жеке адамдардың танымдық болмысын жүйелеуге көмектесетіні анық. Оқу үдерісінің барысында бастауыш сынып оқушылары танымдық, тәжірибелік мақсатты-бағдарлы іс-әрекеттермен шұғылданады. Осы іс-әрекеттердің нәтижесінде оқушыда пәнаралық байланыс іскерлігі қалыптасады. А.А.Бейсенбаева пәнаралық іскерліктің ұғымын былай тұжырымдайды: «Пәнаралық іскерлік оқушылардың бір пәннен меңгерген білім, іскерлік, ептілік, дағдыларын екінші пәндерді меңгеруде пайдалана, қолдана білу қабілетін анықтайды» [64].

Бұл пәнаралық іскерлік бастауыш сынып оқушыларында орта, ал жоғарғы сынып оқушыларымен салыстырғанда өзінше қалыптасып дамиды. Яғни, пәнаралық іскерлік бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес және олардың өзіндік даму сипатына орай жасалынады. Мәселен, философтар, қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, эстетикалық білім мен тәрбие беру бағыты саласымен айналысатын ғалымдар мен педагог-психологтар және жеке пән әдіскерлері бірлесе отырып ғылыми еңбектер жазып, қарастырған және замануи талаптарға негізделген білім беру мазмұнындағы ерекшеліктерге негізделген жаңаша көзқарастағы озық ойлы пікірлерін айтуда. Пәнаралық байланысты жүзеге асырудың өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары мәселесінде психологиялық, педагогикалық пәндерді топтастырудың құрылымдық жүйесіндегі әдіснамалық қызметінде қарастырған. Пәндерге ортақ мәліметтерге, түсініктер, идеялар, іскерліктер мен дағдыларға орай қалыптастырылуы қажет. Сондай-ақ пәнаралық байланыстар кең танымдыққа бағыттайтын жан-жақтылық сипатта болады. Өйткені, олардың қызметі мен ықпалы барлық пәндерге жалпы, ортақ, оқушылардың танымдық болмысын тұтастық ғылыми тұрғыдан дамыту болып келеді.

Бізге дейінгі зерттеушілердің ғылыми ой-тұжырымдамаларына сүйене отырып, өз тарапымыздан төмендегідей қорытынды жасаймыз: «Ғылымдарды интеграциялау дегеніміз – заман және қоғам дамуындағы өзгерістерді адам танымының дүниесінде екі немесе одан да көп ғылымдар топтамасының бөлімдері, құрылымдары мен қасиеттері және заңдылықтарының өзара

ықпалдаса отырып, жаңаша бейнеленуінің пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асыра отырып, адам капиталын дамытатын құралдардың бірі және өзегі болып табылатын, жаңаша ғылыми айналымға түсетін құбылыс» деп түсіндіреміз /Саурықова Ж.М./ [65].

Қорытындылай келе, бастауыш білім беру кезеңінде пәнаралық байланысты жүзеге асыруды қарастырып өттік. Біріншіден, ғылымдардың интеграциялануы негізінде пәнаралық байланыстың туындауы ғылыми заңдылық. Екіншіден, педагогикалық үдерісте пәнаралық байланыстар негізінде білім беруді жүзеге асыру барысында оқушылардың танымдық болмысының дамуына кешенді түрде ықпал ету арқылы дүниені тұтастай тануды қарастыратындығы және олардың өзара ішкі байланыстағы заңдылықтарын сақтай отырып, тізбектеліп берілуі, үшіншіден, оқушының танымдық болмысының дамуындағы сана, ақыл-ой жүйесінің қызметтерін психология ғылымының заңдылықтарына бағынатын күрделі үдеріс ретінде қарастыра келіп, оның мәнін ашу, төртіншіден, пәнаралық байланыстар негізінде оқушының тұлғалық болмысының даму деңгейінің көрсеткіштерінің бірі ретінде тілдік қарым-қатынастың орын алуы – мұғалім мен оқушы арасындағы байланыстың білімдердің берік бекуінің негізі екендігіне мән беру. Бұл негіздемелеріміздің барлығы бастауыш білім беру кезеңінің өзіндік ерекшеліктері мен ондағы пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы дидактикалық заңдылықтарды басшылыққа алу қажеттігін негіздейді. Бұдан пәнаралық байланыстың негізгі міндеттерінің бірі дидактикалық мәселенің білім беру мен оқыту және оқу үдерісінің дамытушылық сипатының арасындағы байланысты аша қарастыруға мән беру керектігіне бағыттайды.

Оқушылардың жеке тұлғалық болмысын тәрбиелеуде – әлемді немесе қоршаған ортаның бейнесін тұтастықта қабылдауы, олардың білімін жүйелеу, пәнаралық байланыстар тұрғысынан білім беру арқылы ең маңыздысы – ой бағытын сатылық құрылымда байланыстыру заңдылық. Бастауыш сынып оқушыларына дүниенің біртұтастық ғылыми ұғымын бейнелік тұрғыдан қалыптастыра отырып, жүзеге асыру қажет. Себебі, оқушылардың әлемге, қоршаған ортаға деген дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру мен дамытуда орын алатын қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды оңтайлы шешуге мүмкіндік береді.

Осы негізден пәнаралық байланыстың маңызына мыналар жатады:

1. Оқу пәндері арасындағы өзара байланыстың болуы – ғылымдар негізін меңгерудің және білім жүйесінің дамуының қажетті шарты.

2. Дүниені ақиқаттық және шындық тұрғысынан танудағы танымдық көзқарастың қалыптасуы білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерінің байланысын талап етеді.

3. Пәнаралық байланыс жан-жақты тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын кешенді жүзеге асыруға ықпал жасайды.

4. Пәнаралық байланыс педагогикалық еңбектің ғылыми негізінде тиімді ұйымдастырылуына көмектеседі.

5. Педагогикалық ұжымның барлық іс-әрекетінің бір-бірімен келісімді және демократиялық негіздегі қарым-қатынасына әсер етеді.

Пәнаралық байланысты жүзеге асыруда білім алушыға танымдық үдерісті ұйымдастыруға кешенді келуді және нақтылы міндетті оқу-тәрбие барыстары арқылы өзіндік заңдылықтары мен қағидаларына сүйене отырып, жүзеге асыруды қажет етеді. Пәнаралық байланыс оқытудың мазмұны, әдістері, оқытудың ұйымдастыру түрлерімен ғана шектелмейді. Ол оқушы мен мұғалімнің оқу-танымдық іс-әрекетінің бір бөлігі болып саналады [66].

Бастауыш сыныптардағы білім беру мен оқыту, оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы оқушылардың тәрбиелік және ғылыми танымдық түсініктерін дамыту мен дүниетанымдық көқарастарын қалыптастырудағы теориялық және өмірлік тәжірибелік әрекеттерді үйлестіруде пәнаралық байланыстың басым бағыттарын көрсетсек:

- оқушылардың педагогикалық үдерістегі орын алатын пәнаралық байланысты түсінуін, саналы қабылдауын, ғылыми дүниетанымдық жұмыстарында белсенділіктерін арттыруға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру мен жүргізу;

- әртүрлі оқу пәндерін оқыту барысында ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістің нәтижесінде оқушылардың жеке ғылыми дүниетанымдық болмысын тәрбиелеу мен өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға ықпал жасау мүмкіндіктерін анықтау мақсатында пәндердің оқу материалдарының мазмұндық жүйесінің өзара байланысын орнату, жүзеге асыру жұмыстарында жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұнына талдау жасау және мектеп мұғалімдерінің пәнаралық байланыстың тәжірибелік қызметін басшылыққа алып, пайдалану;

- пәнаралық байланыстар негізінде берілетін ғылыми білімдердің берік болуының тағы бір қыры ол – мектептен және сыныптан тыс жұмыстарында да жүзеге асырылуы тиіс. Өйткені, жаңашыл әдістер мен озық тәжірибелерді жинақтау мен теориялық білімдерді өмірлік тәжірибемен ұштастыра пайдалануға алып келеді;

- оқушыларға пәнаралық негізінде берілетін білімдер жүйесі мен олардың ғылыми дүниетанымын тәрбиелеуді жүзеге асыратын жұмыстарға яғни, педагогикалық үдерістерді ұйымдастыруға мұғалімдердің дайындық деңгейін білу.

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғалық дамуы жалпы жағдайларға икемделіп, білім беру кеңістігіне бейімделуі керек. Осы бейімдеу үдерісінде оқушының танымдық дүниесінің қалыптасуы мен дамуы – бұл пәнаралық байланыстағы білім берудің міндеті. Екінші жағынан, білім берудің әдістемелік, материалдық, ақпараттық аспектілерін құраушылардың барлық заңдылықтарды ескеруі және оқушылардың кешенді тұрғыда берілетін білімдерді игеруге икемделуі тиіс, яғни, бұл бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық үдерісті ғылыми негізде ұйымдастыра білу шеберлігіне тәуелді болмақ.

Бастауыш білім беру кезеңіндегі оқытуда оқушылардың білім, білік, дағдыларын дамыту жұмыстарының бағытында пәнаралық байланыстар маңызды мәнге ие болатындығын төмендегідей көріністер дәйектейді:

- пәнаралық байланыс әр түрлі оқу пәндерінің бір-бірімен өзара ішкі заңдылықта әсерлесулері негізінде дамуына ықпал жасайды және оқушылардың ғылыми дүниетанымдық болмысының ауқымын кеңейтеді, олардың танымдық жолдағы белсенді іс-әрекеттеріне өзек болады;

- оқу материалдарындағы берілетін білім мазмұнындағы барлық құрамалық бөліктердің өзара байланыста болуы – бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғалық дамуына, ғылыми-танымдық дүниесінің қалыптасуына оң ықпалын тигізеді;

- пәнаралық байланыс бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық үдерістерді оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ғылыми негізде ұйымдастыруға және өткізуге ұйтқы болады;

- пәнаралық байланыстар бастауыш сыныптарда оқытылатын оқу пәндерінің аясындағы атаулық-ұғымдар мен жетекші идеялық қағидалар, деректер, т.б. ортақ тақырыптар жүйесімен беріле отырып, ғылыми таным әдіс-тәсілдерінің өзара байланысын орнатады және дидактикалық талаптар тұрғысынан оқушылардың дамуына, өзіндік көзқарастарының қалыптасуына негіз болады.

Бастауыш сынып оқушыларының әлем мен қоршаған ортаны ғылыми таным тұрғысынан тануда пәнаралық байланыс арқылы қалыптасатын негізгі құрылымдық-құрамаларының түрлері:

- берілетін білімдердің жүйелілік және кешенділік тұрғыдағы сипатта болуы;

- оқушының жеке өмірлік тәжірбиесін теориялық біліммен байланыстыру, әлем мен қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан зерделеудегі таным жолдары және тұлғалық болмысының дамуын негіздеу, берілетін білімдердегі ғылыми атаулық-ұғымдардың мазмұны, көлемі, олардың өзара байланысы оқушы дүниетанымындағы жеке көзқарастың пайда болуына ықпал жасай отырып, өзіндік шығармашылық әрекеті арқылы өмірді ақиқаттық, шындық тұрғысынан зерделеудің субъектісіне айналдыруы;

- бастауыш білім беру кезеңдеріндегі пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың әлемді және қоршаған ортаны тануда жалпы-логикалық, теориялық, тәжірибелік, иерархиялық, дүниетану сипатындағы таным әрекеттерінде шығармашылық бейнелеу тәсілдерін, әлем және қоршаған ортаға, адамдарға қатысты сезімдік-құндылық қатынастарды орнату тәсілдері.

Бастауыш сынып оқушыларының білімді терең игеруі, әлемді және қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан танудағы дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруда жаңашылдық әдіс-тәсілдердің /технологиялардың/ негізі болып табылатын дидактика саласының заңды бірлігі ретінде білім беру мен оқу міндеттерін пәнаралық байланыстар негізінде жүзеге асыру, сол арқылы меңгерту болып табылады. Ғылымдардың интеграциялану негізінде пайда болған атаулық-ұғымдардың мазмұндық мәнін түсіну мен оқу міндеттерін

шешу жолындағы пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың жаңашылдық әдіс-тәсілдерінің /технологиялары/ ілгерлік сатылау жолдары:

- бастауыш сыныптарда сатылық деңгейге орай берілетін білім мазмұнының қарапайымнан күрделіге қарай өсуі және оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес оқу міндеттерінің қойылуы мен оны меңгеруі, әлем, қоршаған орта жайындағы ғылыми ұғымдарды түсіну мен игерудегі жеке танымдық талпыныстарының пайда болуы;

- берілген атаулық-ұғымдар негізінде әлем, қоршаған орта заңдылықтары мен құбылыстарын ақиқат пен шындық тұрғысынан зерделеп, танытудағы жеке іс-әрекеттері мен жүргізетін жұмыстарының бағыты;

- қолданылатын құралдар мен әдіс-тәсілдерді таңдауы;

- оқушының жеке өзіндік танымы және іс-әрекетінің жиынтығы;

- игерген білімдері негізінде әлемнің, қоршаған ортаның бейнеленуін жүйелеу барысында логикалық тізбектілік нұсқасын жасай білуі;

- әлем және қоршаған ортаның заңдылық құбылыстарын ғылыми білімдерге сүйене отырып, ақиқаттық және шындық тұрғысынан тануда олардың өзара байланысын бақылау, байқау, анықтау, салыстыру, сипаттау және нәтижелерін түсіндіру, оқу міндеттері негізінде жеке басының дамуын бақылау, өзін-өзі бағалау [67, 68].

Ғылымдардың интеграциялауы негізінде орын алатын немесе көрініс табатын пәнаралық байланыстар және олардың мақсат, міндеттері – оқушылардың дүниетанымдық болмысын олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытуда тәрбиелеудің әдістері мен құралдарының қолданылуы, жеке пәндердің ғылыми-танымдық, идеялық жүйесін ашу арқылы қоғамдық құрылыстың дамуы мен мәдениет, әлеуметтік сананың өмірмен байланысын және табиғат пен адамның өзара біртұтастық үйлесімділік бейнесін тануына ықпал ету. Пәндердің өзара байланыстар арқылы берілетін білім мен оқыту және педагогикалық үдерістегі орын алатын оқу әрекеттерінің басты бағыты – оқушының жеке тұлғалық болмысындағы танымдық дүниесін тәрбиелеу [69].

Пәнаралық байланыс – оқытудың қазіргі кездегі принциптерінің өзара байланыстырылатын пәндер арасындағы заңдылықтарды реттеп, оқушылардың алған білімдерінің бір-бірімен сабақтастығын бір жүйелі келтіреді. Пәнаралық байланыс меңгерген білімді кешенді түрде пайдалана білуге жол ашады. Мектептегі пәндік жүйе бір-бірінен бөлек жатқан дүниелер емес, сондықтан пәндер арасындағы байланысты жүйелі сабақ үдерістерінде іске асырып отыру арқылы олар бірін-бірі толықтырып отырады.

Пәнаралық байланыстың сыртқы және ішкі жағы бар. Пәнаралық байланыстың сыртқы түріне механикалық, шаблонды, жаттанды оқу жүйесін (репродуктивтік ойлауды) жатқызуға болады. Мұны былай көрсетуге болады: а/ оқушы айтқанды тек үстірт жаттап алу, жаттап алғанды өзгеріссіз баяндау; б/ жаттанды білімді бағалау, баға қою. Оқытып, білім берудің бұл көрсетілген жүйесінде оқушының еске сақтауы іске қосылады да, ақыл-ой, зейін мен білімді қабылдауы, ондағы тілдің қызметі ескеріледі. Пәнаралық байланыстың мәні оның ішкі құрылысында жатқандығында, одан оқыту мен тәрбиені дұрыс,

жүйелі ұйымдастырудың көп қырларының бірі екендігін танытады. Пәнаралық байланыстың іске асырылуында әдіснамалық шешуші қызмет атқаратын мынадай негіздер басшылыққа алынады:

Біріншіден, пәнаралық байланыстың философиялық негізіне дүниедегі барлық заттың, құбылыстың бірімен-бірінің өзара байланыстылығы туралы тұжырымдалған дағды алынады. Дүниедегі бар құбылыс бір-бірімен байланысты болады, сондықтан оны танып-білетін ғылымдар да өзара байланысты. Екіншіден, пәнаралық байланыстың жүзеге асырылуы, оның психологиялық негізі үлкен қызмет атқарады. Педагогика ғылымын зерттеуші ғалымдар пәнаралық байланыстың психология ғылымының зерттеудегі нәтижелі негіздерін, тығыз байланысын ескере отырып, қарастырады. Онда, ақыл-ой, сана қызметінің аналитикалық-синтетикалық қызметін зерттеп, оның үздіксіз дамуда орын алатын өзгерістерді білім беру мен оқытудағы танымдық болмыстың жетілуіне өзек болатындығын басшылыққа алады. Сондай-ақ, ойлау және жүйке үдерістерінің күрделі динамикалық жүйесі болғандықтан, ол – мидың анализ, синтез қызметімен орындалады. Бір жүйеге әр пәннің өз ішіндегі және пәндер бірлестігіндегі білімдер жүйесі сәйкес келеді. Үшіншіден, жоғарыда аталған, пәнаралық байланыстың философиялық, психологиялық негіздерімен тығыз байланыста келетін оның дидактикалық негізі басшылыққа алынады.

1.2 Бастауыштың жаңартылған білім мазмұнының құрылымдық жүйесін педагогика теориясы тұрғысынан тану

Мемлекетіміздің келешекте дамып, өркендеп, ілгері жылжуының өзегі ғылым мен білімде болса, сол рухани байлыққа ие болар жастарды өмірге баулып, тәрбиелеу арқылы саналы ұлттық ойлауын, білімі мен іскерлік қабілеттерін қалыптастырып, дамытумен байланысты болмақ. Бұл тұрғыдан қарағанда қазіргі уақытта біздің білім беру жүйемізді әлемдік деңгейге жеткізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін оңтайлы қолдану арқылы терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылыққа бейім, өзіндік болмысы бекіген жеке тұлға тәрбиелеу мақсатын көздеуде. Яғни, мектептегі педагогикалық үдерісте оқушылардың ғылыми танымдық әрекетін арттырып, ізденімпаз-шығармашылық белсенділігін дамыту қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік жалпыға міндетті жаңа стандарты оқушылардың дайындық деңгейіне, орта және бастауыш білім берудің мазмұнына, оқушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды белгілейді. Жаңартылған стандарт орта білім беруде жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің келісілген мүддесін танытады. Стандарт негізінде мемлекет жалпыға мүмкін болатын, тегін орта білім беруге кепілдік береді [70].

Білім берудің жаңа стандарты келесідей мақсаттарға бағытталған:

– білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге;

– күтілетін нәтиже түрінде белгіленген оқу жетістіктерін меңгеру деңгейіне міндетті талаптар қою арқылы білім сапасын арттыруға;

– білім беру саласындағы барлық субъектілерінің міндеттері мен құқықтарын реттеуге;

– балалардың денсаулығын қорғауды, тұлғаның жан-жақты дамуына, оның ішінде білім алушының қосымша білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға қолайлы жағдай туғызуды қамтамасыз етуге;

– орта білім беру ұйымдарының меншік нысанына, типіне және түріне қарамастан бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етуге;

– орта білім беруді ұйымдастыру жұмысының тиімділігіне бақылау жүйесін құруға;

– білім беруді басқару ұйымдарының білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттеріне қажетті жағдай жасау үшін ұтымды бағалау ұйымдастыруға;

– орта білім беруді қаржыландыруға мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражатты ұтымды және тиімді пайдалануға;

– орта білім беру ұйымын дамыту үшін бюджеттен тыс бөлінетін қаржыны тағайындау мақсатын анықтауға бағытталған.

Жаңа стандартта қарастырылған негізгі аспектілер:

– қазақстандық мектептің озық дәстүрлерін сақтау мен орта білім беруді ұйымдастырудағы әлемдік тенденцияларды кіріктіру;

– білім берудің нәтижелерін пәндік білім, білік және дағдыдан құзыреттілік деңгейіне дейін кеңейту;

– барлық балаларға бірдей дәрежеде мүмкіндік жасау ұстанымын жүзеге асыру;

– орта білім беру құрылымын жас кезеңдеріне сәйкес ұйымдастыру;

– білім беру ұйымдарындағы инновациялық тәжірибені дамыту.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті жаңа стандарты келесі жалпы принциптерді ескере отырып жасалған:

– оқыту мен тәрбиелеудің ұштастығы;

– ұлттық және адамзатқа ортақ құндылықтарды ескеру;

– білім берудің тұлғаны қалыптастыруға, оның рухани-адамгершілігі және зияткерлік дамуын қамтамасыз етуге бағдарлануы;

– білім берудің оқу нәтижелеріне жетуге бағдарлануы;

– оқушылардың оқу қызметінің жемістілігін бағалаудың айқын және әділетті жүйесін қалыптастыру;

– білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету;


– барлық оқушылар үшін қолайлы оқу ортасын құру;

– қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім беру үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды жасау жолымен үштілді білім беру саясатын іске асыруға бағдарлану.

Білім берудің барлық деңгейлерінің стандарттар мазмұнын жаңартып отыру – заңды және табиғи құбылыс болып табылады, себебі, білім беру стандарттары қоғамның үздіксіз өзгеріп, даму жағдайларындағы түрлі ғылым саласы мен техниканың өмірлік тәжірибеге ену жағдайына сәйкес келуі тиіс. Бұл стандарттың жаңа нобайының /моделінің/ құрылымы қазіргі заман талабынан туындаған мәселелерді шешуге негізделе отырып «Мектепте берілетін білім мазмұны қандай болу керек және оны не үшін әрі қалай оқу керек?» – деген сұрақтардың жауабына табуға бағытталғандығында.

Жаңа білім беру стандартының маңызды және өзіндік ерекшелігі – орта білім берудің құндылықтары қатарына бүкіл ғұмыр бойы оқудың кіргізілуі. Мәселен, бастауыш білім берудің жаңа стандартының жобасында: білімдерді шығармашылықпен қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын орындай білу қабілеті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, коммуникация тәсілдері мен тілдік дағдыларды қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу қабілетін тұрақты жетілдіру көзделген [71].

Бастауыш сыныптардың жалпы білім беру жүйесінде ерекше орынға ие екені анық, өйткені, оқушының жеке тұлғалық болмысының жетіліп, дамуына және оның әлеуметтенуінің, ақыл-парасаты мен жалпы мәдениеті қалыптасуының негіздері осы бастауыш білім беру кезеңінде қаланады.



Сурет 1. Орта білім беру мазмұнын жаңартудың тұжырымдамалық идеяларының бейнелік көрінісі

Жоғарыдағы баяндалған мәселелерді талдай келе, жаңа бағдарлама жүйесімен педагогикалық үдерістерді ұйымдастыру мен өткізуде мұғалімдер үшін төменде сипатталып берілетін қасиеттер ерекше мәнді болып табылады:

- сабаққа тың ойлар мен ынталандырушы материалдарды енгізу;
- оқушылар өзінің ойлауы мен оқуы туралы ойлана алуына жағдай жасау үшін логикалық ойлау мен зерттеу дағдыларын енгізу;
- оқушыларға өздеріне қызықты салаларда сұрақ құрастыруға көмектесу;
- топтық жұмыс жүргізуді көздейтін жаттығуларды енгізу;
- оқушыларды бір-бірімен қарым-қатынас жасап, диалог құруға ынталандыру;
- оқушылардың қызығушылықтарын қанағаттандыру;
- оқушыларды өз бетінше ойлануға жетелеу;
- оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамытуға көмектесетін сұрақ қою;
- оқушыларға өздерінің ойлау дағдылары мен ғылыми-зерттеу дағдыларын қолдануды ескертіп отыру;
- жекелеген оқушылармен «көзбе-көз» кездесу ұйымдастыру;
- оқушыларға өзіндік жұмыстарда жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жобаларды жоспарлау және ұйымдастыру [72].

Түрлі ғылыми саласы бойынша білімдердің ықпалдасу негізінде пәнаралық байланыстың «спериалдық» сипатта жүзеге асуы басшылыққа алынады. Себебі, бұндай жүйемен анықталуы олардың арасындағы өзіндік оқу материалындағы білім мазмұнының логикалық ілгерілік тізбектестігімен, уақыттар арасындағы өзара қатынастық үйлесімдікпен сәйкес болуымен, әрі олардың бір көрсеткіштік деңгейде кіріктірілумен сипатталады.

Білімдердің ықпалдасу негізінде пәнаралық байланыстың «қарапайым, фрагменттік, жиі құрастырылған» түрлерін бөліп қарастырамыз. Бұл түрлі пәндердің арасындағы байланыс пен білімдердің ықпалдасу қатынасын анықтап, олардың өзара сіңісу мағынасының жаңа сапалық деңгейдегі көрсеткішін білдіреді. Пәнаралық байланыста білімдердің ықпалдасуы арқылы жаңа білім терең, көлемді сипатта және оқытылатын оқу материалдарының әртүрлілігінің топтасқан қосынды бейнесінде беріледі [73].

Пәнаралық байланысты оқу-тәрбие үдерісінде мынадай жағдайлардан көруге болады: пәнаралық байланыстар теориялық білімді іс жүзінде қолдануға, ғылымның түрлі салалары жөнінде кең ұғымы бар адамды тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңде оқушыларға білім беру және олардың танымдық қызметін өркендетуге жағдай жасайды.

Бүгінгі замандағы ғылым мен техниканың қарқындап дамуы – мектеп өміріндегі білім берудің мазмұнына да өз ықпалын тигізуде. Мектепте берілетін білім мазмұнының күрделі өзгерістерге ұшырауы да осының себеп-салдары екендігін ескеу қажет. Оқылатын пәндердің құрылымдық жүйесі де өзгерістерге ұшырай отырып, білім берудегі оқу материалдарының мазмұндық сипаттары ғылымдардың алуан салаларының өзара байланысымен үйлесімділік тұрғыдан

кіріктіріліп, ықпалдасуы арқылы пәнаралық байланыстың жаңа дәрежеге құру негіздерін талап етіп отыр.

Осыған орай пәнаралық байланыстың философиялық, психологиялық, жалпы ғылымдық және арнайы дидактикалық негіздері анықталуы тиіс.

Пәнаралық байланыстың философиялық негізінде дүниедегі барлық заттың, құбылыстардың бірімен-бірінің өзара байланыстылығы туралы тұжырымдалған дүние туралы білімдер де бірімен-бірі байланыста болады. Обьективті дүние белгілі заңдылықпен ұйымдасқан жүйе болғандықтан, оны танып білуде де ғылымдар арасындағы өзара байланыстар болуын қажет ететіні анық. Сондықтан, түрлі ғылым салаларынан білім беретін оқу пәндері әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен олар бір-бірінен өз алдына оңашаланып бөлектенбейді. Сондықтан ғылымның міндеті өзара байланыстылықты танып білу [74,75].

Қазіргі бастауыш білім беру кезеңінде оқыту үдерісін ұйымдастыруда басшылыққа алатын құжаттарда, бағдарламалық материалдарда қарастырылған пәнаралық байланысты жүзеге асыруға ерекше мән берілуде. Бұл бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық тұлғасын қалыптастыру мен танымдық болмысын дамытушы құрылымы, яғни бұл ұғымдар арасындағы өзара байланыстар мен орындалатын міндеттер қарапайымнан күрделілігі қарай ұстанымымен орындалады. Сабақта жаңа оқу материалдарын оқып-үйренуде оқушылар ғылыми немесе мәдени зерттеу үдерісінде ертеректе зерделенген ұғымдардың жаңа білімдер мен таным әдістері негізінде қалай шығарылғанына көз жеткізуі қажет. Кез келген жүйенің даму барысы – бұл оның пайдалы функциясының артуы. Ғылыми білімдердің дамуы – бұл теория мен әдістердің функционалдық тиімділігінің жоғарылау үдерісі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық тұлғасын пәнаралық байланыстар негізінде қалыптастыру үшін оқу пәндері мен сыныптары бойынша пәнаралық байланыс материалдары негізінде айқындалатын білімдер мен іскерліктерді білу қажеттілік болып саналады.

Оқушылардың шығармашылық тұлғасын пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыруда мұғалімнің шеберлігі мен тәжірибесі, шығармашылығы, ізденістері – оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудегі басты мәселе. Оқушылардың шығармашылық тұлғасын қалыптастыруда бастауышта оқылатын барлық пәндердің оқу материалдарын тізбектестік негіздегі логикалық жалғамдарын басшылыққа ала отырып пәнаралық байланыс бойынша оқушының тілін дамыту, ой-өрісін, дүниетанымын қалыптастыру, пәнге қызығушылығын ояту, т.б. шығармашылық жұмыстар нәтижесінде тұлғаның сана-сезімі, қиялы, ойлауы дамыту мүмкіндіктерін кеңейтуді жүзеге асыру қажет. Пәнаралық байланыстың мақсаты оқушылардың ой-өрісін жан-жақты дамытады, білім сапасын арттырады, оқу іс-әрекетінде белсенділік танытады, ақыл-ойын, ес пен ойлауын, қиялын, тапқырлығын дамытады, алған білімін өмірде қолдануға деген зейінін, шығармашылығын шыңдай түседі.

Жалпы пәндер ұғымдары мен ережелері – бұл әрбір пәнде пайдаланылатын білімдер мен іскерліктер. Олар міндетті түрде мұғалімнің

зейінінде болуы шарт. Базалық білім деңгейі – бұл оқушылардың жалпы пәндер ұғымдарын және ережелерін меңгеруі [76,77].

Бұның бүгінгі бастауыштың жаңартылған білім беру бағдарламаларының мазмұнында орын алғанын көруге болады. Түрлі ғылым саласынан оқылатын пәндердің байланысы жеке пән ішіндегі оқу материалына енген бөлімдік білімдердің ықпалдануымен тығыз байланысты болып, тізбектілік пен үйлесімділік әрі бірізділікпен бірыңғай тереңдетілген ғылыми алаңды құрайды.

Білімдердің ықпалдасуы бастауыш білім берудің жаңа оқу жоспарындағы ғылыми пәндердің орналасу тәртібіне, материалдардың блоктарға немесе бөлімдер мен бөлімшелерге нығыздалуына және оқуды ұйымдастырудағы сабақ кестесінің құрылуына тәуелді болып, блоктардың немесе бөлімдер мен бөлімшелердің тізбектесіп берілу тәртіптері өз кезегінде оқу апталықтары мен оқу барысын ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігін сипаттайды. Бұл бастауыш сыныпта оқылатын түрлі ғылыми саладағы пәндердің және жеке пәндердің ішкі білімдік бөліктерінің ықпалдастығын көп деңгейлікке бағыттайды. Мәселен, 1,2,3 сыныпқа дейінгі оқылатын пәндердің оқу мазмұнында орын алатын ортақ тақырыптар оқушылардың игеретін білімдер жүйесін логикалық ілгерілік тізбектестігімен уақыттар арасындағы өзара қатынастық үйлесімділіктің сәйкестікте берілуін құрайды.

Бүгінгі күндегі ғылымның дамуы мен оның салалануында оқылатын пәндердің өзара әрекеттесіп, бірін-біріне жақындаса түсуімен бірге, білімдердің де ықпалдасу ұйытқысын жасап отырғандықтан, оқуды ұйымдастыру формалары мен пәндерді оқыту тізбегі де жаңа сипатқа ие болуда. Сондықтан да бастауыштағы блоктардың немесе бөлімдер мен бөлімшелердің тізбектесуі негізінде білім берудің жүзеге асырылуы және ондағы пәнаралық байланыстағы білімдердің ықпалдасуын: 1. Тіл және әдебиет: Сауат ашу, Қазақ тілі, Әдебиеттік оқу, Қазақ тілі (Т2), Орыс тілі (Я2), Ағылшын тілі; 2. Математика және АКТ: Математика: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ); 3. Жаратылыстану: Жаратылыстану; 4. Адам және қоғам: Дүниетану, Өзін-өзі тану; 5. Өнер: Музыка, Бейнелеу өнері, Еңбекке баулу; 6. Дене шынықтыру: Дене шынықтыру – білім беру салалары бойынша пәндерді ұштастыру негізінде құрылу керектігі басшылыққа алынған. Әрі талап етеді [78].

– Пәнаралық байланыс негізінде бастауыштағы берілетін білімдер бір салаға енетін пәндер жиынтығын және бір пәннің артықшылығы негізінде құрылған;

– Білімді ықпалдастыру бағытында пәнаралық байланысты жүзеге асыруда әр түрлі білім беретін пәндердің бір-бірімен тең дәрежеде жүруі және оқу материалдарының мазмұнының мағынасы жағынан қамту мәселесінде құру жағы қамтылған;

– Берілетін білім жағынан бір-біріне жақын туыс келетін пәндерді қамту қарастырылған және олардың біреуі өзіндік ерекшелігін жөнінен жетекші орынға ие болып, ол екіншісі оған көмекші ретінде кірістіріп оқыту орын алған;

– Білім беру салалары бойынша пәндердегі блоктардың немесе бөлімдер мен бөлімшелердің тізбектесіп енгізілуі жеке пәндеріндегі оқу материалдары

мен білімдерді өзара бір-бірімен ықпалдастыруда яғни, пәнаралық байланыстылықты жүзеге асыруға бағытталғандығында;

– Бастауыштың жаңартылған білім беру бағдарламасында пәнаралық жүйедегі тәртібі олардың ерекшелігіне сай жүргізілуі көзделген;

– Пәнаралық байланыс негізінде білімдерді ықпалдастыру бағытымен танымдық тапсырмаларды орындау, шешімін табу басшылыққа алынған [77].

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық даму деңгейі мен саналы тәрбиелік болмысын қалыптастыру мен жетілдірудегі оларға білім берудегі тек пәнаралық байланысқа қатысты мәселені бір жақты қарап, ықпалдастыру тәсіл ретінде мүмкіндігінше кеңінен орын алғандығы білім берудің жаңа бағдарламасында көрініс тапқан деуге болады.

Бүгінгі өмір талабына сай қажеттілікті өтеудегі құзырлы оқушының тұлғалық болмысын сомдап, заман талаптарына сай, әрі үйлесімді дамыту қажеттілігін басшылыққа алсақ, онда білім берудің жаңа бағыттылығы түрлі ғылым негіздерінен ауқымды, әрі топтастырылған білім беруде ұйымдастыру барысында түрлі оқу пәндерінің өзара байланысын айқындау шарт және ол білім беру мен оқыту талаптарының бірі болып отыр.

Яғни, пәнаралық байланыстың бүгінгі күннің өзекті мәселесі ретінде жаңа түрде орын алуы – дүниенің бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер мен сенімдер жүйесін қалыптастыру міндеттерінің шартынан туындайды. Бұндағы пәнаралық байланысты негізге алу ұстанымдық қағидасының басты себептерінің бірі – жеке пәндерден берілетін білімдерді біртұтастық жүйеге келтіру болып саналады. Сондай-ақ пәнаралық байланыс негізінде оқу пәніне ортақ қағидалар, ұғымдар, деректер жиынтығы түзіліп, оқу материалдарының қайталанбауын, тиімді орналасуын басшылыққа алып, білімдерді тәртіпке, жүйеге келтіріп, ғылыми танымды жан-жақты қалыптастыруға қызмет етеді және оны іске асыратын әдістер арасында өзара байланыстар орнатуға берік ықпал жасайды.

Бүгінгі күндегі білім беру жүйесінің міндеттерін жүзеге асыру – мемлекетіміздегі білім берудің мемлекеттік саясаттының ұстанымдық қағидаларына тәуелді. Сондықтан құзырлы оқушы дайындаудың жаңа бейнесі мен бағыттылығын айқындап алу барысында осы тұрғыда жұмыс жасау міндеттері туындайды. Міне, осыдан бастауыштағы жаңартылған білім беру бағдарламасының «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» озық педагогикалық тәжірибелерінің негізінде жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне үйлесімділігі бар екендігін көре аламыз.

Қазіргі кезеңдегі қолданысқа енген «Жалпы міндетті бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартында» [79] жаңартылған білім мазмұндағы Қазақстан Республикасы мектебі адамның қоғамдық мәнінің жан-жақты, үйлесімді дамуының негізін жасайды және осы ресми құжаттың аясында жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді. Бұл білім беру жүйесіндегі сатылық деңгейіне қарай оқыту талаптарын жүзеге асыруды басшылыққа алады.

Оқыту талаптары – оқу үдерісінің тиімді және сапалы жүруін қамтамасыз ететін негізгі, іргелі ой жүйесі. Оқыту талаптарының жүйесі тиімді оқыту заңдылықтарынан шығады.

Білім беру және оқыту теориясының оқыту талаптары тарихи нақты және белгілі бір қоғамдық қажеттіліктерді бейнелейді.

Қоғамның ілгерлеуімен ғылымның дамуы ықпалынан, оқытудың жаңа заңдылықтарының талабынан озат тәжірибесінің жинақталуынан оқыту талаптары дамиды, нақтыланады, жетіле түседі.

Оқыту талаптары жөніндегі қазіргі тұжырымдама оқу үдерісінің мақсаттарын, мазмұнына, әдістері мен ұйымдастыру түрлерін, сонымен қатар оның нәтижесінің талдауға белгілі бір шарттар қояды, оқыту талаптарының біртұтастығын, белгілі бір логикалық тізбегін қамтамасыз ету, мұғалімнің оқу үдерісін жоспарлауға және ұйымдастыруына басшылыққа алуына көмектеседі.

Әрбір оқыту талабы оқыту үдерісінің белгілі бір құрамасына басшылық, жетекшілік қатынасы болғанымен бүкіл оқу үдерісіне толық ықпал жасайды.

Оқу талаптарына оқытудың, білім берудің біртұтас міндеттеріне бағытталғандығы, оқушы тұлғасының тәрбиеленуі мен жалпы дамуы, оқытудың ғылымилығы мен оның өмірімен байланысы, оқытудағы жүйелілік, бірізділік, ұласымдылық, оқытудың қол жетімділігі, оқушылардың шын оқи алу мүмкіндіктеріне сәйкес келуі, оқытудың көрнекілігі болуы енеді. Соңғы кезде оқыту әдістерін оқытуды ұйымдастыру түрлерін қолайлы үйлестіру де оқыту талаптары ретінде ерекше мәнге ие болуда.

Білім беру және оқыту теориясының оқу үдерісіндегі оқушылардың саналылығы, белсенділігі өз бетіндегі білім мен біліктердің беріктігі, ұғынылғаны және әрекетті болуы талаптарына байланысты болып отыр. Оқыту үшін қажетті оқу-материалдық, гигиеналық, моральдық-психологиялық, эстетикалық шарттар да оқыту топтары ретінде қойылуда.

Оқыту талаптары өзара тығыз байланыста қолданылады. Тәжірибеде оқыту талаптарын біртұтас пайдалану оқу үдерісінің басты құрамдық-құрамаларының қызметін, оқытудың қолайлы нәтижелерін қамтамасыз етеді [80].

Мектеп өмірінде оқушы қазіргі ғылымның түрлі салаларының дамуының деңгейінде берілетін білімдерді игереді. Бастауыш білім беру кезеңіндегі қамтылған оқу материалдарының мазмұны – келешекте міндетті түрде жалғастыратын орта білімнің негізі болып, болашақ үміт дүниесінде кез келген мамандықты меңгеруге мүмкіндік берудің өзегі болып табылады. Бастауыштағы жаңартылған білім мазмұны басқа буындармен тек сабақтас болумен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасын қалыптастырудың құнды негізі екендігі анықталған. Осы бағытта пәнаралық байланыс бастауыш сатыда жекелеген пәндер ең алдымен оқушыда мәдениеттің базистік қырларын қалыптастыруда, оның жеке тұлғалық болмысын дамытуға және тәрбиелеуге қызмет еткендіктен жаңартылған білім мазмұнында пәнаралық негізінде кіріктіре (жеке пәндік оқу материалдары, жеке бөлімдер мен тақырыптар аясында) қарастырылуының біртұтастығын қамтамасыз етудің маңызы зор.

Бұл, оқушы тұлғасының дарындылық табиғаты, қабілеті, дамуының өзегі, ізденушілік пен зерттеушілікке негізделген шығармашылық мүмкіншіліктерінің психологиялық құрылымы болып табылады. Яғни, бастауыш сыныптарда оқушы тұлғасын дамытудың бірден-бір құралы ол – пәнаралық байланыс. Бастауыш білім беру кезеңіндегі оқушылардың өзіндік ерекшеліктері мен таным мүмкіндіктерін ескере отырып, психология, педагогика ғылымдарының заңдылықтарын басшылыққа алып және жеке пәндердің теориялық мазмұнындағы оқу материалдарының жақын, үйлесімділігіне мән бере оқыту педагогикалық технологияларды пайдалана білуге итермелейді. Мұғалімнің бұндай іс-әрекетінің ұйымдастырылуы оқушы тұлғасын дамытудағы күрделі жұмыс болып табылады [81].

Пәнаралық байланыстың философиялық негізіне мән берсек, қоршаған әлем, ортадағы, яғни, дүниеде барлық заттың, құбылыстардың бір-бірімен өзара байланыстылығы туралы тұжырымдалған білімдер жүйесін қарастырады. Бұнда оқушы өз-өзін бағалауға, жеке танымдық әрекеттерге негізделген білімдерді игеруге, өзінің жеке болмысын тануға мүмкіндігін ашып, ынта-ықыласын шабыттандырып, қабілетін ояту, ақыл-ойын дамыту арқылы қоршаған ортаға ғылыми танымдық көзқарастарының қалыптасуында берілетін білімдер жиынтығы оның санасында нық орын алуына мақсаты бағытталу болып табылады. Негізінен, оқу пәндері әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен, олар бір-бірінен өз алдына оқшауланып, бөлшектелінеді бірақ, педагогикалық үдерісте пәнаралық байланыстың орын алуы барысында педагогика ғылымының заңдылығына сүйенетін философиялық, психологиялық, дидактикалық және жеке пәндердің теориясы мен әдістемесі жағынан қарастырылатын күрделі құбылыс мәніне және кешенді тұрғыдан қарастырылу сипатына ие болады.

Пәнаралық ықпалдастық – түрлі оқу пәндерінің арасындағы өзара байланысын айқындау шарты және білім беру мен оқыту талаптарының бірі. Пәнаралық байланыс қажеттігі әлемнің бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер мен сенімдер жүйесін қалыптастыру міндеттерінің шартынан туындайды. Оқу пәндерінің (табиғаттану, қоғамдық-тарихи, мейірімділік-талғамдық ғылымдар) топтары деңгейінде табиғат, қоғам, адамдардың өзара әрекеті жөніндегі жетекші және жалпылама қағидалар қамтылады. Оқу пәндерінде қарастырылатын бұл қағидалар оларды білім беру мазмұнының біртұтас жүйесінде біріктіреді. Бұл жерде пәнаралық байланыстың дүниеге көзқарас қызметі маңызды роль атқарады. Ол білімдерді тәртіпке, жүйеге келтіреді, игерілуінің өз бетіндігі мен беріктігін қамтамасыз етеді. Пәнаралық байланыс арқасында бірқатар оқу пәндеріне ортақ жетекші қағидалар, ұғымдар, деректер, ғылыми таным әдістері арқасында өзара байланыс орнығады.

Пәнаралық байланыс бірқатар педагогикалық ұйымдастыру мәселелерін оң шешуді қамтамасыз етеді. Олар: оқу материалының қайталанбауын, тиімді орналасуын, мұғалімдердің бірлесе, келісімді жұмыс істеуге бірігуін қамтамасыз етеді [80].

Сондықтан ғылымның міндеті – дара байланыстылықты танып білу. Бастауыш сынып оқушысының дамуындағы орын алатын білім мазмұндары бірнеше пәндердің оқу материалдарын қамти отыра, олардың даму деңгейінің сатылық жүйесінде сапалық қызметтерге ие болуы тиіс. Бұл оқушы дамуының психологиялық негіздерін басшылыққа алу қажеттілігіне алып келеді.

Оқыту психологиясы – педагогикалық психологияның құрамды бөлігі. Оқушылардың білімдерді игеру барысының (оқу материалдарын қабылдау және ұғыну, оны кезінде бекіту, тәжірибеде қолдану), білік пен дағдыларға ие болуының психикалық заңдылықтарын зерттейді. Оқыту психологиясы оқытудың сылтауларын (мотивтерін) оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, оқу іс-әрекетінің ұйымдастыру тәсілдерін, білім алудың көзі ретінде оларды пайдаланудың қажетті шарты ретінде тәжірибенің рөлін анықтайды. Оқыту психологиясының нәтижелерін оқытудың тиімді әдістерін жасауда, бағдарламалар мен оқулықтарды құрауда, оқушыларға жеке қатынасты қамтамасыз етуде маңызы зор.

Оқыту психологиясы білімдерді игеру мен адам дамуының заңдылықтарын белгілей отырып, мұғалімдерге оқу, оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыруға көмектеседі [80].

Психолог Л.С.Выготский, педагогикалық үдерістегі орын алатын оқытудың психологиялық қырларына: «Баланың психикалық дамуы – әрекет етудің тарихи қалыптасқан формалары мен тәсілдерін игеру жолымен жүзеге асады. Психикалық дамудың қозғаушы күшіне – оқыту жатады. Бірақ осы жерде оқыту мен білім берудің ара салмағын нақты ажыратқан дұрыс. Даму үдерісі ішкі қозғалыс заңына бағынады, ал оқыту баланың даму үдерісінде қажетті құрамалар ретінде түсіндіріледі, яғни оқыту дамудың жақын зонасын жасайды, балада дамудың ішкі үдерістерін қозғалысқа келтіреді». «Дамудың жақын зонасы» – жоғары психикалық үдерістердің қалыптасу заңының логикалық салдары болып табылады.

«Психикалық үдеріс біртұтас әрекеттерге сәйкес қалыптасып, дамудың жақын зонасын құрайды, тұрақтылық формаға ие болып субъектінің өзекті даму формасына айналады. Дамудың жақын зонасы балалардың ақыл-ойын диагностикалаудың критерийі болып саналады. Дегенмен, толық мүмкіндігі ашылмаса да, жетілу үдерісіндегі аумақты қамти отырып, дамудың жақан зонасы баланың ішкі мүмкіндік жағдайындағы психикалық болмыстардан түсініктеме береді және бұл өз кезегінде ғылыми негізделген болжам мен тәжірибелік ұсыныстарды жасауға себеп болады. Бұл баланың дамуының ертеңгі көрсеткіштеріне бағдарлануы тиіс», – дейді Л.С.Выготский [82].

Жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнындағы оқу материалдарының жүйесі оқушының өздігінен білім алуын басшылыққа ала отырып, оқушыдағы ғылыми-танымдық ойлауды кеңінен дамытуды жүзеге асырады. Бұл міндет бір пәннің шеңберінде шешілмейді. Сондықтан әрбір мұғалім жеке деректерді нақтылы жағдайларды, оқиғаларды түсіндірумен ғана емес, пәнаралық байланыс негізінде білім беруді жүзеге асыруы қажет. Бұл дегеніміз – жалпы ғылымдар жүйесінің негізінде дидактикалық мақсаттардан туындайтын оқу

бағдарламаларының өзара шартты байланыстарын пәнаралық ықпалдастықта қарастыру болып табылады.

Сондықтан бастауыш білім беру кезеңінде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тиімділігін қарастыру педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы басты міндеттердің бірі болмақ. Бастауыш сыныпта пәнаралық байланыс бірқатар педагогикалық ұйымдастыру мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді. Пәнаралық байланысты өзекті мәселе ретінде қарастырып, педагогикалық, психологиялық жағынан зерттеумен қатар, бұл жайында өзіндік пікірлерін ғылыми тұрғыдан негіздеп берген отандық ғалымдардың ой-тұжырымдамалары өзіндік орын алады.

Қазақтың ұлы ғалымдарының бірі – педагог-психолог Т.Сабыров, пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың икемділік пен дағылары анағұрлым күшті дамитындығын дәлелдеген. Білім беру мен тәрбиелеу және оқушының жеке танымдық әрекетіндегі оқу үдерісі нәтижесіндегі игерілген икемділік пен дағды оқушының алған білімінің қаншалықты берік екендігінің нәтижесі оның тұлғалық даму өзегі болып табылады. Жеке пәндердің мазмұндық құрылымын құрайтын оқу материалдарының ерекшеліктеріне орай берілетін білімдер жиынтығы негізінде оқушыларда түрлі икемділік пен дағды пайда болады. Бұны профессор Т.Сабыров бірнеше топқа бөліп қарастырған:

1. Интеллектілік пен дағды (оқу, жазу, есептеу, кітаппен жұмыс істеу, т.б.);
2. Еңбекке икемділік пен дағды (сызба, оқи білу, еңбек құралдарымен жұмыс істей білу, т.б.);
3. Спорттық икемділік пен дағды;
4. Өнерге деген икемділік пен дағдылар, т.б.

Педагогикалық үдерістегі білім беру мен тәрбиелеу және оқыту мен оқу әрекеттерінің барысында оқушылар танымдық, ғылыми-танымдық, тәжірибелік мақсатты-бағдарлы іс-әрекеттермен шұғылданады. Осы іс-әрекеттердің нәтижесінде оқушыда пәнаралық байланыс іскерлігі қалыптасады», – деп негіздеген [76,77].

Ал, педагог-ғалым А.А.Бейсенбаева «Пәнаралық іскерлік» ұғым-түсінігіне: «Пәнаралық іскерлік оқушылардың бір пәннен меңгерген білім, іскерлік, ептілік, дағдыларын екінші пәндерді меңгеруде пайдалана, қолдана білу қабілетін анықтайды. Бұл пәнаралық іскерлік бастауыш сынып оқушыларында орта, ал жоғарғы сынып оқушыларымен салыстырғанда өзінше қалыптасып дамиды». Яғни, пәнаралық іскерлік бастауыш білім беру кезеңіндегі педагогикалық үдеріске қатысушы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес және олардың өзіндік даму сипатына орай жасалынатындығын ғылыми тұрғыдан негіздеп, ерекшелігіне мән беру керектігін ескертеді [74,75].

Пәнаралық байланыс педагогика ғылымының басты мәселесі болуымен бірге қазіргі заманғы ғылымдардың ықпалдасу ағымы аясы жағдайында мектептер жүйесінің білім мазмұнын айқындаудың басты шарты болып саналады.

Пәнаралық байланыстың құрылымын іске асыру барысында педагогика ғылымындағы көптеген қозғаушы жағдаяттарға мән беру басты мәселе болып табылады. Оқыту үрдісінде пәнаралық байланысты іске асырудың құрылымдық-құрамалы белгілерін төмендегідей ретте қарастырған жөн:

- ✓ пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы мақсат;
- ✓ білім мазмұндары өзара байланысқа түсетін оқу пәндерін саралап, іріктеу;
- ✓ оқу пәндеріндегі оқу материалдарының кіріктірілетін бөлімі немесе бөлігі мен тақырыптарының өздеріне тән әрқайсысының ерекшелігін саралау;
- ✓ пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың әдістемелік негізіндегі технологияларды пайдалану жолдары.

Жеке пәндердің оқу материалдарының мазмұнындағы біліми деректерді оқушыларға тасымалдауда пәнаралық байланысқа мән бермеу оқу пәндері материалдарының бірін-бірі қайталауға, оқушылардың көптеген ұғымдар мен заңдылықтарды тар шеңберде түсінулеріне алып келеді. Білім мазмұнын меңгеру, пәнаралық байланысты ескермейінше мүмкін емес. Өйткені, ол –өзара жақын пәндердің бағдарламасындағы оқу материалын үйлестірудің және іріктеудің маңызды көрсеткіштердің бірі.

Өткеннің тәжірибесіндегі педагогика жүйесінде орын алған пәнаралық байланыс идеясы тарихи дамуда дәлелденіп, қазіргі педагогика ғылымының, оның ішінде пәнді оқыту әдістемесінің басты мәселесіне айналып отыр. Сонымен қатар пәнаралық байланыс – қазіргі заманғы ғылымдардың кірігу аясы жағдайында мектеп өміріндегі педагогикалық тәжірибе жүйесінде көрініс беретін мәселе ретінде білім мазмұнын айқындаудың басты шарты болып табылады.

Пәнаралық байланысты оқу-тәрбие үдерісінде падаланудың негізі пәнаралық байланыстар теориялық білімді іс жүзінде қолдануға мол мүмкіндігі бар, ғылымның түрлі салалары жөнінде кең ұғымы бар тұлға тәрбиелеу болып саналады. Яғни, бұл өз кезегінде оқушыларға білім беру және олардың ғылыми танымдық болмысын дамытуға ықпал жасайды. Бұл тұрғыдан келгенде пәнаралық байланысты дидактикалық қағида деп қарастыру тұрғыдағы көзқарасты қалаптастыру қателік болар еді, себебі оның педагогикалық мақсаттылығы оқытудың жүйелілік қағидасынан туындайды, ол білімнің тұтастай жүйесінің оның негізгі бөліктерінің, атап айтқанда адам, қоғам және қоршаған орта туралы нақтылы айқын түсініктердің өзара байланысын білдіреді [83].

Жеке пәндердің оқу материалдарын өзара кіріктіру барысында берілетін білім деректердің мазмұндық жүйесін баяндау, хабарлау екені анық. Бұл берілетін білімдердің аясындағы деректер жиынтығы арқылы оқушылардың ғылыми-танымдық үдерісін дамытудың өзегі болмақ. Екіншіден, оқушылар білімдерінің қолданбалық қажеттілігін түсіне білуі, бұл өз кезегінде – оқушылардың алған білімдерін өмірлік тәжірибеде қолдана алу мүмкіндігіне ие болуға негіз болады. Үшіншіден, жеке пәндердің білім мазмұнын беретін оқу материалдарын оқушыларға кіріктіре беру барысында орын алатын

ұйымдастыру әдістемелік жұмыстардың жүйелі жүргізілуі мен педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалана білу мәселелері орын алады.

Қорыта айтқанда пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында қазіргі уақыттағы пәндерді: қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, технологиялық, көркем-эстетикалық білім мен тәрбие, беруге топтастыру қағидасын басшылыққа алып, жүзеге асыру – мұғалімдер мен болашақ мамандардың бұл бағытта шығармашылық іс-әрекетке дайын болу қажеттілігін міндеттейді.

Яғни, пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында төмендегідей мәселелер қамтылады:

- Топтастырылған оқу пәндері арасындағы өзара байланыстың болуы ғылымдар негізін меңгерудің және білім жүйесінің дамуының қажетті шарты;

- Ғылыми-танымдық көзқарастың қалыптасуы – жеке пәндердің білім мазмұнын беретін оқу материалдарының барлық құрамды бөліктерінің байланысын талап етеді;

- Пәнаралық байланыс толыққанды тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын кешенді жүзеге асыруға ықпал жасайды;

- Пәнаралық байланыс – мұғалімнің кәсіби қызметін ғылыми негізде ұйымдастырылуының өзегіне айналады және тәжірибеде пайдалануы арқылы жүзеге асырылады;

- Мұғалімдердің кәсіби қызметінде пәнаралық байланыс негізінде оқушыларға білім мен тәрбие берудегі дайындығы және қандай жағдайда екендігінің деңгейлігін білу [84].

Сонымен пәнаралық байланыс – өзінің мәні жағынан көп мағыналы, педагогикалық табиғаты бар, жеке құбылыстық сипатқа ие өзекті мәселе. Қазіргі педагогика ғылымының жан-жақты қарастырылатын, зерттейтін мәселесінің бірі деуге негіз бар. Демек, пәнаралық байланыс білім беру мәселесінің жеке құбылыстық сипатына ие деп түсінсек, онда, педагогикалық үдерісте оның мазмұнды әдістер жүйесіндегі педагогикалық технологияларды пайдалану және ұйымдастыру жұмыстарының түрлерін сапалық жағынан қайта қарауға жетелейді. Нәтижесінде оқытудың дамытушылық, білім және тәрбие берушілік қызметі объективті түрде кеңейеді.

Пәнаралық байланыстың ең негізгі дидактикалық міндеті – ол оқыту, оқу үдерісінде білім мен тәрбие беру және дамытушылық сипатының арасындағы байланысты құру болып табылады.

Бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұны, оның ішінде оқу жоспарларын пәнаралық байланыс негізінде жетілдіру мәселесін басшылыққа алып отыр. Бұл өз кезегінде мұғалімдердің кәсіби қызметінде шығармашылық пен ізденістерін жеке пәндердің оқу материалдарын ғылыми негіздегі топтастырылу қағидасына орай байланыстыруды негізге ала отырып, оқу-тәрбие үдерісін жаңа талаптық деңгейде ұйымдастыруы қажет екендігін дәлелдеп отыр.

1.3 Жаңартылған білім мазмұнының жағдайында пәнаралық байланыстың педагогикалық шарттары

Қазіргі мектептер жүйесінде педагогикалық үдерістің міндеттерін жүзеге асыру – білім берудің мемлекеттік саясатының қағидалық-ұстанымдары мен басты идеяларына тәуелді және соның аумағында іске асырылады. Сондықтан мұғалімдердің педагогикалық қызметіндегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың жаңа бейнесі мен бағыттылығын жаңартылған білім беру бағдарламасының жүйесінде айқындап алумен және осы тұрғыда жұмыс жасау міндеттері туындайды. Яғни, қазіргі біздің мектептеріміздегі педагогикалық үдерістерді заманауи сұраныс-талаптарға үйлесімді ұйымдастыра отырып, оны қанағаттандыратын біліктілігі жоғары мұғалім мамандардың қажеттілігінің туындауы – заңдылық. Жаңа заман сұранысына жаңаша қарайтын және педагогикалық қызметті жаңаша ұйымдастыруға қабілеті бар, білім беру мен оқыту және тәрбиелеу жұмыстарына жаңашылдық бейнемен қатынас жасайтын, білім беру жүйесінің жаңа мазмұнындағы ғылыми-әдістемелік тұстарын жетік түсініп, қабылдайтын, әрі осы бағытта кәсіби әрекетін нәтижелі атқаратын мұғалім мамандықтарын ЖОО-да дайындау – оның профессиограммасын жаңа тұрғыдан жетілдіру мәселесі күн тәртібінен орын алуда. Бүгінгі күндегі мұғалім дайындаудың профессиограммасының мазмұнына педагогика (онда: педагогика және ұлттық тәлім-тәрбие мен жалпы адамзаттық құндылықтарды үйлесімдігі), психология (онда: психология және ұлттық психология, тілі, ділі, т.б. үйлесімділігі), жеке пәндерді оқыту әдістемесі (онда: оқытудың дәстүрлі әдістері және оқытудағы жаңа технологиялар, жаңашылдықты талап ету мәселесімен мұғалімнің жаңашылдық тұрғыдағы іздену-шығармашылдық әрекеттері, т.б.) және мамандыққа қатысты жеке пәндердің теориялық білімдерінің заманауилық мазмұны – түрлі ғылыми білімдердің ықпалдасуын қамтуы көкейтесті міндеттердің бірі ретінде басшылыққа алынады.

Мұғалім дайындау ісіндегі түрлі ғылымдар мен педагогика, психология, жеке пәндерді оқыту әдістемесі пәндерінің өзара байланыста болуы – басты шарт. Өйткені, педагогика, психология, жеке пәндерді оқыту әдістемесі пәндерінен берілетін білімдер мұғалім тұрпатының нақты көрініс беретін әрі бейнесін көрсететін нақты білімдер саласы болып табылады. Екіншіден, білім беру үдерісінің өз мақсаты мен мазмұнына сәйкес әлеуметтік сұранысты қанағаттандыру және озық тәжірибелерді тасымалдаушылық орны. Үшіншіден, жеке тұлғаны тану ғылымдарының негізгілері болып табылады.

Жоғарыда аталған педагогика, психология және жеке пәндерді оқыту әдістемесі пәндерінің ауқымды оқыту және олардың басқа пәндермен байланысын басшылыққа алу басты міндеттердің бірі болуы керек дейміз.

Қазіргі бастауыш білім беру жүйесінің жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың ғылыми-теориялық негіздерін қарастыру – Қазақстан Республикасындағы білім саясатының аясында білім берудің жаңартылған мазмұнының құрылымдық жүйесін талдай отырып,

қазіргі бастауыш сыныптарда оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастырудағы жаңашылдық жүйенің орын алуын негіздеу болып табылады. Сондай-ақ, жаңартылған білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес бастауышта ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістің дидактикалық заңдылықтарын жаңаша түсіндіріп, мұғалімнің кәсіби қызметін ұйымдастырудағы түрлі педагогикалық қайшылықтарды анықтай отырып, оларды шешуде педагогикалық қызметті шығармашылық тұрғыдан ұйымдастыру арқылы оқушы тұлғасын дамытудың жолдарын ашып беру мәселелері – қазіргі мұғалімдерге қойылатын жаңа педагогикалық талаптар және олардың жұмысын ұйымдастырудың жаңаша міндеттер болып табылады.

Қазақтың көрнекті ғалымы, психолог Ж.Аймауытов білім негіздерінің ана тілі арқылы меңгерілетінін айта келіп: «Ана тілін жақсы меңгермей тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі – халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы болып, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазынасы мол халықтың тілі», – деп оқушыларға оқылатын пәндерден білім беруді ұйымдастыру арқылы танымдық болмысын дамытудағы негізгі қызмет атқаратын құралдардың бірі – тіл екендігіне ерекше мән беріп, оның әлеуметтік орта мен қоғамдық мәнін аша түскен. Сондай-ақ, оқушылардың ғылыми танымдық болмысын дамытуда пәндерден берілетін білім мазмұнын өзара байланыстыру тасымалдау барысында тілдік қатынастың орны ерекше екендігіне мән бергендігіне көз жеткіземіз, бұл өз кезеңінде айтылған пікір болса да, бүгінгі күнде де үлкен мәнге ие болып отырғандығы анық [85].

Ғалымдардың тіл туралы мұндай психологиялық ой-пікірлері – оқушының танымдық болмысын тәрбиелеу мен дамытудағы басшылыққа алатын қағида екендігі анық.

Оқушылардың түрлі пәндерден байланыстыра игерген білімдерінің жүйесі қоршаған ортаны танудағы тұтастығы мен оны баяндау және өзара заңдылықтарын салыстырмалы түрде ашу барысында байланыстырып сөйлеуі – қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстардың сыртқы көрінісі мен құрылысына қарай бір-бірімен байланыстыра қабылдайтынын, сол арқылы танып-біліп, баяндай білетіндігін психолог-ғалымдар Т.Тәжібаев [86], Қ.Жарықбаев [87], М.Мұқанов [88] т.б. ғылыми тұрғыда тұжырымдаған.

Психолог Т.Тәжібаев: «Бастауыш мектепте оқушы дүниедегі заттар мен құбылыстардың шын мазмұны мен қарым-қатынасын да толық аша алмайды. Заттардың мазмұны мен ішкі байланыстарын дұрыс аша алмағандықтан, оқушы көбінесе заттардың сыртқы көрінісі мен құрылысына қарай бір-бірімен байланыстыра қабылдайды», – десе [89], Қ.Жарықбаев: «Мектеп жасына дейінгі оқушылар түрлі нәрселерді ұстап, байқап, сипап қарайды, олардың формасын, үлкен-кішілігін көреді. Кейін есейіп, тәжірибесі артып, ой-өрісі кеңейген кезде заттардың кеңістікке орналасуын жақсы аңғара алатын болады», – деп атап көрсетті [87].

Ф.Н.Гоноболин: «Өмірмен әр түрлі іс-әрекет үдерісінде қоршаған орта құбылыстарының әсерінен адамда өзін қоршаған заттар мен құбылыстарға, сондай-ақ өзіне белгілі бір көзқарас қалыптасады. Яғни «дүниетаным» туғаннан пайда болмайды, ол адам іс-әрекетімен, өмірдің әр түрлі қырларында қоршаған ортамен қарым-қатынасында қалыптасады», – деп жазған болатын [90].

Бұл сыртқы дүниені танудағы танымдықтың алғашқы қадам сезім мүшелерін түйсігі, қоршаған дүниедегі құбылыстардың қасиеттерін бейнелеу арқылы тани білетіндігін көрсетеді.

М.Мұқанов өз тұжырымдауында: «Бастауыш мектеп оқушыларының таным әрекетіне қоршаған дүниенің заттары мен құбылыстары бірінен соң бірі тәртіпсіз көрінеді. Оны қабылдау үшін ойша тәртіпке келтіруді ұсынады. Ойша тәртіпке келтіру деп отырғаны мынау: құбылыстар мен заттар тым шексіз, форма мен қызмет жағынан ұқсас болып келеді. Заттар мен құбылыстардың осындай ұқсас жақтарын, біріншіден, бірұғымға жатқызып, топтастырып отыру қабылдау кезінде тәртіпсіздікпен күресуге мүмкіндік беретінін айтады. Екіншіден, тиісті нәрселерді ойша тәртіпке келтіру үшін нендей қасиеттер мен құбылыстар нәрсенің қандай түріне жататынын білу қажет. Үшіншіден, біз бәлендей заттың салмағын, көлемін ұзын не қысқа екенін өлшемей-ақ ажырата алмасақ, онда ортамызға бейімделу қиынға соғар еді. Топтастыруды алсақ бұл қасиетке оқушы (5-6 жасынан) ие бола бастайды. Мысалы, шелек, тостаған, кесе т.б. заттарды оқушы «ыдыс» деген ұғымға жатқызып, осыларды әр нәрселерден мысалы, стол, орындық, диван, т.б. ажыратады. Топтастырудың бұл түріне бастауыш мектепте үйрене алмаса, психикалық даму жағынан оқуға даяр бола алмас еді», – деген ой қорытындысын жасайды [88]. Ғалымның пікірінен бастауыш білім кезеңінің сатылық деңгейіне қарай балалардың алған білімдерінің жүйесінде заттар мен құбылыстарды топтастыруда қоршаған орта, дүние туралы білімді қабылдаумен оқушының байқағыштық қасиетін дамытудың мәні зор екенін көреміз.

Оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын, өзіндік іс-әрекетін дамыту зат пен құбылысты тікелей қабылдауды және нақты көрнекілікті үнемі керек қылмайтын ойлаудың ең жоғарғы түрі абстракциялық ойлау екендігі психология ғылымында дәлелденген, бұл 6-7 жастағы оқушының еңбектің жаңа түрі – оқу әрекетін орындауға және оны алып жүруге дайындайды. Көпшілік жағдайда бұл жастағы балалардың ойлауы көрнекі ойлау болады. Оқушы ойлағанда көрнекі бейнелер және елестеулер негізінде ойлайды. Бұл жастағы оқушыда көрнекі ойлаумен қатар абстракциялық ойлау элементтері де дами бастайды. Оқушының сөйлеуі едәуір дамып, сөз байлығы артқандықтан, ол өз ойын жүйелі түрде баяндап бере алады. Бастауыш сыныпқа алғаш келген оқушының сөз байлығы өздерінің танымдық деңгейлеріне сай келеді, одан әрі бастауыш сыныптарда алған білімдерінің аясында толып, кеңейе түседі – яғни, бұл жастағы балалардың қарым-қатынастық жүйесінде тілдің алатын орынға ерекше мәнге ие болады. Оқушының сөздік қорының ұлғаюы жеке пәндердің оқу материалдарын игеруге толық және жеткілікті болады деп тұжырымдайды. Бұдан шығатын қорытынды алты-жеті жастағы оқушыны мектепке дайындауда

алдымен психологиялық дайындық, сонан соң жалпы және дидактикалық дайындыққа баса назар аудару қажеттігін меңзейді. Ғалымның оқушының сөз байлығына байланысты келтірген сапалық көрсеткіші, бастауыш білім беру кезеңінің ерекшелігіне орай педагогика саласында тіл дамыту мәселесі бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулердің көрсеткішіне жуық болуы педагогика мен психология ғылымдарының бір арнаға тоғысқанын көрсетеді.

Жоғарыдағы пікірлерді басшылыққа ала отырып, табиғатты қабылдау негізінде елестетулер пайда болады. Елестетулер санадағы заттар мен құбылыстардың сезімдік көрнекі бейнелері екендігін тұжырымдаған. Сондықтан біздің ойымызша, мектепке даярлық тобындағы балалардың санасында елестетулер нақты сипаттағы көрнекі бейнелер түрінде пайда бола алады. Елестетулер тек бақылау нәтижесінде ғана емес, жыл мезгілдеріне орай табиғаттағы серуен, мұражайларға бару, саяхат кезіндегі нақты табиғи көрнекі құралдармен жұмыс, тәжірибе жасау, тапсырма орындау барысында қалыптасады. Оқушының қиялы қоршаған дүниедегі құбылыстар мен табиғат аясында күшті дамып, байланыстырып сөйлеуі қалыптасады және дұрыс дамиды.

Оқушының жас кезінде танымдық, қабылдағыштық қабілеттерінің ерекше болатындығына байланысты тілді тез меңгеретіндігі туралы психологтар ғылыми тұрғыда зерттеп, өзіндік тұжырымдар ұсынған. Бұдан біздер оқушы тілінің дамуын кезеңдерге бөліп көрсетуінің өзі олардың психологиялық ерекшелігін ескере отырып, байланыстырып сөйлеуге үйретуде деген пікірін өз жұмысымызға негіз етіп алдық.

Оқушының қабылдауы, түйсінуі, ойлау үдерістерімен қатар дамып, қабылдаған заттардың атын немесе абстрактылық бейнеленудегі түрлі нәрселердің мәнін біліп отырады. Бұл – қабылдау үдерісінің дамуы. Бастауыш сынып оқушысының жүйелі қабылдауы тәлім-тәрбие мен жеке пәндерді оқытып-үйрету нәтижесінде ғылыми тұрғыдан дамып, жетіледі. Бұл пікірден біз егер оқушы қоршаған орта туралы білімдерді пәндердің өзара байланысы арқылы дұрыс қабылдаса, онда оның ғылыми танымдық болмысы дамиды және оны өз тарпынан айтып, түсіндіріп бере алатындығын түсінеміз.

Сонымен педагогика және психология ғылымдары тұрғысынан қарастырған зерттеулерге сүйене отырып, 6-7 жас аралығындағы оқушылардың байланыстырып сөйлеуін дамытудың психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін анықтауға бағыт көрсетеді. Бұл психологиялық зерттеулердің көпшілігі оқушылардың тіл байлығын дамыту мен қоршаған дүниені танып-білуін ғылыми негіздеп, оның нәтижелері мектеп тәжірибесіне ене бастағанымен, мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуінің психологиялық негіздеріне де ерекше мән беру керектігіне көңіл аудартады, себебі, бастауыш сынып оқушысының тілдік қатынастарының дамуының іргесі ол мектепке дейінгі кезеңнен басталатынын назарда ұстау керектігін аңғартады.

Оқушыны қоршаған дүниемен ғылыми көзқарас тұрғысынан таныстыру – ақыл-ойының жүйелі әрі, тұрақты түрде дамыту болып табылса, оның жеке тұлғалық сапасын дамытудың қажетті шарты – пәнаралақ байланыстар

негізінде білім беруді ұйымдастыру болып табылады. Қазіргі бастауыш сынып мұғалімінің жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында атқаратын кәсіби іс-әректің мазмұны оқушылардың танымдық ой-өрісін жан-жақты кеңейту. Бұл бастауыш сынып оқушысының танымдық болмысын дамытуды пәнаралық байланыстар арқылы қоршаған ортаны, әлемді, танып-білудің тізбектеліп берілу заңдылығына бағындырыла отырып жүзеге асыру. Яғни, оқушы өзінің танымдық іс-әрекетіндегі тізбектелу заңдылығы аясында игерген білімдер жүйесімен оқу материалдарын қайта айтып беру барысында тілдік оралымдары да жүйелік сипат орын алатындығы анық. Бұндай ғылыми жүйелену оқушының ой-өрісінің тілдік бейнеленуін тізбектелу заңдылығына келтіреді, дұрыс сөйлеуге, тілдік қарым-қатынастағы тәртіптілікке үйретеді. Мәселен, Р.С.Немов өз зерттеулерінде «Бізді қоршаған ортада сансыз көп әр түрлі заттар мен құбылыстар бар. Егер біз олардың әрқайсысын жеке сөзбен атауға талпынсақ, онда біздің сөздік қорымыз қолдануға қиын, ал тіліміз адамзат оқушысына түсініксіз болып қалады. Ғылыми тілмен айтқанда біз тілді қарым-қатынас, коммуникация құралы ретінде пайдалана алмас едік. Табиғатта кездесетін жеке заттар мен құбылыстардың әрқайсысына арнайы атау, дербес сөз ойлап табудың қажеті жоқ. Өзіміздің қарым-қатынасымызда, ойлауымызда сөздердің шектеулі санын қолданамыз. Әрбір сөз бір ғана затқа емес, бір типті заттардың үлкен тобына тиесілі», –деп негіздейді [91].

В.С.Мухина, «Оқушының қоршаған дүниеге көзқарасы, оның қасиеттері мен өзге адамдар арасында алатын орнымен, үлкендер тарапынан болатын үміт және әсер ету жүйесімен анықталады. Оқушының жеке басының дамуының екі жағы бар – оның бірінші жағы оқушының қоршаған дүниені біртіндеп біліп, өзінің одан алатын орнын түсіне бастауы, осыдан мінез-құлық мотивтерінің жаңа типтері пайда болады, соның әсерінен оқушы белгілі бір қылық көрсетеді. Екінші жағы – сезім мен еріктің дамуы. Олар осы мотивтердің ықпалдылығын, мінез-құлықтың тұрақтылығын және оның сыртқы жағдайлардың өзгерістеріне тәуелділігін қамтамасыз етеді», –деген ой атады [92].

Бастауыш сыныптағы оқушылардың ойлауы – таным сатысы ретінде көрініп, қоршаған дүние құбылыстарын тани отырып, оны бірінші, екінші сигналдық жүйеде сөздермен сәулелендіреді. Сөздің мәні ойдан көрінеді. Ой тіл арқылы айтылып қоймай, сонымен бірге безендіріледі.

Ойлау мен тілдің арақатынасы туралы құнды пікірлерді алғашқы айтушылардың бірі – Л.С.Выготский болды. Ол «Сөз – ойлау мен тілдің негізгі жиынтығы. Сөз жеке заттың дербес атауына қойылған таңба емес, ол үнемі зат пен құбылыстың сипатын ашады, сондықтан ойлау іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады. Сонымен бірге сөз – қарым-қатынас құралы. Өйткені, ол тілдің құралына енеді. Егер сөз мағынадан айырылса оның ойлауға да, тілдесуге де қатысы болмайды. Ал, сөздің мағынасы болса ойлау мен тілдің органикалық жағынан маңызды бөлігі болып саналады», – деген қорытынды жасаған [93]. Мәселен, «Табиғатқа деген көзқарастың жиынтығы, жеке адамның дүниетанымдық-қоғамдық өмірдің әр түрлі қырларына және жеке тұлғаға деген қарым-қатынасы, қоғамдық тұрмыс оның дүниетанымының қалыптасуына көп

әсер етеді. Бұл, әсер адамдардың шынайы қарым-қатынасында, олардың қоршаған ортадағы іс-әрекетінде айқын көрінеді», – дей келе, «ғылымилық, жүйелілік және тұтастық, логикалық, бірізділік және дәйектілік, жалпылық, нақтылық іс-әрекет сақтану ережелерін орындау арқылы қоршаған ортадағы табиғат құбылыстарымен байланысы айқындалады», – деп психолог В.В.Богословскийдің [94] тұжырым жасауы – жеке дамуда қоршаған орта өзара байланыста және біртұтастық жүйеде ықпалдастық заңы негізінде әсер ететінін негіздейді. Бұл өз кезегінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын дамытуда білім беруді пәнаралық байланыстар жүйесімен іске асыру қажеттігін дәлелдей түседі. Бастауыш білім беру кезеңінде пәнаралық байланыстар негізінде білім беру мен оқытуды іске асыру – оқушының танымдық іс-әрекетін мұғалімдер тарапынан жүйелі ұйымдастыру болып табылады, яғни, педагогикалық үдерісті ғылыми және шығармашылық негізде басқару деп тануға болады. Ал, оқушының танымдық ой-өрісінің қалыпты дамуын бақылау мен бағалау, яғни, игерген білім нәтижелерін қорытындысын оқушымен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынастар арқылы көрініс табаныны анық. Бұл қарым-қатынастың бастысы – тілдік болып табылатыны анық. Оқушының пәнаралық байланыстар негізінде игерген білімдерінің санада бейнеленуін тілдесу арқылы жеткізуі – оқушының байланыстырып сөйлеуіне, көргенін баяндап айту арқылы тілінің дамуына жағдай жасауға болады. Психологтардың зерттеулерінде тіл адамның практикалық іс-әрекеті негізінде қалыптасатыны дәлелденген. Кез-келген адамның түсінігі заттың не құбылыстың табиғаттағы қызметі мен маңызын ұғыну негізінде қалыптасады. Ұғыну сезімдік-бейнелік қабылдаумен, олармен жеке іс-әрекет арқылы меңгерілетіні дәлелденген.

Қорытындылай келе, бастауыш білім беру кезеңінде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың үш жағын қарастырып өттік. Біріншіден, педагогикалық үдерісте пәнаралық байланыстар негізінде білім беруді жүзеге асыру барысында оқушылардың танымдық болмысының дамуына кешенді түрде ықпал ету арқылы дүниені танудағы тұтастық тұрғыда бейнеленуін қарастыратындығы және олардың өзара ішкі байланыстағы заңдылықтарын сақтай отырып тізбектеліп берілуі, екіншіден, оқушының танымдық болмысының дамуындағы сана, ақыл-ой жүйесінің қызметтері психология ғылымының заңдылықтарына бағынатын күделі үдеріс ретінде қарастыра келіп, оның мәнін ашу, үшіншіден, оқушының тұлғалық болмысының даму деңгейінің көрсеткіштерінің бірі ретінде тілдік қарым-қатынастың өзіндік орнына тоқталдық. Бұл негіздемелеріміздің барлығы бастауыш білім беру кезеңінің өзіндік ерекшеліктері мен ондағы пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы дидактикалық заңдылықтарды баян ету. Бұл пәнаралық байланыстың негізгі міндеттерінің бірі – дидактикалық мәселенің білім беру мен оқыту және оқу үдерісінің дамытушылық сипатының арасындағы байланыстың бар екендіктерін негіздейді [95].

Бүгінгі қоғамдық құрылыста бастауыш білім беру жүйесі мазмұнының жаңа бағытта қайта құрылуы – ондағы білім мен тәрбие берудің мазмұнына ерекше мән беріп зерттелуі – философиялық әдіснаманың жетекші идеясы

негізінде заман талабына сай білім беруде тұтастық тұғырнамасының бірлігі мен жүйелік сипатына бағытталған маңызға ие болуы. Қай кезеңде болмасын, қоғамдық-экономикалық формацияларға тән қоғамның бастау бұлағы болып табылатын құбылыстың бірі – бастауыш білім беру негіздері. Бастауыш білім беру мазмұны адамзаттың тарихи дамуындағы қоғам құрылысының сипатына, бағыты мен идеологиялық, саяси-әлеуметтік және басқа да қатынастардың бірлігіне байланысты. Қоғамдық даму заңдылықтарына орай білім берудің мазмұны, міндеттері және оны ұйымдастыру жолындағы формалары мен әдістері талапқа сай, өмір сұранысын қанағаттандыру бағытына икемделіп отырады. Әр қоғамның даму бағытының жүйесі мен ондағы адам тәрбиесі жөніндегі идеялар жаңа тарихи кезеңдер мен жағдайларға сәйкес негізделіп, бастауыш білім беру мазмұнының сипаты да шығармашылықпен дами отырып, тарихи міндеттері жаңа тұрғыдан айқындалады. Себебі, қоғамдағы саяси-экономикалық және әлеуметтік саладағы өзгерістер білім беру жүйесінің қайта құру барысымен айқындалып, ескірген құбылыстар қоғам сұранысын қанағаттандыра алмайтыны анықталып, жаңаша құру идеясы басшылыққа алынып, тәжірибелердің жаңаруы мен ішкі үйлесімділік тұрғысында сабақтасып, өмірді ғылыми тұрғыдан танып білуге бағытталған ауқымды білім мазмұнына бет бұру анағұрлым айқын байқалды.

Мектептердегі жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен берілетін білім, әсіресе, бастауыштағы оқу-тәрбие барысы барлық уақытта да қоғам ықпалына байланысты. Бұл жеке даму ерекшелік тұрғысындағы заңға сүйене отырып, қоғам мен нақты объективтік, субъективтік қарым-қатынастарды анықтаудағы қоғамдық қатынастар бірлігінің мазмұны мен сипатын береді. Мемлекеттік жүйенің өсіп, өркендеп жетілуіне ықпал етуші алғы шарттардың бірі оқу-ағарту мен білім беру саласы. Бірақ, білім беру жүйесі де өз дамуында мемлекеттік құрылымның өтпелілік даму кезеңдеріне және оның ішкі заңдылықтарымен тығыз байланысты болмақ. Философиялық диалектиканың заңдылығына сәйкес білім беру де түрленіп, дамып, сатыланып, жетілдіріліп отырылуы дәлелдеуді қажет етпейтін табиғи құбылыс.

Білім беру жүйесінде сатылану бастауыш білім беруді өз алдына дербес карауға, оның құзырлығын анықтауға алып келді. Бастауыш білім берудің тарихын сөз етіп, оқу-жазу мәселесіне бойлау үшін өмір сүрген мемлекеттік билік жүйесінің даму тарихымен тығыз байланысты екенін ескергеніміз ақиқатқа жақын келеді. Өзгермелі дүниенің даму кезеңдерінде бір мемлекеттік құрылымның пайда болып, өсіп-өркендеуі, керісінше, табиғи өмір заңдылығына сәйкес, енді бірде оның ыдырап, күйреп жойылуына орай орнына екінші бір мемлекеттік билік құрылымның пайда болуы мүмкін. Дегенмен, алғашқы білім беру, сауат ашу, жазуға үйретіп, әріп таныту мен оқуға баулу мәселесі, жалпы айтқанда бастауыш білім берудің жоғалып кетпей, түрлі құбылыстарға икемделетіні қоғамдық әлеуметтік үлкен мәселе екендігін дәлелдейді. Біздің жағдайымызда Қазақстандағы бастауыш білім берудің теориясы мен тәжірибесінің даму жолындағы педагогикалық үдерістерге ғылыми талдау болғандықтан, бастауыш білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктеріне

тоқталып, талдау жасау заңдылық деп есептейміз. Қазіргі қоғамның ғылыми және тәжірибелік талабына сай теориялық, әдіснамалық жүйе негізі болатындай бастауыш білім беру сатысының дәрежелік деңгейі анықталған. Бастауыш сатысының міндеттері туралы және оның қоғамдағы қызметі жөнінде ғылыми түсінігін нықтау үшін, бастауыш сынып мұғалімі мамандарын педагогтік қызметке даярлаудағы алда тұрған тәжірибелік мақсатқа аса көңіл бөлінуі керек. Мақсат – қоғамдық даму мен бастауыш беру саласындағы әртүрлі үдерістерді зерттеп, талдауды қажет етеді. Олардың жағымды әрі тиімді және қолайсыз кері беттерін екшелеп, сұрыптап, анықтау мен даму тенденциялары арқылы білімдерді игеру бастауыш білім беру сатысының теориясы мен тәжірибесінің даму мақсатында ұлттық дәрежеде оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудің негізі болмақ. Бастауыш білім беру жүйесінің өзіндік ерекшелігін жете ұғыну және оның даму жолын қайта қарау қажет. Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда анатомия-физиологиялық, дүниетанымдық, жас және дербес ерекшеліктерін басшылыққа алудағы педагогика, психология ғылымдарының заңдылықтарына сүйене отырып, білім мен тәрбие беру мәселесін әртүрлі нысанда анықтауға, танымдық дамудағы түсіндірілетін өзара ішкі байланыспен қосылуға сай талаптары мен болжамдық мақсат, міндеттерінің бірлігінде болады және бұны жеке пәндерді оқытудың әдістемелік жүйесіне сүйен отырып іске асырылатына да мән беру қажет.

Білім беру жүйесін дамыту, мазмұнын жаңарту - оқушыларға тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгерту емес, оқушы тұлғасын дамыту, өмірдегі кездесетін көкейкесті мәселелерді өздігінен тиімді шешуге, жеке тұлға ретінде қалыптасу барысында өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне, қоғамда және түрлі ортада өзіндік орнын табуға мүмкіндік беретін білім, тәжірибе және түрлі қабілеттерді меңгертуге бағытталған.

Қазіргі білім беру жүйесінің басым бағыттары нәтижеге бағытталған, білім беру қызметінде базалық, әлеуметтік және білімдік құзіреттілігін қалыптастыру жағдайы мен дамыту бағыттарының жаңа логикасын анықтау. Бұл өз кезегінде білім беру саласының белгілі бағыттары – ізгіліктік көзқарас, тұлғалық, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік тұрғыдан білім беру. Яғни, оқушының жеке тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды жасау. Мектепте әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс. Сондықтан бастауыш білім беру кезеңінің міндеттері – баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына көмек беру болып табылады. Бүгінгі көзқараста - білім мазмұны тұлғаның жеке өмірінің, өзіндік білім мен тәрбиесінің субъектісі ретінде қалыптастыруға бағытталып, құзыреттілік, дамытушылық, іс-әрекеттік, тұлғалық бағдарлы тұрғыдан қарастырылуы өзекті мәселе болып танылады. Аталған идеяларды жүзеге асыру білім берудің жаңа мазмұнын құзыреттілік тұрғыдан жобалау арқылы мүмкін болатындығын дәлелдеп отыр.

1. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында: бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң

мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Сондай-ақ, бастауыш білім беру баланың жеке тұлға ретінде адамгершілік қасиеттерінің, оның қоршаған ортаға эмоционалдық-құндылық қатынасының, оқу үдерісіне оң мотивациясының қалыптасуын және таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен шеберліктерінің дамуын қамтамасыз етеді. Бастауыш білім мазмұнын төмендегідей білім саласын құрайды: **1.Тіл және әдебиет:** Сауат ашу, Қазақ тілі, Әдебиеттік оқу, Қазақ тілі (Т2), Орыс тілі (Я2), Ағылшын тілі; **2.Математика және АКТ:** Математика: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ); **3.Жаратылыстану:** Жаратылыстану; **4.Адам және қоғам:** Дүниетану, Өзін-өзі тану; **5.Өнер:** Музыка, Бейнелеу өнері, Еңбекке баулу; **6.Дене шынықтыру:** Дене шынықтыру» - деп негізделген [96].

Осы тұрғыдан келгенде, педагогика ғылымы жаңа парадигмаға сәйкес білім беруді жаңарту барлық білім беру деңгейлерінде бірыңғай әдіснамалық тұғырдың болуын талап етеді. Білім беруді реформалау үрдісі білім мазмұнын зияткерлік, моральдық және рухани жетілуді жеке тұлғалық ізденуді жүзеге асырушы адам типін жобалайтын жаңа нобай болып табылатын ықпалдасуға негізделеді.

2. Бағдарламаның келесі тиімділігі, Кембридж бағдарламасы бойынша жұмыс жасайтын мұғалімдердің дамып, жан-жақты ашылуына жол ашады: 1/ жаңаша ізденістермен оқыта отырып, зерделей ізденетін, оқушыларға белсенділікпен қамқорлық көрсетіп, ықпал етіп, бағдар беретін мұғалімдер; 2/ әрбір оқушының пәнді түсінуін қалай құру керек екендігін ойлайтындығымен және білетіндігімен санасатын, осы көзқарастар тұрғысынан білімі мен тәжірибесін қалыптастыратын, сондай-ақ оқушының білім беру бағдарламасы деңгейлері бойынша ілгері жылжуын өрістету мақсатында мазмұнға сәйкес кері байланыс орната алатын кәсіби білімі мен түсінігі бар мұғалімдер; 3/ оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін білетін, бүкіл оқушылардың бұл өлшемдерге тиісті дәрежеде сәйкес келуіне қолдау көрсететін, ағымдағы білім мен «Біз қайда бара жатырмыз?», «Қандай іс-әрекет жасап жатырмыз?», «Одан кейін не істеу керек?» деген сияқты, оқушылар мойындаған табыстылық өлшемдері арасындағы алшақтықты жою үшін не істеу керек екендігін білетін мұғалімдер; 4/ бастапқы идеядан басқа да идеяларды өрістетіп байланыстыратын және сол идеяларды оқушылар зерделеп, қарастырып, жандандыра алатындай мүмкіндіктерге жол ашатын мұғалімдер. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістер қазіргі білім беру саласында қызмет ететіндерге үлкен жауапкершілік артып отыр. Бұл жауапкершілік, ең алдымен, бастауыш сынып мұғалімдеріне жүктелетіні белгілі [97].

Жаңартылған оқу бағдарламасында оқушылардың танымдық, білімдік, тәрбиелік деңгейлерінің өсуі мен дамуында қарым-қатынастық оның ішінде тілдік мәселенің басты орынға ие болуын педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы оқыту, оқу іс-әрекетін жүргізудегі білім, мен тәрбие беру

жұмыстарында оқушылар мен мұғалім арасында жұмыстың нәтижелі болуының негізі ретінде қарастыру қажеттілігі алынған. Олар: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым.

3. Қазіргі жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасының мазмұнына енгізілген 8 жаңашылдық бағыттар арқылы: «пән мазмұнының шиыршық қағидатпен берілуі, бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі; білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою; оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу), оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру; оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру; оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру; бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы; Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы» – бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әректтерін жаңаша педагогикалық тәсілдер негізінде ұйымдастыруда олардың интеллектуалдық, эмоционалдық, іскерлік, коммуникативтік т.б. жағынан әлеуметтік орта мен ғылыми-дүниетанымын дамытуда (қоршаған ортаға ғылыми тұрғыдан көзқарастың қалыптасуы мен табиғатпен, басқа адамдармен, өз-өзімен, т.б.) өзара белсенді әрекеттестік қарым-қатынасқа бейімдеуде бастауыш сатының негізгі қызметінің мазмұны ашылды [98].

Бастауыш сатыда оқушының жалпы және психикалық дамуының бұл сияқты жеткілікті деңгейіне қол жеткізу үшін, ең алдымен білім берудің мақсат приоритеті түбегейлі өзгеруі керек: бірінші кезекке, бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқыту және оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойыландығына мән беріп отыру керектігі басшылыққа алынғандығына – бұл оқушы тұлғасының толық қанды дамуына негіз болатындығын дәлеледейді. Білім берудегі оқыту мен оқу іс-әрекеті - адамның ақыл-ойының дамуына ықпал жасаушы, арнайы ұйымдастырылған танымдық әрекет және тұлға дамуының көрсеткіш деңгейлерінің құрылымдық-құрамасы. Кез-келген оқыту мен оқу іс-әрекеті белгілі бір мөлшерде адамды дамытады. Даму ұғымы философиялық сөздікте: «...мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы», – деп түсіндіріледі [99].

4. Отандық орта білім мазмұнын жаңарту барысында қазіргі өмірде кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Бұл дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделі отырып, оқушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. «Кең ауқымды дағдылар» келесі іс-әрекет түрлерінен тұрады: білімді шығармашылықпен қолдану; сыни тұрғыдан ойлау; зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ қолдану; тілдік дағдылармен бірге қарым-қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану; топта және жеке жұмыс жасау біліктілігі. Бұл оқудағы жетістіктер нәтижелі

сипатқа ие, ал оқу үдерісі оқушылардың әрбір сабақта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипаттайды. Бұл жағдайларда оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Әрбір оқушыны жасына да, мүмкіндігіне да қарамастан тұлға ретінде қабылдауға қол жеткізуге ұмтылу қажет. Оқыту мақсаты оқушы және мұғалім үшін ортақ болады, міне, білім мазмұнын жаңартудың педагогикалық аспектісінің мәні осында. Бұған қол жеткізуде әрбір мұғалім өзінен бастайды, ол жаңарту үдерісінің әлеуметтік аспектілерін көрсетеді [100]. Бұл бастауыш сынып мұғалімінің кәсіптік қызмет әрекетіне жаңашылдықпен қарап, шығармашылдықпен айналыса отырып, бастауыш білім беру кезеңіндегі оқу-тәрбие үдерісінің сапалық деңгейінің жаңа бағытта көтерілуін талап ететін педагогикалық құбылыс. Білім берудегі оқыту мен оқу іс-әрекетінің жүру барысындағы оқушы тұлғасы дамуының сапалығы - мұғалімнің қолданатын сан алуан әдіс-тәсілдері арасындағы байланысты және бастауыш білім беру кезеңін ұйымдастырудағы дидактикалық заңдылықтардың сақталуы мен орындалу талаптары әрі мұғалімнің өз кәсібін шығармашылдықпен орындауына байланысты болып табылады. Мұғалім өз қызметін шығармашылық бағытта ұйымдастыра білуі үшін, ең алдымен, өз қызметінің мәнін түсіне білуі шарт.

Мәселен, бастауыш білім беру кезеңіне 6-10 жас арасындағы оқушы-балаларды қамту мен қабылдау мезгілінің өзгертілуінің негізінде жатқан теориялық мәселелерге терең үңілсек біріншіден, бастауыш білім беру ауқымының ықпалы мектепке дейінгі тәрбиеге қарай ығысты. Осыған байланысты бастауыш білім берудің әдіснамалық, ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздері күрделі өзгеріске ұшырауына әкеп соғады. Себебі, алты жастағы және жеті жастағы балалардың анатомиялық және физиологиялық даму ерекшеліктерінде үлкен айырмашылық бар екені анық. Екіншіден, мектепке дейінгі тәрбие бағдарламасы мен бастауыш білім беру бағдарламаларының ықпалдасу деңгейлері жоғарылай түседі. Үшіншіден, бала дамуындағы санитарлық-гигиеналық ережелердің орындалуындағы талаптарға өзгерістер енеді, өмір сүру ырғағына бейімделеді. Төртіншіден, бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары бұрынғы бастауыш мектеп бағдарламаларына қарағанда нақты өзгерістер енгізуді талап етеді. Бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларының жүктемелері жеңілдетілу бағытында жүреді. Бесіншіден, оқу бағдарламаларының мақсаты өзгертілуі тиіс. Даму бағдарламасында белгіленгендей, бастауышта білім берудің мақсаты оқу, жазу, есептеудің нақты дағдыларын қалыптастыру мен дүниетанымдық болып отыр. Алтыншыдан, бастауыш білім беру мазмұнына: қарапайым тілдік қарым-қатынас – үш тілділікке бейімдеу және информатикалық сауаттану мәселесі еніп отыр. Осының нәтижесінде оқушы шығармашылықпен өзін-өзі көрсетуі, мінез-құлық мәдениеті рухани-адамгершілікті тұлға ретінде қалыптасуы көзделіп отыр. Жетіншіден, жоғарыда баяндалып, ғылыми негіздемелер жасалаған ой тұжырымдардың барлығының өзегі ұлттық болмыстың аясында жүзеге асырылуы керек. Сондықтан оқу бағдарламалары және педагогикалық

үдерістегі қарым-қатынастар ұлттық тәрбие жүйесіне бағындырылып, оны өзек етіп алуы тиіс [101,102].

Бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы мен қабілеттерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес жүйелілікпен және қарқынды дамуына ықпал ету, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің дұрыс ұйымдастырылуы мен талаптық деңгейінің сапалылығына тәуелді болмақ. Бастауыш сыныптарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың мазмұны - оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетіндегі қол жетерлігі мен шығармашылықпен ойлау алу мүмкіндіктеріне ие болуы, мұғалімнің ұтымды педагогикалық әрекет жасауы мен олардың арасында ынтымақтастық қарым-қатынастар орын алғанда ғана оң нәтиже береді.

Бастауыштағы оқыту мен оқу іс-әрекетін ұйымдастыру төмендегідей жалпы дидактикалық ұстанымдарына ие болады. Мұнда оқушы тұлғасының жас және психофизиологиялық даму ерекшелігінің ескерілуі; күтілген нәтижеге жетуге бағдарлығы; ашықтығы, достық қарым-қатынас (ынтымақтастық педагогика); белсенді іс-әрекетте болуы.

1-сыныпта педагогикалық үдерістегі оқыту мен тәрбиелеу – тікелей мұғалімнің басшылығымен;

2-сыныптың педагогикалық үдерісінде оқыту мен тәрбиелеу және оқу іс-әрекетіне баулу, тапсырмаларды жеке орындау біліктілігін игеру (оқушының өздігінен білім алу) мұғалімнің жетектеуімен;

3-сыныптың педагогикалық үдерісінде оқыту мен тәрбиелеу және оқу іс-әрекетіне баулу, тапсырмаларды жеке орындай алу біліктілігін толық деңгейде меңгеруі (оқушының өздігінен білім алу) – мұғалімнің қадағалауымен;

4-сыныптың педагогикалық үдерісінде оқыту мен тәрбиелеу және оқу іс-әрекетіне баулу, тапсырмаларды жеке орындай алу біліктілігін жоғары деңгейде меңгеруі (оқушының өздігінен білім алу) – мұғалімнің бағыттаушылық нұсқаумен. Міне, осы бағыттағы мұғалімнің қызметтік іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы бастауыштағы педагогикалық үдерісті жүзеге асыруы – бұл қазіргі заман талаптарын орындай алу барысы деп түсіне аламыз [103]. Өйткені, қазіргі жаңартылған білім мазмұнының бағыты да оқушының өздігінен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастырып, дамытуға негізделген. Бұны білім беру жүйесінің бастауыш сыныптарында педагогикалық үдерісті жүргізудегі оқытудан – оқу іс-әрекетіне көшу деңгейлерін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік қағидасы ретінде қабылдауымыз қажет және мұғалім өзінің педагогикалық қызметін осы қағида аясында жүргізуге бағыт-бағдарын алуы тиіс. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетін анықтаудың негіздері оның мақсат қоюшылығы мен мақсатқа қол жеткізудегі жүйелі жұмысының бағыттылығы болап табылады. Мұғалім мақсатты орындауда бірнеше әрекеттерді біртұтастыққа топтастырып оны педагогикалық үдерістің заңдылықтарына бағындырып және бағыттаушылығындағы жүйелілікті естен шығармауы керек. Бұндай ғылыми негіздемені педагогика ғылымының әдіснамалық тұрғысынан қарасақ – мұғалім педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудағы мақсаттың қорытындысы мен түпкі нәтижесін алдын ала

болжай білуі және оның белгілі құралдар көмегімен жүзеге асатындығын көре біліп, елестете алуын сипаттайды. Бастауыш сынып мұғалімінің оқушыларғы білім беру мен оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастырудағы тәрбиелілік, оқу танымдық, мотивациялық іс-әрекетін қарастырсақ.

Бастауыш білім берудің басым бағыты – оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру болып отырғандықтан төмендегі мәселелер ескерілуі қажет:

1. Оқушының жеке мүмкіндігін ашу, қоршаған орта жөнінде ғылыми білімді игерту, оқу-танымдық іс-әректің ұйымдастырып, дағдыларын меңгерту, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру;

2. Оқытудағы және оқу әрекетіндегі талабын ашып, білігін қалыптастыру яғни, оқыту немесе оқу және тәрбиенің біртұтас әрекет екендігін қалыптастыру;

3. Білім берудің кезеңдік сатыларындағы педагогикалық үдеріске оқушының ынталық, танымдық қызығушылықтарын арттыруға ықпал жасау.

Қорытындылай келе, педагогикалық ой мен ғылыми тұжырымдардың іске асуы және оның тәжірибеде оң нәтиже беру үшін бірқатар қарама-қайшылықтарда жоюға тура келеді. Солардың негізгілері:

- теория мен тәжірибенің байланысы, озық ой-пікірлерді жүзеге асыру, педагогтардың жаңа ғылыми тұжырымдамаларын, жаңа педагогикалық ойларын бағдарлай отырып, бүгінгі күннің сұранысын қанағаттандыра алмайтын өзінің күшін жоя бастаған педагогикалық үдерістердің тозығын тастап, озығын алып, алға ұмтылу қажеттілігін түсіну;

- педагогикадағы негізгі әдіснамалық басқа ғылымдармен пәнаралық байланысты пайдалану. Қазіргі кезде ең көп таралған қолданыста жүрген ұғымдарды білу, олардың мағынасын түсіну;

- педагогикадағы ғылыми зерттеу үдерісі мен құрылымын философия, әлеуметтану, психология және т.б. ғылымдар арқылы жетілдіру. Педагогикалық көкейтесті мәселелердің көзі үнемі педагогикалық тәжірибе аймағы арқылы кеңейтіп, негіздеу;

- педагогика ғылым логикасы мен мұғалімдердің тәжірибелік әрекетінің логикасы көбіне сәйкес келе бермейді, сондықтан педагогика теориясымен айналысушылар және практиктер арасындағы пайда болған түсініспеушіліктерді жою, және т.б.

Мұғалімнің білім беру мен оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастырудағы оқу-танымдық іс-әрекетіндегі атқаратын қызметі:

- ✓ білім беру кезеңінің пәндік және түйінді мақсаттарын ескере отырып, оқу үдерісінің нақты мақсаттарын жобалау;

- ✓ педагогикалық үдерісте оқу материалдарын игеруді ұйымдастыру бойынша міндеттер кешенін шешуге бағдарланған білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес құрастыру;

- ✓ оқу материалдарын даярлау және оқу мақсаттарына сәйкес оқытуды ұйымдастыру;

- ✓ педагогикалық үдерісті жобалауға және іс жүзіне асыруда ақпараттық ортаның мүмкіндіктерін пайдалану;

✓ оқушының оқу материалын игеруінің тұлғалық-әрекеттік бағыттылығын реттеу;

✓ оқушының озық дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау (дамудың жақын зонасына жетуі);


✓ құзыреттілік түрінде жеке қол жеткізген нәтижелеріне жағымды көңіл-күй (эмоция) туғызу, қолдау көрсету және психологиялық жағымды орта құру;

✓ оқушының өзінің алған білімін қолдана білудегі жеке тәжірибесі мен өзін-өзі бақылауын (өз іс-әрекетіне есеп беруін), өзіндік білімін көтеруге дайындығы бойынша білім алу кеңістігін кеңейту мүмкіндіктерін қарастыру;

✓ ағымдағы нәтижелерді бағалау, қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған оқытуды уақытында түзету.

Яғни, мектептің қазіргі жағдайындағы әдістемелік жұмыс мұғалімнің дамуына, кәсіби шеберлігінің өсуіне, жеке пәндердің және педагогика, психология ғылымдарының соңғы жетістіктерінен хабары бар құзырлы маман ретінде толық қалыптасуына ықпалын күшейте түсуі керек. Бұл мәселелердің ғылыми-теориялық, әдіснамалық негіздерін мұқият қарастырған жөн. Білім берудің әлемдік кеңістігіне ену- басқа халықтың немесе басқа мемлекеттің білім беруге байланысты жүйесін тікелей қабылдау емес. Осы мәселенің ғылыми-теориялық және тәжірибелік негіздерінің дұрыс жүзеге асуы ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың, мемлекеттің, ұлттың білім беру жүйесінің өзіндігінің сақталуында. Қазіргі бастауыш білім беру жүйесінде орын алған жаңартылған білім мазмұнды оқу бағдарламалары негізінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы, оқушылардың жеке тұлғалық болмысын қалыптастыру мен дамыту және қоршаған орта мен әлемдік дүниенің жаратылысын ғылыми тұрғысындағы түсінікті, біртұтастық жүйеде қалыптастырудың нобайын /моделін/ құрастыру. Дегенмен, зерттеу тақырыбының қойған мақсатын анықтаудағы туындаған болжамның растығына және дәлелденуіне қол жеткізу барысында пәнаралық байланыстың педагогикалық шарттарының мазмұндық жүйесін ашып, зерттеу тақырыбымыздың аясындағы жеке мән берілетін мәселе тұрғысынан қарауды қажеттілігі туындап отыр. Бұл болжамдаған немесе күтілетін қорытында нәтиженің құрылымдық-құрамасын білдіретін жүйе тұрғысында қабылдауға негіз болады. Сондықтан, жаңартылған білім мазмұны аясында бастауыш сыныптарда пәнаралық байланысты жүзеге асыруды ғылыми тұрғыдан негіздеп, әдістемелік жүйесін қалыптастырудың нобайын жасамастан бұрын, оның басты бағыты болып табылатын жаңа білімдер негізінде бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғалық болмысының дамуына педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудағы ғылыми заңдылықтары мен педагогикалық шарттарын анықтаудың нобайын жасау қажеттілігі орын алды (сурет 2).

Сурет 2. Пәнаралық байланыс негізінде бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғалық болмысының дамуына педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудағы ғылыми заңдылықтары мен педагогикалық шарттарын анықтаудың нобайы /модель/.



Нобайдағы ғылыми заңдылықтар: **Мазмұндық** – оқу бағдарламасындағы ұсынылған материалдардың жүйесі және жеке пәндер мазмұнындағы жинақталып берілген білімдердің өзара байланыстылығын түрлі ғылымдардың интеграциялануы негізіндегі көрініс тапқан құбылыс ретінде меңгертуге мүмкіндік жасау. Бұл оқушының тұлғалық болмысының дамуында ойлаудың дербестігі, зияткерлігі, қызығушылық-белсенділіктерін, жекеден жалпыға –

жалпыдан жекеге және т.б. арттыруда – әлемді немесе қоршаған ортаны түсінудегі біртұтастықтың бейне қалыптастырудағы танымдыққа бағыт беру. **Мақсатты-мотивациялық** – ортақ тақырыпқа бағындырылған білімдерге қызығушылық; «шиыршық» жүйесімен ұсынылған кешенді білімнің маңыздылығын сезіну және меңгеру; түрлі ғылымы саласынан білім беретін пәндердің мазмұндылығы жағынан тұтастықты беретін танымдық жүйе тұрғысынан қатынас жасау, ынта-жігердің артуы. **Іс-әрекеттік** - танымдық іс-әрекет бағыты бастауыштағы жеке пәндер бойынша берілетін білімдерді ортақ тақырыптар жүйесімен игеру; әлемді ғылыми тұрғыда тануға негізделген алғашқы білімдер жүйесін меңгеру; танымдық білімдері туралы түсініктердің қалыптасуы және өмірлік тәжірибемен үйлесуі, оқушының жеке тұлғалық болмысын дамуындағы өзін-өзі тәрбиелеу әрекетінің орын алуы; оқу-танымдық әрекеттегі оқушының белсенділігі және т.б.

1-ші шарты: Оқу пәндер арасындағы өзара байланыстың болуы – түрлі ғылым салаларын меңгеру және танымдықтың /оқу-жаңа білімді алу, тәрбие, даму/ кешенді түріне ие болу арқылы тілдік қатынастың ерекшелігін ескеру – бұл: бастауыштағы орын алатын пәнаралық байланыстарда оқушылардың әртүрлі ғылыми ұғымдар жүйесімен таным-түсініктерінің қалыптасуын зерделеу, ауызша және жазбаша нормаларын меңгеруі, сөйлеудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес қарым-қатынастың түрлі жағдайында мәнерлік тілдік құралдарды пайдалану білігі. Сауатты сөйлеу мен сөздік қорының артуына, алға қойылған мақсатты айқындауда, танымдық әрекеттегі оқыту технологиясының табиғатында жатқан дүниетаным логикасының қазақ ұлттық дүниетаным жүйесінде де танылған бейнесін салыстыра отырып, оқушыларда ана тілі арқылы білімді төл табиғатына жақын етіп беруді басшылыққа алады.

2-ші шарты: Дүниені ақиқаттық және шындық тұрғысынан танудағы білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерін оқудағы бірізділіктің болуын басшылыққа алу – бұл: оқытудағы бірізділік – жаңа оқу материалын оқу бұрынғы оқытумен қамтамасыз етілетін көрсететін білім беру және оқытудың талабы. Білім талаптың орындалуы оқыту үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Жаңа материалды баяндауда мұғалімнің үнемі оқушылардың қабылдаған білімдеріне сүйенуді бұл олардың жұмысын жандандырады, бұрынғы оқылған материалдарды қалпына келтіріп, оқушы санасында берік бекуіне көмектеседі. Бұл талаптың тәжірибеде пайдаланылуы оқытудың қарапайымынан күрделіге, жақыннан алысқа, жеңілден ауырға, нақтылыдан абстрактіліге деген ережелерін орындауда байқалады. Бастауыштың оқу жоспарлары мен бағдарламалары оқытудағы бірізділігін қатаң сақтай отырып жасалады және оқудағы бірізділік пәнаралық байланыстады жүзеге асыруда ерекше мәнге ие болады.

3-ші шарты: Пәнаралық байланыс жан-жақты танымдық білім мен тәрбие беруде жеке пәндерді топтастыруда ортақ тақырыптардың болуын жүзеге асыру – бұл: оқушылардың ақыл-ойы және күш-қуаттық қабілеттерінің, дүниеге көзқарасын, моралін, жүріс-тұрысын, қоғамдық өмірге және еңбекке даярлығының меңгеруін қамтамасыз ететін ғылыми білімдердің, біліктердің,

дағдылардың, қатынастардың және шығармашылық іс-әрекеттің барыстары. Білім беру және тәрбиенің көзі болып мәдениеттің бүкіл көп түрлілігі қызметін шиыршықтық жүйемен оқу-тәрбие жұмысында теория мен тәжірибенің байланысын жүзеге асыру жолы, оқушыларды өмірге даярлаудың маңызды шарты.

4-ші шарты: Пәнаралықты ұйымдастырудың әдістемелік-жаңашылдық жүйесін қолдану, оқушыларға білімі-танымдық және тәрбие беру барыстарының барлық салаларын кешенді жүзеге асыруға ықпал жасау – бұл: нақыт міндеттерді шешуге бағындырылған, шындықты меңгерудің тәжірибелік немесе теориялық салыстырмалы біркелкі тәсілдері мен амалдарының жиынтығы. Педагогикалық жаңалықтарды жасау, қабылдау, бағалау, меңгеру, қолдану барысын басқару мен жеке пәндерді оқыту саласының тәсіл, айлаларын жақсы және білікті қолдану, соның негізінде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін орынды шеше алу.

5-ші шарты: Пәнаралық байланыстағы білім беру мен оқыту және тәрбиелеу барыстарын ізгілендіру /гуманизациялау/ – бұл: оқытудың мазмұнына, формасы мен әдістеріне рухани-адамгершілік пен ізгілендіру идеяларын тарату; білім беру үдерісімен тұлғаның еркін және жан-жақты дамуын, оның қоғам өмірінде анық әрекетті қатысуын қамтамасыз ету. Оқытуда әрбір білім алушы оқушыға рухани бай, технократия мен адамгершіліксіздікке қарсы тұра алатын дамыту мақсатында жаратылыстану-математика, гуманитарлық және эстетикалық білім мен тәрбие беру пәндер циклдері арасында үйлесімді тепе-теңдікті орнату. Оқушы тұлғасының берік және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін өмірге құндылық қатынастарды қалыптастыру. Оқушы болмысының істері мен ойларына жоғары сипат беруге қабілетті борышын сезіну, әділдікті, шындықты, жауапкершілікті және т.б. тәрбиелеу.

6-шы шарты: Пәнаралық байланыста әр оқушының тұлғалық жеке ерекшеліктерін дамыту мен оқыту және тәрбиелеудегі бірлескен ұжымдық әрекетті ұйымдастыру – бұл: педагогикалық үдерісте орын алған пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға қатынасушылардан өзара келісім мен ынтымақтастық, бірлескен іс-әрекетті үйлестіру, тұрақты өзара әсер жағдайында болу біліктерін талап ететін жеке, ұжымдық және топтық жұмыс болып табылады. Оқу-тәрбие үдерісінде әлеуметтену, өзара әрекет, оқушы тұлғасының жеке және ғылыми-танымдық мүдделерін біріктіреді.

7-ші шарты: Пәнаралық байланыс - мұғалімнің кәсіби қызметіндегі шығармашылдық және педагогикалық әрекетті ұйымдастыру мен белсенділігі – бұл: жеке пәндердің оқу материалдарын өзара кіріктіру жағдайындағы оқу-тәрбие үдерісіндегі, оқушылармен қарым-қатынастағы тиімді және қалыпты жағдайдағы емес педагогикалық шешімдерді мұғалімнің жасап шығаруы және жүзеге асыруы. Кәсіби шығармашылық педагогта терең және жан-жақты білімдер, оларды сын көзбен өңдеу және мағыналы ұғынудың бар екендігімен сипатталау; педагогикалық әрекеттерге теориялық және әдістемелік қағидаттарды бірінен-біріне ауыстыру білігі; өз бетімен білім алу және өзін-өзі

жетілдіру, жаңа әдістемелерді, формаларын, тәсілдер мен құралдарды және олардың түп нұсқалы біріктірілуін, іс-әрекет жүйелерінің диалектілігі, өзгергіштігі, жаңа жағдайларда қолда бар тәжірибені қолдану тиімділігі; өз іс-әрекетін және оның нәтижелерін рефлексивтік бағалауға қабілеті; білімдер мен алдын ала сезінуге негізделген түрлендіруге қабілеті; көп мәнділікті көре білуі.

8-ші шарты: Оқушылардың білімділік, дамушылық және тәрбиелік деңгейін анықтау, пәнаралық байланыстағы оқушылардың әрекеттерін іске асыру, диагностикалау – бұл: педагогикадағы пәнаралық байланыс құбылысын талдау – өзінің оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін, жағдайын мұғалімнің өзі зерттеуі, педагогикалық құбылыстардың құрамалары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жетілдіру жолдарын онан әрі анықтау. Педагогикалық талдаудың қызметтері: /диагностикалық, танымдық, түрлендіргіштік, өз бетімен білім алушылық/. Педагогикалық үдерістегі пәнаралық байланыс жағдайларын объективті және жан-жақты зерттеуді қамтамасыз ететін оқытудың өлшенетін көрсеткіштерін есепке алу тәсілі; танымдық барыста орын алып отырған барлық өзгерістерді анықтау тәсілі. Диагностика бақылаудан (тексеру), бағалаудан, статистикалық деректердің жинақталуынан, олардың талдауынан, серпін мен беталысты айқындаудан және одан әрі дамудың болжамын құру.

Жоғарыдағы нобайда берілген педагогикалық шарттары - оқу материалдарындағы білімдерді пәнаралық жүйе негізінде ұйымдастыру мен басқарудың құрамдаушы құрылымының танымдық және мазмұндық сәйкестілік бағыттылығы заңдылығына сүйене отырып, жүйелі және бірізділік жолымен жалғасып жатады. Бұнда жаңа білімдер негізінде педагогикалық басшылық жасау құралдары арқылы оқушылардың тұлғалық жеке болмысының дамуына ықпал жасау жиынтығының тұтастық бейнесі қалыптастыруда пәнаралық байланыс шарттарын өз алдына дербес қарастыру мен анықтау арқылы жүйесін көрсету орын алды. Бұл өз кезегінде, зерттеу тақырыбымыздың ғылыми-теориялық және тәжірибелік мазмұнына негізделген – алдыңғы уақытта орындалатын - жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттарына негізделген құрылымдық-мазмұндық нобайды жасуға негіз болды және сол бағытқа бағыттады.

1.4. Бастауыш сыныптарда жаңартылған білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың нобайы

Қазіргі кезеңдегі ықпалдастықтың мазмұны мемлекеттер мен қоғамдық құрылымдар және ғылымдар аралық т.б. біздің өмірімізде кеңінен орын алып отырғандығы анық. Әсіресе, жалпы ғылыми танымдық үдерісті жүзеге асыруда ғылымдардың ықпалдастығы немесе ғылым негіздерін беретін пәндердің мазмұндық құрылымын өзара байланыстыру яғни, пәнаралық байланысты жүзеге асыру жолдары кең орын алуда. Бұл бізді қоршаған ортаны тұтастық тұрғыдан тануға және жеке адамдардың танымдық болмысын жүйелеуге

көмектесетіні анық. Оқу үдерісінің барысында бастауыш сынып оқушыларының танымдық, тәжірибелік мақсатты-бағдарлы іс-әрекеттермен шұғылданады. Осы іс-әрекеттердің нәтижесінде оқушыда пәнаралық байланыс іскерлігі қалыптасады. Осы бағыттағы мәселемен айналысушы ғаламдардың ой-түйіндеулері бойынша: «бастауыш білім беру кезеңінде оқушылардың ойлауын білімді меңгеруге деген жалпы қабілеті тұрғысынан қарастырады. Бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгерімі олардың ақыл-ой дамуымен – анализ, синтез, салыстыру, қорыту сияқты ой операцияларын қалыптастырумен, ақыл қасиеттерімен әрі нақты және абстракциялы ойлау түрлерінің арақатынасымен тығыз байланыстырады», -деп негіздейді өз зерттеулерінде Н.А.Оразахынова. Яғни, пәнаралық байланыс бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес және олардың өзіндік даму сипатына орай жасалынады [104].

Қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, эстетикалық білім мен тәрбие беру бағытындағы пәндер циклінің ерекшеліктерін тек мазмұндық жағынан ғана емес, сондай-ақ құрылымдық жүйе, оқу материалдарының түзу жолындағы әдістемелік жағдайын негізге алып, осы бағытта ғылыми-зерттеушілікпен айналысатын педагог-психологтар және жеке пән әдіскерлерінің ғылыми еңбектері қазіргі сұраныс-талаптарға негізделген білім беру мазмұнындағы ерекшеліктерне жаңаша көзқарастары тұрғыснан қарап-талдаулар арқылы пәнаралық байланысты ұйымдастыру мен өткізуге қатысты озық ойлы пікірлерін айтуда. Пәнаралық байланыстар пәндерге ортақ мәліметтер, түсініктер, идеялар мен іскерліктер және дағдыларға орай қалыптастырылуы қажет. Сондай-ақ пәнаралық байланыстар кең танымдыққа бағыттайтын жан-жақтылық сипатта болады. Өйткені, олардың қызметі мен ықпалы барлық пәндерге жалпы, ортақ, оқушылардың танымдық болмысын тұтастық ғылыми тұрғыдан дамыту болып келеді. Психологтар пәнаралық байланыстың негізгі нәтижесі – тәртіппен топтастырылып, өзара байланыста толықтырыла берілген білімдер жүйесінің мида орналасуы, яғни, жеке пәннің білім мазмұнындағы өзіне тән қағидалық ерекшеліктері, демек жекелік емес тұтастық тұрғыдағы көзқарасқа басымдық береді. Бұл оқушылардың шығармашылық іс-әрекетке дайын екендігін дәлелдейді. Ал, педагогтар жалпы білім беру мазмұнын пәнаралық байланыс негізінде жетілдіреді. Оқу үдерісіндегі іс-әрекет нәтижесі оқушыда пәнаралық байланыс іскерлігін қалыптастыру екендігін атап көрсетеді. Жеке пән әдіскерлері, педагогтар мен психологтардың ғылыми негіздеріне сүйене отырып, оқушыларға білім мен тәрбие беруді ұйымдастыру арқылы дүниетанымын дамытуда пәндерді топтастыру және бір пәннің білім мазмұны төңірегінде басқа пәндердің білімдерін кіріктіру негізінде сабақтарды жүргізуде оқушылардың дүниетанымдық болмысын тұтастық тұрғыдан байланыстырып дамытуды басшылыққа алатындығын және оның құралдары жайында да ой-пікірлерін білдіреді. Пәнаралық байланысты жүзеге асырудың құралдарының ең басты түрінің бірі – тілдік қатынасты айтады. Отандық орта білім мазмұнын жаңарту барысында қазіргі өмірде кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Бұл

дағдылар жалпы адамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделі отырып, оқушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. «Кең ауқымды дағдылар» келесі іс-әрекет түрлерінен тұрады: білімді шығармашылықпен қолдану; сыни тұрғыдан ойлау; зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ қолдану; тілдік дағдылармен бірге қарым-қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану; топта және жеке жұмыс жасау біліктілігі. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі – оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу процесі оқушылардың әрбір сабақта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайларда оқушы - таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Әрбір оқушыны жасына да, мүмкіндігіне да қарамастан тұлға ретінде қабылдауға қол жеткізуге ұмтылу қажет. Оқыту мақсаты оқушы және мұғалім үшін ортақ болады, міне, білім мазмұнын жаңартудың педагогикалық аспектісінің мәні осында. Бұған қол жеткізуде әрбір мұғалім өзінен бастайды, ол жаңарту үдерісінің әлеуметтік аспектілерін көрсетеді. Мұғалім педагогикалық ойлау немқұрайлығын жеңуі және оқушымен бірге өзі де оқуы тиіс. Бұл оқушылардың қолайлы дамуы үшін достық қарым-қатынастағы ортаны құру болып табылады [105].

Жаңартылған білім беруді ұйымдастыратын оқу бағдарламасында оқушылардың танымдық, білімдік, тәрбиелік деңгейлерінің өсуі мен дамуында қарым-қатынастың оның ішінде тілдік мәселенің басты орынға ие болуы - педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы оқыту, оқу іс-әрекетін жүргізудегі білім, мен тәрбие беру жұмыстарында оқушылар мен мұғалім арасында жұмыстың нәтижелі болуының негізі ретінде қарастыру қажеттілігі алынған. Мәселен, оқу бағдарламаларында: «Пәннің мазмұнын зерделеуді қолдау мақсатында пән мұғалімдері пәндік академиялық тілді үйренуді де қолдайды (1.5-бөлім)». «Бүкіл оқу бағдарламасында оқушылардың жазбаша түрде де, ауызша түрде де өздерінің жолдастарымен, мұғалімдерімен және біршама ауқымды жұртшылықпен құралдардың және академиялық тілдің тұтас диапозонын дұрыс пайдалана отырып, өзара қарым-қатынаста болуына қолдау көрсетіледі (1.8-бөлім)». Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктерінің бірі – пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру және бір білім беру мақсаты аясында «ортақ тақырыптардың» берілуі. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «Тіл мен әдебиет» білім беру саласындағы пәндердің мазмұнында сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған коммуникативтік тәсілді қолдану көзделеді. Олар: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым [106].

Жаңартылған білім мазмұны аясында бастауыш сыныптарда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын ғылыми тұрғыдан негіздеп, әдістемелік жүйесін қалыптастыру үдерісін мүмкіндігінше толық қарастыру үшін ғылыми-зерттеу әдістердің бірі – нобайын құру /моделдеу/ әдісін тандап алдық.

Нобай /модель, нұсқа, үлгі/ – түпнұсқаны зерттеу барысында оны алмастыра алатын және оны зерттеу үшін маңызды жақтарын сақтайтын материалды немесе ойша елестетуге болатын объект. Нобай /модель, нұсқа, үлгі/ құру үрдісі үлгілеу деп аталады, басқаша айтсақ, үлгілеу – түпнұсқаның құрылымы мен қасиеттерін үлгі арқылы зерттеу үдерісі. Нобайын жасау – ғылыми зерттеулерде ең көп таралған әдістердің бірі. Ол материалдық және идеалдық болып бөлінеді. Материалдық үлгілеу физикалық (заттық, түпнұсқаның үлкейтілген немесе кішірейтілген көшірмесі, мысалы, макеттер) және аналогтік (табиғаты әртүрлі ұқсас құбылыстар мен үрдістерді формальді түрде бірдей сипаттау, мысалы, математикалық теңдеу) болып бөлінеді. Идеалдық үлгілеу объект пен үлгінің бейзаттық, идеалды, ойша түріндегі ұқсастығына негізделеді. Идеалдық үлгілеудің негізгі типі – сұлба, график сызба, формула, символдар жиынтығын қолданатын таңбалық үлгілеу. Үлгілеу үрдісінің сұлбасы. «Объект – Үлгі – Үлгіні зерттеу – Объект туралы білім» бойынша жүреді. Үлгіні құру екі түрде дедуктивті (жалпыдан жекеге қарай) және индуктивті (жекеден жалпыға қарай) қағидаға негізделеді. Дәстүрлі үлгілеу түпнұсқаның қасиеттерін бейнелейтін заттық немесе белгілік үлгілерді, яғни ерекше объектілер мен жүйелерді құру және зерттеу әдісі ретінде қарастырылады. Нобайда /модель, нұсқа, үлгі/ көрсетілген еңбекте «қандай да бір құбылысты, үдерісті немесе объектілер жүйесін, оның үлгісін құру және меңгеру арқылы зерттеу; қайтадан құрылатын объектілерді жасаудың тәсілдерін анықтау немесе нақтылау мен ұтқырлау үшін үлгілерді қолдану» деп те анықтайды.

Нобайдағы көрсетілген мазмұндық-құрылым да педагогикадағы пәнаралық байланыс мәселесіне, соның ішінде қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнына қатысты. Пәнаралық байланыс ұғымы қазіргі білім беру жүйесінде «шиыршықтық» атаумен жаңаша мәнде енгізіле бастады және оны білімдердің, танымдардың, сенімдердің, адамның психологиялық ойлануының жиынтығы деп түсінуіміз керек. Пәнаралық байланыс ұғымы «табиғат /жаратылыс/ – қоғам – адам /таным болмысы/» жүйесінде білім негізін, пәнішілік қатынастарды және түрлі ғылымдардың интеграциялануын реттеуші қызметін жүзеге асырады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында педагогикалық үдерісті «шиыршықтық» /спиральді/ жолмен ұйымдастыра алуға кәсіби қабілеттілігін жаңашылдық тұрғыдан бейімделген мұғалімдерді дайындау қажеттілігінен туындап отырған мәселе екендігі анық. Мәселен, қазіргі орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасында «шиыршықтық» /спиральді/ білім беру жүйесін /бағдарламасы/ жүзеге асыру мәселесі төмендегі мәселелерді қамтиды. Шиыршықтық қағидаты бойынша құрылған білім беру – танымдық теорияға негізделген. Бұнда, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті кішкентай балалар да түсіне алады. Адамның танымдық қабілетін шартты түрде үш сатыға бөліп қарастыруға болады /Брунер/:

1. белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу);
2. бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу);
3. таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу).

Бұл шиыршықтық білім беру жүйесінің дамуына себеп болған және оның ерекшеліктерін негіздеуге өзек болған /Брунер/. Мәселен: оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Шиыршықтық білім беру жүйесін жақтаушылар оның төмендегідей басымдықтарына назар аударады: Олар: оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып, бекітіліп отырады; шиыршықтық білім беру жүйесі жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады [107].


Бастауыштағы шиыршықтық білім беру жүйесінің құрылымы (жоғарыда баяндалған мазмұнда) әр сыныпқа арналған білім беру бағдарламасының бағыттарын талдаған кезде барынша түсінікті болады. Ұйымдастыру түрлерінің бірнеше нұсқасын бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының құрылымынан көруге болады. Бөлімдер нақты бір пәннің кезеңдерін бейнелейтін ішкі тәртіп бойынша орналасқан. Оқушылар алға ілгерілеу шамасына қарай бір сыныптан келесі сыныпқа ауысқан сайын бұл тақырыптарды анағұрлым тереңірек түсінеді және онымен байланысты тиісті тұжырымдамаларды қолдануға мүмкіндік алады. Мысалы, бастауыш сыныптарға арналған жеке пәндер бойынша шиыршықтық білім беру жүйесіндегі /бағдарламасындағы/ ілгерілеуді оңай көруге болады, мәселен, жаңа тақырып аумағындағы білім тұжырымдамаларының негізінде өткенді қайталайды және жаңа білім қалыптастырады. Оқушылардың бойында өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында бастауыш сыныпқа арналған пәндердің аясында мұғалімдер әрбір оқу жылында нені оқыту керектігін және оқу сапасы қандай болу керектігін нақты білуі тиіс. Мектептердің әр алуандығын қамту үшін бастауыш сыныпқа арналған білім беру бағдарламасы айтарлықтай икемді. Туған тілі – қазақ тілі болып табылатын оқушыларға арнап бай, құнарлы тілдік орта ұсына отырып, білім беру бағдарламасы мұғалімдердің тіл саласында туындап қалуы мүмкін өзекті мәселелері туралы барынша хабардар болуын қамтамасыз етуге тиіс. Оқушылар әртүрлі пәндердің аясында қолдануға болатын білім алып, дағдылары мен мінез-құлқын қалыптастырады, бұл оқушыларға мектептен тыс өмірде қолдануға болатын дағдыларды меңгеруге көмектеседі. Осындай дағдыларға сауаттылық, математикалық ойлау қабілеті, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау кіреді, бірақ бұл тізім бұлармен шектелмейді.

Әр пәнді жеке оқыту (дискретті оқыту) маңызды болып табылатынына қарамастан, пәнаралық байланыс жаттығулары пәндерді анағұрлым сапалы зерделеуге мүмкіндік береді. Каррдың (2007) пайымдауынша [108] білім –

өзара байланысты құбылыс деп санаған Джон Дьюидің еңбектеріне негізделеді. Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің араларындағы мәселелерді талқылап, пікірталас жүргізеді (Hayes, 2010) [109]. Оқушылар бір пәннің аясында үйренген мәселелерін екінші пәнге пайдалана алады немесе бір пәннің негізінде басқа пәнді оқуды жақсартып алады. Білімдерді ықпалдастыру оқушы үшін оқу үдерісін анағұрлым байланысқан және маңызды етуге бағытталған. Бастауыш білім беру кезеңіндегі 1-2 сынып оқушылары жаттығуларды белгілі бір пәнге жатқызбайды, сондықтан пәнаралық байланыс тәсілі олардың оқу түрін анағұрлым нақты көрсетеді [110].

Пәнаралық байланысты білім және тәрбие міндеттерін шешуде өзінің мазмұны жағынан кешенді және ерекше мәнге ие педагогикалық құбылыс деп тануға болады. Оқушының жеке тұлғалық болмысын қалыптастыру мен дамытудағы білім беру мен оқыту және тәрбие істерін жүргізу, оны меңгерту - пәнаралық байланыстық жүйеде жүзеге асырылады. Бұл оқушыларға ақиқат дүние біртұтас деген түсінік береді. Бұл жүйедегі барлық құрылымдық-құрамалар біріне-бірі ықпал жасайтындығын және үдерістердің болу себептері заңды құбылыс екендігін түсіндіру керек. Пәнаралық байланысты оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру барысында төмендегідей жағдайлар орын алады: пәнаралық байланыста кіріктірілген оқу материалдарындағы теориялық білімді өмірлік тәжірибеде қолдануға, оқушы тұлғасын дамытуда түрлі ғылым салаларынан білімдер жиынтығын бере отырып, түсінігі мен танымдық ұғымы кең ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндік береді; бүгінгі оқушы сұранысын қанағаттандыруға бағытталған білім беруді жүзеге асырады және олардың қоршаған әлем мен әлеуметтік ортаны танудағы дүниетанымдық ғылыми көзқарасын дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеуші ғылым-педагог, психолог, әдіскерлердің ғылыми негіздегі тұжырымдық ой-қорытындыларына мән берсек, пәнаралық байланыста оқушылардың жеке пәндердегі игеретін білімдер мен біліктерді, жеке пәндердің оқу материалдарының өзара жақын немесе туыстық байланыстарын түсіне меңгеріп, қабылдауы олардың білімдерін бірізділік пен жүйеге келтіреді, танымдық іс-әрекетіне жаңаша серпін тудырады, шығармашылық сипаттар орын алады. Жеке ғылым негізіндегі әрбір пән оқушының ақыл-ойының дамуына негіз болатын және оның танымдық болмысының жүйелі әрі үдемелі жетілуінің өзегі болып табылатындықтан жалпы адамзаттық құндылықтардың бірлікте болуы көзделеді [111]. Пәнаралық байланыс – оқу материалдарын қамтитын білімнің мазмұнына ғана тәуелді емес, оның ықпалдық әсері педагогикалық үдерістің барлық құрамды бөліктерімен байланысты. Бірақ, пәнаралық байланысты дидактикалық қағида деп түсінуге негіз жоқ, себебі оның педагогикалық мақсаттылығы оқытудың жүйелілік қағидасынан туындайды, ол білімнің тұтастығын, оның құрылымдық құрамаларын, яғни, табиғат, қоғам және адам туралы нақтылы айқын түсініктердің өзара байланысын білдіреді. Білім мазмұнының жаңа құрылымы мемлекетіміздің мәдени, рухани мүмкіндігін жаңа сапалық деңгейінің көтерілуінің бірден-бір шарты болып табылады. Осыған байланысты

білім мазмұнында қазіргі заман ғылымының серпінді бағыты мектептердің білім беру мен оқыту мазмұндарының жаңаруына, оқушы тұлғасының шығармашылық ойлау әрекеттерінің қалыптасу мен дамуынан көрініс табады.



Сурет 3. Жаңартылған бастауыштың білім мазмұнында пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған нобайдың /моделдің/ мазмұндық-құрылымы.

Мазмұндық /Көрсеткіштер/ Оқудағы берілетін білімнің өзара байланыс пен сабақтастығын түсіну арқылы қоршаған орта мен жалпы әлемнің ішкі бірлігін түсіндіретін ғылыми-танымдық әрекеттердің жүзеге асырылуы және танымдағы ақыл-ой жұмысының жүйелілігінің қажетті шарты ретіндегі білімдердің белгілі қорының болуы мен артуына ықпал жасау. Жаңа білімдерді игеру арқылы оқушы болмысының дамуындағы ақыл-ой және танымдық әрекетіндегі өзіндік әрі сыни көзқарастардың, ойлаудағы логикалық тізбектестік, оқудағы ғылыми жүйелілікті меңгеру, т.б. қасиеттерінің дамуы. Оқушылардың танымдық әрекеттерін кешенді білімдер жүйесімен ұйымдастыра отырып, шығармашылық-ізденушілік бағытта дамыту, ынталылық қырларын белсендендіру және игерген білімдерін өмірлік-тәжірибемен байланыстыру арқылы түрлі мәселелерді шешуге мүмкіндіктерін жоғарылату /білімдердің өмірлік-тәжірибелік маңыздылығы, оқушыға деген сенімділік, өзекті мәселелердің тапсырмалық-жаттығулық жүйесі/. Бастауыштағы жаңартылған білім мазмұнын игертудегі пәнаралық байланысты жүзеге асырудың ерекшеліктерін есепке алу.

Критерийлер /Кешенді білімдер жүйесінің оқушының жеке болмысының дамуындағы ойлаудың дербестігі және сырттан келетін көмекке сезімталдылық; зияткерлік, танымдық, белсенділік және танымдық дербестік/.

Мақсатты - мотивациялық /Көрсеткіштер/ Пәнаралық байланыс бағытымен білім алуда ортақ тақырыптар негізінде «Шиыршықты» жүйесімен танымдық іс-әрекеті ұйымдастырылуындағы тұрақты ұмтылыс. Таным үдерісіндегі жағымды көңіл-күй сарайлары. Оқушының жеке болмысының дамуындағы танымдық оқу әрекеттерінің барыстары кешенді білімдер жүйесімен жүзеге асырылуында орын алатын қызығушылық пен ынтаның артуы. Оқу-тәрбие үдерісінде белсенділік және табыстылық сезімін сезіну.

Критерийлер /Оқушы әрекетіндегі таным үдерісіне оң көзқарас/.

Іс-әрекеттік: /Көрсеткіштер/ Бастауыштағы берілетін білім мазмұнын ортақ тақырыптар жүйесімен меңгеру және өмірлік тәжірибеде, іс жүзінде, өзінің іс-әрекетінде қолдана алу білігі мен дағдысына ие болу. Оқу-танымдық әрекеттердегі пайдаланылған жаңашыл әдістер мен тәсілдерді тәжірибелік және теориялық міндеттерді белсене шешуге бағытталғын барыстарды жүзеге асырады. Іс-әрекеттегі білік пен дағды – оқушылардың жеке танымдық дербестік икемдіктері мен машықтарының жиынтығы. Дамыта оқытуды басшылыққа алудағы қағидалық-ұстаным мен шешімі табылуға тиісті өзекті тапсырмалар жүйесіне негізделген рационалдық ақыл-ой жұмысының жүйесі. Оқу-танымдық іс-әрекетіндегі жұмыс түрлері: ұжымдық, топтық, жұптық, жеке-шығармашылық, дербестік. Бастауыш сынып оқушыларының танымға бағытталған жеке өзіндік бағдарлық әрекеті.

Критерийлер /Танымдық іс-әрекет / Жоғарыда ұсынылған /сурет 2/ нобайдың мазмұнындағы педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың ғылыми заңдылықтары мен педагогикалық шарттарын беретін нобай мен жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттарына негізделген құрылымдық-мазмұндық нобайының табиғи сәйкестілігі және олардың бірін-бірі толықтырып, бірізділікпен жалғасып, өзара ұласымдылықты беретін ғылыми-теориялық және тәжірибелік мәселелерді қамтитын жүйе ретінде қарауымызға негіз бар. Дегенмен де, /сурет 3/ жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттарына негізделген құрылымдық-мазмұндық нобайы дидактикалық заңдылықтар мен оның принциптерінің мазмұнын ауқымды қамитынына анық. Сондықтан пәнаралық байланыс арқылы оқушы тұлғасының ғылыми танымдық түсінік болмысын дамытудың мазмұны мен формасын және әдіс-тәсілдерін дидактикалық заңдылықтың мазмұнына бағыттап, жүйелеп, біз ұсынған нобайдың дәйектілігін негіздейді. Сол себептен, біздің болжауымызша, аталмыш нобай бастауыш білім беру кезеңіндегі оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асқан жағдайда оқушылардың жеке тұлғалық болмысының дамуындағы ғылыми-танымдық түсініктерінің қалыптасуы мен дамуына оң ықпалын тигізеді және білім алудағы әрекеттерінің тиімділігін арттырады.

Бастауыш білім беру кезеңіндегі педагогикалық үдерісте пәнаралық байланыс мәселесін шешудегі күрделілік, оның дидактикалық заңдылықтарға сүйене отырып, қандай да бір педагогикалық құбылыс тұрғысынан талдану деңгейінің әртүрлі жақтары бар. Пәнаралық байланысты бастауыш сыныптарды жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұндық құрылымына сүйене отырып, жүйе бойынша іске асыруға болады. Мәселен, бастауышта пәнаралық байланысты іске асырудың төмендегідей педагогикалық жүйесі жасалған:

- білім беруді «шиыршық» жүйесімен іске асыру;
- ортақ бөлімдер мен тақырыптар;
- жеке пәндер бойынша берілетін ғылыми білімдердің мазмұндық туыстығы мен сабақтастығы;
- жеке пәннен берілетін жаңа білімді толықтыруда екінші немесе үшінші бір пәннің мазмұнындағы білімге жүгіну;
- оқушылардың жеке танымдық болмысы мен тұлғасын қалыптастырып, дамытудағы берілетін толық тәрбиеге кешенді білімдер жүйесімен келу – яғни, жеке пәндердің өзара байланыстық әрекетін ұстау арқылы оқушының дамуына ықпал жасау.

Бастауыш білім беру кезеңіндегі пәнаралық байланыстың өзіндік ерекшелігіне тоқталатын болсақ, бұнда ойын баласының педагогикалық үдеріске қатысатын – «оқушы» атағына ие болған әлеуметтік ортадағы өзіндік қызмет «білім алу, оқу, тәрбиелену т.б.» атқаратын тұлға ретінде қарастыра отырып, оның қалыптасуы мен дамуына кешенді білім беруді жүзеге асырудағы орын алатын педагогикалық құбылыс ретінде мәнге ие болады. Оқушының

жеке тұлғалық болмыс-бітімінің қалыптасуы мен дамуында қоғамның және табиғаттың өзара әрекетінің ғылыми-философиялық тұжырымдамасының негізі әлемнің біртұтастық жүйесін беретін құбылыстар мен заңдылықтар жайында білімдерді беру.

Бастауыштағы пәнаралық байланыстың тағы бір маңызды қыры – жүйелілік. Қазіргі заманғы білім беру мен оқыту және оқу әрекетін ұйымдастыру мен өткізудің ерекшеліктерін – ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарастыру, әрі оларды жете түсінудегі зерттеу барысында туындайтын өзекті мәселелер болмақ. Мәселен, жеке пәндердің мазмұнындағы қамтылған білімдердің жүйелілігі әрбір нақты пәннің аумағында қарастырылатын көкейтесті мәселенің /жаңа білім негізіндегі жаңа ақпараттар мен түсінік-атаулар/ неғұрлым жалпы басқа өзекті мәселелермен өзара байланыста, әрбір мәлімет-деректі басқа деректермен байланыстыра қарауды талап етеді немесе басқаша айтқанда оның әрекеттерін бір жүйеге келтіреді. Жүйелілік түрде келу педагогикалық үдерістің негізгі құрылымдық-құрамаларының өзара байланысы мен бірлігін, оның толығымен қамтамасыз етілуін көрсетеді. Қарастырылып отырған мәселеге қатысты аталған көзқарас мектептегі – бастауыш білім беру кезеңінде пәнаралық байланыс жүйесін іске асырудың қажеттігін түсіндіреді.

Бастауыш білім беру кезеңіндегі педагогикалық үдерістегі пәнаралық байланыстар туралы мәселені талдау үшін негізгі таңдау олардың оқу бағдарламалары мен оқулықтағы ортақ бөлім және ортақ тақырыптардың берілуінен, оларды жүйелеудегі әртүрлілікпен, білім беру мен тәрбиелеудің қағидалық ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері бойынша және жалпы дидактикалық заңдылықтарды анықтаулар бойынша өзіндік ерекшелігі мен күрделілігі басшылыққа алынады. Сондықтан бастауыш сыныптардағы пәнаралық байланысты педагогикалық үдерісте орын алатын ерекше «педагогикалық құбылыс» ретінде қарастыра отырып, оның ғылыми-әдістемелік және философиялық әдебиеттерде педагогикалық ықпал жасау әрекеттерінің бағыт-бағдарына негізделе отырып, оқушының жеке тұлғалық болмысының қалыптасу мен даму бағытына /траекториясына/ «өзек» болатын күш деп түсінуіміз қажет.

Пәнаралық байланысқа – ерекше «педагогикалық құбылыс» ретінде қарау арқылы педагогикалық үдерісті ұйымдастыру және оның құрылымдық-құрамаларының – теория мен тәжірибенің, рационалды және эмоционалды, репродуктивті, шығармашылықтың, жеке және ұжымдық, т.б. аталған құрылымдардың бірлігі негізінде қарастыру қамтамасыз етіледі. Бастауыш сынып оқушылары қоршаған орта мен әлемге деген түсінік-танымдарын ғылыми негізде бекітетін білімінің артуына байланысты оның құрамды бөлігі саналатын құрылымдық-құрамаларының мәні мен маңызы арта бермек, себебі, мектеп пен оқушылардың мүмкіндіктері әлдеқайда жоғары.

Қазіргі ғылыми-педагогикалық және әдістемелік бағытта оқушылардың жеке болмысының дамуына ықпал жасаудағы педагогикалық үдерісте пәнаралық байланысты жүзеге асыруда білім берудің жаңартылған бағдарламасының құрылымды-заңдылық жүйесін басшылыққа алу негізгі шарт

болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы құрылымдық құрамалар, яғни оқу бағдарламасы пәнге, сыныпқа қатысты ұйымдастырылатын бөлімнің оқу мақсаттарын айқындайды. Онда оқыту мен тәрбие қағидаты бірге жүреді, оқу үдерісіндегі оқушы мен мұғалім қатынасы, күтілетін нәтижелер белгіленеді, бағалау жүйесі, оқытудың белсенді әдістері қолданылады және оқушылардың жобалау және зерттеу әрекеттері дамиды. Құндылықтар, күтілетін нәтижелер – оқу мақсаты, оқу бағдарламасының үдемелілігі, теориядан тәжірибеге, пәнаралық байланыс, үштілділік саясаты, оқыту тәсілдері, олардың жүйелілігі басшылыққа алынады. Бұл оқушылардың жеке болмыстық дамуындағы білім, сенім, адам мұраты, дүниетанымдарын жетілдіре отырып, өзіндік жеке көзқарастарын қалыптастырады. Оқу бағдарламаларының мазмұндық жүйесі бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, күрделі дүниетанымдық білім қалыптастыру қабілеттеріне қарай сараласақ, олар дүние, қоршаған орта, табиғат, қоғамдағы іс-әрекеті туралы – Отан, халық, бейбітшілік, болашақ, т.б. ғылыми білімнің алғашқы негіздерін игереді. Сонымен бірге, оқу-тәрбие үдерісінде олардың қоршаған әлем туралы ғылыми-танымдық түсініктері қалыптасатындығы айқындалған.

Ғылымдардың интеграциялануы негізінде орын алатын пәнаралық байланыстардың оқушы тұлғасының толық дамуына ықпал ету мәселелеріне философиялық, психологиялық, педагогикалық және жеке пәндерді оқыту әдістемесі, т.б. тұрғысындағы ғылыми зерттеудің нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегідей ойларды түйіндеуге болады:

- білім беру тарихында және қазіргі уақытта яғни, өз заманына сай шәкірт тәрбиелеуде отандық және шетелдік философтар мен ойшыл-педагогтардың озық пікірлері бойынша оқушылардың жеке тұлғалық болмысын толық қалыптастыру мен дамытуда өзек болатын мәселелерге мыналар жатады;

- пәнаралық байланыс – оқушы тұлғасын толық жетілдіруде оның танымдық сұраныстарындағы қажеттіліктері мен ой-әрекеттерінің дамушылық бағыт-бағдарларын реттеуші қызметін атқарады, білім алушының жас және жеке психологиялық ерекшеліктері мен өмірлік тәжірибелеріне сүйене отырып, ықпал жасаудың өзегіне айналады;

- оқу материалдарының өзара кіріктірілуі немесе байланыстары арқылы білім беру мен оқыту және тәрбиелеу үдерістері оқушылардың қарапайым дүниетанымнан ғылыми дүниетанымға өту бағытындағы яғни, оқушының жеке тұлғалық болмысының даму іс-әрекетін, мінез-құлқын реттеушісі, сенім мен мұратының өзегі, әрі олардың көрсеткіші ретінде көрініс береді;

- оқушының жеке тұлғалық болмысының дамуындағы өзекті және қажетті іргетасы – білім беру мен оқыту болғандықтан, ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың ең маңызды шарттарының бірі – бұл ғылыми білімдерді жеке пәндердің оқу материалдарымен өзара байланыстыра отырып, шиыршық үлгісінде беру болып табылады.

Бастауыш білім беру кезеңінде оқушылардың жеке тұлғалық болмысын толық қалыптастыру мен дидактикалық заңдылық пен талаптық жүйе негізінде дамыту – күрделі әрі ұзақ жүргізілетін барыстар, сондықтан бастауыш

сыныптардың сатылық деңгейіне орай «ортақ тақырыптар» негізінде пәнаралық байланыстар үлкен мәнге ие.

Бастауыштың жаңартылған білім мазмұнында пәнаралық байланысты «шиыршықты» жүйеде жүзеге асыру арқылы оқушылардың тұлғасын дамытуда ортақ тақырыптар негізіндегі жеке сабақтарда танымдық қызығушылығы мен ынтасын арттыратын жаңашыл әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдалану оң нәтижесін беретіні анық. Пәнаралық байланысты бастауыштағы оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мен дамытуда ғылыми жүйеде арнайы бағытта ұйымдастырылатын басты педагогикалық әрекеттер жиынтығы деп негіздей аламыз.

Пәнаралық байланысты педагогикалық үдеріске ендірудің алғашқы кезеңдерінде танымдық әрекеттерді ұйымдастырудың себеп-салдарына өзек болатынын ескерсек, ал оның оқу-тәрбие барыстарында дидактикалық заңдылықтар мен талаптарға бағына отырып іске асырылуы нәтижесінде теориялық білімдерді игеруде өмірлік тәжірибемен ұштастырыла отырып, оқушының жеке танымдық қызығушылығы мен белсенділіктерін реттеуші күшке айналып, кіріктірілген немесе өзара байланыстырылған оқу материалдарының ықпалдастығының негізінде дамытушылық қызметке ие болады. Пәнаралық байланыстар білім беру мен оқыту мазмұнындағы игеруге тиісті іскерлік пен білік, дағды мен машықтану негізінде бастауыш сынып оқушысының ақыл-ой өрісін дамытудағы, дүниенің біртұтастық бейнесін ақиқаттық жүйе тұрғысында түсінуге ғылыми көзқарастарын қалыптастырып, меңгерген білімдері өмірмен, қоғамдық және әлеуметтік орта тәжірибесімен байланыстырудағы маңызды құралдардың бірі ретінде ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарастырылуы заңдылық. Бұл тұрғыдағы ғылыми негізделу – пәнаралық байланыстың педагогикалық құбылыс ретіндегі қызметінде оқушыларды жалпы ғылыми сипаттағы абстракциялау, ұқсастыру, жалпылау, жалпыдан жекеге көшу, нобай жасау, т.с.с. танымдық әдістермен айналысуға мүмкіндік беретіндігі, яғни олардың пәндік таным аумағын кеңейтетіндігі метапәндік таным аумағына өріс алатындығына себепші болатындығына көз жеткіземіз А.А.Бейсенбаева [74], А.Мұхаметжанова [59], С.С.Смаилов [112,113], В.Краевский [114,115], И.Д.Зверев [116] және т.б.

Диссертациялық зерттеу жұмысы аясында жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде пәнаралық байланысты ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жүйелеу, жеке пәндердегі ортақ тақырыптарға бағындырылған оқу материалдарының мазмұнындағы атаулық-ұғымдар және оқу материалдарының теориялық байланыстары, іс-әрекеттерде теориялық білімдердің өмірлік тәжірибемен ұласымдылығы, білімдердің кешенділігі жаңа ғылыми ұғымдардың қалыптасуына өзек болады, әрбір пән мазмұнына енетін білімдер жиынтығын саналы түрде меңгеру орын алады.

2. БАСТАУЫШТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

2.1. Бастауыштың педагогикалық үдерісін пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері

Түрлі ғылымдар саласы бойынша білімдердің ықпалдасуы негізіндегі пәнаралық байланыс «тігінен» /вертикальді/ және «көлденеңінен» /горизонтальды/ жүзеге асуы басшылыққа алынады. Себебі, мұндай жүйемен анықталуы олардың арасындағы өзіндік оқу материалындағы білімнің логикалық ілгерілік тізбектестігі мен уақыттар арасындағы өзара қатынастық үйлесімдігінің сәйкес келе бермеуімен анықталып, ерекшеленсе, ал «тігінен» /вертикальді/ түрі бойынша оқу материалындағы білім мазмұнының логикалық тізбектестігі және уақыттар арасындағы арақатынастары бір көрсеткіштік деңгейде сәйкесіп, әрі бір-біріне үйлесімділікпен кірістірілумен сипатталады.

Білімдердің ықпалдасуы сипатындағы пәнаралық байланысты «қарапайым, қысқа-үзінділік, жиі құрастырылған» деген түрлерге бөліп қарастырамыз. Бұл түрлі пәндердің арасындағы байланыс пен білімдердің ықпалдасу қатынасын анықтап, олардың өзара сіңісу мағынасының жаңа сапалық деңгейдегі көрсеткішін білдіреді. Пәнаралық байланыстағы білімдердің ықпалдасуы ерекше орын алып, жаңа білімнің берілуі барысында терең, көлемді сипат алуымен қатар, оқытылатын түрліше оқу материалдарының топтасудағы қосынды бейнесін береді.

Түрлі ғылым саласы бойынша оқылатын пәндердің байланысы жеке пән ішіндегі оқу материалына енген бөлімдік білімдердің ықпалдасуымен тығыз байланысты болып, тізбектілік пен үйлесімділік әрі бірізділік пен бірыңғай тереңдетілген ғылыми алаңды құрайды.

Білімдердің ықпалдасуы мамандықтардың оқу жоспарындағы ғылыми пәндердің орналасу тәртібіне, материалдардың блоктарға нығыздалуына және оқуды ұйымдастырудағы ортақ тақырыптардың құрылуына тәуелді болып, блоктардың оқу апталықтары мен оқу барысын ұйымдастырудағы өзіндік ерекшелігін сипаттайды. Бұл бастауыш білім беру кезеңіндегі оқушыларға түрлі ғылыми саласындағы пәндердің және жеке пәндердің ішкі білімдік бөліктері білімдердің ықпалдастығы көп деңгейлікке бағыттайды.

Бүгінгі күндегі ғылымның дамуы мен оның салалануы оқылатын пәндердің өзара әрекеттесіп бір-біріне жақындаса түсуімен бірге, білімдердің де ықпалдасуына ұйытқы жасап отырғандықтан оқуды ұйымдастыру формалары мен пәндерді оқыту тізбегінде де өзіндік ерекшеліктерімен жаңа сипатқа ие болуда. Сондықтан да бастауыш сыныптарда білім берудің жүзеге асырылуы және ондағы пәнаралық байланыстағы білімдердің ықпалдасуын қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасы қажет етеді, әрі талап етеді:

– Пәнаралық байланыс негізінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға берілетін білімдер жиынтығы пәннің артықшылығы негізінде құрылған;

– Білімді ықпалдастыру арқылы пәнаралық байланысты жүзеге асыруда әр түрлі білім беретін пәндердің бір-бірімен тең дәрежеде жүруі және оқу материалдарының мазмұны жағынан қамту мәселесі қамтылмаған;

– Берілетін білім жағынан бір-біріне жақын туыс келетін пәндерді қамту қарастырылған және олардың біреуі өзіндік ерекшелігін жөнінен жетекші орынға ие болып ол екіншісі оған көмекші ретінде кірістіріп оқыту орын алған;

– Пәндердің оқу материалдарының мазмұнында бір-бірінен алшақ білімдерді ықпалдастыруда яғни, пәнаралық байланыстық жүзеге асыру мақсатын көздеген анық білінеді;

– Бастауыштағы білім берудің пәнаралық тәртібін олардың мазмұндық ерекшелігіне сай жүргізу көзделген;

– Пәнаралық байланыс негізінде білімдерді ықпалдастыру бағытымен танымдық тапсырмаларды орындау, шешімін табу басшылыққа алынған.

Бастауышқа арналған жаңартылған оқу бағдарламаларында білім берудегі тек пәнаралық байланысқа қатысты мәселені біржақты қарау емес, сонымен бірге, бастауыш сыныптардағы оқу-танымдық жұмыстарын ұйымдастыру мен өткізуде оқушылардың жеке тұлғалық болмысын дамытудың жолдары мен мүмкіндігі көрініс табуда. Мәселен:

- ✓ Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі;
- ✓ Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
- ✓ бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;

- ✓ оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;

- ✓ оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;

- ✓ білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;

- ✓ бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;

- ✓ оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу).

Жоғарыдағы жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұндық құрылымының бағытына сүйенсек, онда бүгінгі өмір талабына сай қажеттілікті өтеудегі мұғалім мамандарын даярлау ісіндегі жаңа бағыттылықты ескеру қажеттілігі туындайды. Яғни, болашақ бастауыш сыныптың мұғалімі түрлі ғылым негіздерінен ауқымды әрі топтастырылған білім беруде ұйымдастыруға ғылыми-әдістемелік тұрғыдан білімі, білігі толық және өз мамандығының ерекшелігін терең түсінетін, педагогикалық үдерістерде түрлі оқу пәндерінің өзара байланысын айқындау шарт және ол өзінің білімін кәсіби маман ретінде ұдайы жетілдіре отырып, білім беру жүйесінің даму қарқынының талаптарын қанағаттандыра алатын тұлға болуы тиіс екендігін негіздейді.

Ал, пәнаралық байланыс мәселесінің күн тәртібінен орын алуы дүниенің бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер мен сенімдер жүйесін қалыптастыру міндеттерінің шартынан туындайды. Мұндай қағиданы басшылыққа алу себептерінің бірі ретінде жеке пәндерден берілетін білімдерді біртұтастық жүйеге келтіру болып саналады. Сондай-ақ пәнаралық байланыс негізінде оқу пәніне ортақ тақырыптар, ортақ қағидалар, ұғымдар, деректер жиынтығы түзіліп, оқу материалдарының қайталанбауын тиімді орналасуын басшылыққа алып, білімдерді тәртіпке, жүйеге келтіріп жан-жақты ғылыми танымды қалыптастыруға қызмет жасауы және оны іске асыратын әдістер арасында өзара байланыстар орнатуға берік негіз болады.

Бүгінгі күндегі білім беру жүйесінің міндеттерін жүзеге асыру білім берудің мемлекеттік саясат принциптеріне тәуелді. Сондықтан мұғалім мамандарын даярлаудың жаңа бейнесі мен бағыттылығын айқындап алумен қатар, осы тұрғыда жұмыс жасау міндеттері туындайды. Міне, осыдан келіп, жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асырушы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі болып отыр. Сондықтан жоғары оқу орындарында мұғалім мамандықтарын даярлау - мұғалім профессиограммасын жаңа тұрғыдан жетілдіру мәселесі бірінші орында тұр. Мұғалім даярлау ісіндегі түрлі ғылымдармен педагогика, психология жеке пәндерді оқыту әдістемесі пәндерінің өзара байланыста болу басты шарт. Өйткені, педагогика, психология, жеке пәндерді оқыту әдістемесі пәндерден берілетін білімдер болашақ мұғалімнің жаңа тұрпатының нақты көрінісін беретін әрі, бейнесін көрсететін нақты білімдер саласы болып табылады. Екіншіден, білім беру үдерісінің өз мақсаты мен мазмұнына сәйкес әлеуметтік сұранысты қанағаттандыру және озық тәжірибелерді тасымалдаушылық орны. Үшіншіден, жеке тұлғаның болмысын дамытудағы жасалатын танымдық әрекеттердегі үдерістерде теория мен тәжірибенің бірлігін сақтау – пәнаралық байланыстың негізінде жүзеге асырылуы басты міндеттердің бірі болуы керек дейміз.

Пәнаралық байланысты өзекті мәселе ретінде қарастыру педагогика ғылымы үшін жаңа нәрсе емес екенін және оны әрқашан әлеуметтік дамудың белгілі бір кезеңінде ғылыми білімді дифференциациялау мен интеграциялау үдерістері бойынша философиялық көзқарастармен ақтайтындығын ғылыми зерттеу жұмысымыздың бірінші бөлімінде қарастырып өттік. Бүгінгі күнде педагогикалық әдебиеттерде «пәнаралық байланыстар» санатының 30-дан астам анықтамасын кездестіруге болады, олардың негіздемесі мен жіктелуі әртүрлі тәсілдегі көзқарастар тұрғысынан беріледі. Бұл мәселенің дамуы білім беру үдерісінің мазмұнын, формалары мен әдістерін көрсететін, олардың біртұтастық бірігуіндегі оқыту мен тәрбиелеу және түрлі педагогикалық үдерістерді жүзеге асыратын барыстар арасындағы сұрыпталу, талдау – жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге, өзара ықпалдастық пен байланысты жүйедегі қатынастар негізінде әлем мен қоршаған өмірдің шындық құбылыстары мен ілгерлі дамуын педагогика ғылым тұрғысынан түсіндіру болып табылады.

Пәнаралық байланыс негізінде білім беру мен оқыту - бұл оқушының жеке тұлғаның дамуына және өзін-өзі дамытуына бағытталған әлемнің тұтас көзқарасын қалыптастыру мақсатында белгілі бір білім беру жүйесіндегі мазмұнның құрылымдық құрамалар арасында байланыс орнату үдерісі. Мәселен, пәнаралық байланыс – ортақ тақырып, кіріктірілген оқу материалдары, құрылымдық және мазмұндық жасалу жағынан жақын пәндердің ықпалдасуы – мұнды берілетін білімдерді ұйымдастыруда жетекші бір пән мазмұнына бағындары немесе берілетін білімді өзген пәндерде оқылатын білімдермен байланыстыру, салыстыра, бір-біріне тірек ете отырып жүзеге асыру. Әртүрлі пәндерден берілетін біліми мәліметтерді, тұжырымдамаларын, ұстанымдық қағидаларын сұрыптауда оларды өзара байланыстыру арқылы оқушылардың шығармашылдық әрекеттерінде танымдық зерттеу нысандарына сәйкес келуді. Бұл жеткілікті жақын болу мен кіріктіліген немесе өзара байланыстырылған пәндерге ортақ келетін зерттеу әдіс-тәсілдерді қолдануды басшылыққа алады және олар жалпы заңдарға және теориялық тұжырымдамаларға негізделді.

Бір сабақта түрлі пәндердің оқу материалдарын дағдылы әрі машықты түрде қолдану түрі біріктірілген сабақ болады. Бұнда басты ұстанымдық озық ой қажет, оны іске асыру ажырамас байланысты ұстау және өтілетін сабақтың тұтастығын қамтамасыз ету. Пәнаралық байланыстың даму барысында басшылыққа алынатын мәселелер: тереңдетіп оқыту; пәнаралық байланыста тілдік қарым-қатынастың ауқымды орын алуы; оқу материалдарының кіріктірілуі мен өзара ықпалдастықта сақтау заңдылықтары; жеке пәндердің оқу материалдарының мазмұнындағы білімдерді кешенді тұрғыда тасымалдау, ұсыну, беру кезеңдері және ауқымдылық аймағы. Бұнда - оқушыларға әртүрлі құбылыстардың біртұтастығын жеке-дара тұрғысынан қарауға және оларды өз алдына зерттеу әрекетіне көшуіне мүмкіндік береді; жеке пәндер бойынша білім деңгейін арттырады, зияткерлік қызметтің деңгейін жетілдіреді; әлемді өзінің алуан түрлілігімен таныстыруға, ғылыми білімдерді – қоғамдық-ізгілендіру, жаратылыстану-математикалық, эстетикалық білім мен тәрбие беру топтамасын құрайтын пәндердің жиынтықтарын қамти отырып, оларды өмірлік тәжірибеде пайдалана білу, яғни, технологиялық мүмкіндіктерін ашу; оқушылардың жеке бас болмысындағы көңіл-күй сарайының көтеріңкі семізге ие болуындағы шаттану мен дамуына ықпал жасайды.

Пәнаралық байланыс түсінігінің бір қыры – мектеп оқушыларына әлемнің тұтас көзқарасын қалыптастыру – мұнда пәнаралық байланысты білім беру мен оқыту және тәрбиелеудің мақсаты ретінде қарастырса, екінші қыры – әртүрлі пән білімдерін топтастыру, жақындастыру яғни, ортақ жүйеге келтіру – педагогикалық үдерістің құралы болып түсіндіріледі. Мәселен, оқу үдерісінің білім деңгейін жоғарылатудың тиімді жолдарын іздестіру мұғалімдердің, ғалымдардың және тәжірибешілердің назарын пәнаралық байланыстар мәселесіне көбірек тартады. Танымал ғалымдарға И.Д.Зверев [117,118], Б.И.Коротяев [119], М.С.Скаткин [120] және т.б. зерттеулерде пәнаралық

байланыстар оқытудың және білім берудің бірлігі мен білім беру пәніне кешенді көзқарас құралы ретінде әрекет етеді.

Пәнаралық байланыс өзіне тән педагогикалық қызметтерді орындайды:

- ✓ Әдістемелік қызметі - оқылатын пәндердің қазіргі озық ойлы тұжырымдамалық пікірлерін негіздеу;

- ✓ Оқу қызметі - жүйелілік, бірізділік пен сабақтастықтағы жеке бөліктердің заңдылықты түзілуі, білімінің ауқымдылығы, білік пен дағдыны қалыптастырып, жетілдіру, таным туралы білімдер жиынтығын беру;

- ✓ Даму қызметі – қарапайым танымнан ғылыми танымға өту, танымдықтағы қызығушылық пен белсенділік әрекеттерін қалыптастыру мен дамыту, ойлаудың тежелу қарама-қайшылығын жеңу, танымдық болмыстың көкжиегін кеңейту;

- ✓ Тәрбиелік қызметі – ақыл-ой, саналық-рухани және политехникалық бағытты қамтиды;

- ✓ Құрастырушылық қызметі – түрлі оқу материалдарының мазмұнын өзара байланыстыру мен кіріктіру, оқытуды ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін және нысандарын жетілдіру.

Оқу – бастауыш сынып оқушыларының тұтас білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Оқытудағы жүзеге асырылатын пәнаралық білім беруді кешенді пайдалану бойынша мектепте білім беру мазмұнын жетілдіруге деген жеке пәндердің бағдарламаларында оқу материалын іріктеу мен өзара жақындастыру негізінде ортақ тақырыптар жүйесіне келтіру болып табылады. Оқудың білім деңгейін пәнаралық байланыстар арқылы оқыту оның тәрбиелеу қызметтерін күшейтеді. Ғалымдардың осы бағыттағы зерттеушілік еңбектеріндегі психологиялық тұжырымдамалық негіздері – пәнаралық байланыстардың білім беру және тәрбиелік қызметтерінің өзара әрекеттесуін анықтайды, сананың табиғи бірлігі, адамның ақыл-ой іс-әрекетіндегі сезімдері мен әрекеттерін береді деп түсіндіреді. Оқудағы мұндай біртұтастықты қарастыру – өзара байланыс пен ықпалдастықтағы кіріктілу жағдайында жеке білім беру Н.А. Менчинская [121], Ю.С. Тюнникова [122] дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыруға бағытталған кешенді тәсілді педагогикалық шарттарының бірі.

Даму – тәуелсіздіктің дамуына, танымдық белсенділігіне және оқушылардың мүдделеріне әсер етеді: В.Н.Максимова [123,124], М.Г.Чепиков [125]. Пәнаралық қарым-қатынас білім берудегі сапалы жаңа субъектілердің қалыптасуына әкеп соқтыратын дамудың білім беру тәсілдерінің бірі болып саналатындар – пәнаралық тұжырымдамалар мен пәнаралық дағдылар В.Ф. Паламарчук [126], Н.А.Сорокин [127].

Оқу барыстарындағы пәнаралық байланыстардың қызметінің алуан түрлілігі осы тұжырымдаманың мәнін айқындауға негіз бола алмайды. Себебі, пәнаралық байланыстар көп қырлы және түрлі өлшемді құбылыс болып қарастырылады. Яғни, оқытудың мазмұнын, әдістерін, ұйымдастыру формаларын шектемейтіні анық. Пәнаралық байланыс бастауыш сынып

оқушыларының оқу-танымдық белсенділігіне және мұғалімдердің педагогикалық үдерістегі қызметтік іс-әрекеттеріне қатысты болады.

Оқушылардың жеке тұлғасының дамуына бағыттылығы – олардың танымдық болмысындағы диалектикалық ойлауды дамыту, ғылыми көзқарастарды, наным-сенімдерді қалыптастырады, оқушылардың қабілеттерін жетілдіре отырып, жеке сұраныс қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге бағытталады және жүзеге асырады. Жоғарыда айтылғандай, пәнаралық байланыстар тұжырымдамасының түрлі түсіндірмелері бар. Сондықтан зерттеушілер бұл тұжырымдаманы бірнеше мағынада жиі түсіндіреді: дидактикалық жағдай, жүйелілік принципі және құралдар, жүйе және т.б.

Дидактикалық жағдай ретінде пәнаралық байланыстарды кеңінен танып білуге болады, ол оқушылардың білім жүйесін ғана емес, олардың танымдық қабілетін, белсенділігін, мүдделерін және ақыл-ой қызметін дамытуды қамтамасыз етеді: Н.А.Сорокин [127], В.Н.Федорова [128, 129] және т.б. Оқу принципі өмірдің бар-жоқтығын, тәжірибенің табиғи байланыстары мен заңдылық құбылыстарының талаптық жүйесін көрсетеді. Бұл бағыттағы теориялық және тәжірибелік зерттеулер нәтижелеріне сүйенсек, пәнаралық байланыстың басты құндылық идеясы мен оқытудың қағидалық-ұстанымдары арасындағы өзара қатынастың екі бағытын негіздеуге мүмкіндік береді:

- 1.Дидактикалық қағидалық-ұстанымдарды педагогикалық үдерісте жүзеге асырудың бір жолы – пәнаралық байланыстың негізделуі;

- 2.Дидактиканың заңдылық жүйелерін құруда жеке пәндік білім берудің жүйелік сипатын ұстанатын қағидалық көрсету – пәнаралық байланыстық қарым-қатынастар негізінде нақты көрініс табады. Пәнаралық байланыста ұйымдастырушылық қызмет басымдық орынға ие болып, түрлі әдіс-тәсілдердің жиынтық құрамалы негізінде және олардың ішкі заңдылықтарына сүйенеді: ол бағдарламалардың жүйелік құрамына, оқу материалдарының мазмұндық құрылымына, оқулықтардағы білім мазмұнының педагогикалық-психологиялық талаптарға сәйкес болуы мен дидактикалық заңдылықтың орындалуына, білім беру мен оқыту және тәрбиелеудің әдістерін және т.б. таңдауға ықпалын тигізеді.

Оқу міндеттерінде оқушылардың басқа пәндерді оқып үйрену барысында алған білімдері мен дағдыларын пайдалану, дамыту, шоғырландыру және қорыту қажет. Оқу материалының мазмұнында бұрын зерделеніп, алынған білімдерге және кейінгі кезектегі пәндерді оқытуда дамытуға негізделген сұрақтарды анықтап, айшықтап алған маңызды.

Пәнаралық байланыстар бағытындағы педагогикалық құбылысқа әртүрлі пәндерден алынған білім мен дағдыларды қолдану мен сұрыптау мәселелері, бағыттаушы мен дамытушы сұрақтарды, оқушыларға арналған тапсырмаларды құрастыру жатады. Пәнаралық байланыстар жүйелі түрде дидактикалық талаптық заңдылықтар негізінде жүзеге асырылса, ол сонда ғана өзіндік орны бар педагогикалық құбылыстың бірі болып табылады және мәнге ие болады.

Пәнаралық байланысты оқу материалдарының мазмұны мен жеке пәндердің құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, «тік» (тігінен)

/вертикальді/ және «көлденеңінен» /гаризантальды/ етіп бөлу маңызды. Көлденең бағыттағы байланыс берілген сыныптардың пәндерін біріктіруді қарастырады. Тік бағыттағы байланыстар әртүрлі жылдардағы оқу бағдарламасы бойынша біртекті материалды қамтиды.

Барлық мектеп пәндері – өзара байланыстық әлеуетке ие. Бастауыш білім беру кезеңінде мұғалімдер оқушылардың дұрыс жұмыс істеуіне, ауызша жауаптарды дұрыс қалыптастыруға, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларына тәрбиелеу және т.б. үшін маңызды деп санайтын нәрселерді алдын-ала анықтап алуы тиіс. Сондай-ақ, өзара байланысқан сипатқа ие сабақтардың құрылымы әртүрлі: түсінікті, ықшамдылық, қысқаша, сабақтың әрбір сатысында оқу материалының логикалық өзара байланысы, материалдың үлкен ақпараттылығы.

Пәнаралық байланыстарды ғалымдар қауымы ғылым және пән бағыттарына қарай түрліше жіктеулері орын алады. Мәселен, солардың бірі – уақытша критерийлерге негізделген, онда оқу материалдарының байланысын алдыңғы және кейінгі, сонымен бірге болашақтағы байланыстыруға мүмкін болжамдардың бағытын анықтап, сипаттауға бағытталу жөнінде өзіндік көзқарастары мен жеке ұстанымдарын ұстанған ғалымдар: Г.И. Вергелес [130], [131] Н.М. Верзилин, В.М. Корсунская және т.б. Мұндай қатынастар негізінде берілетін білімді өмірлік тәжірибемен ұштастыру, бұл оқытуды жүйелендіруге өз септігін тигізеді, пәнаралық байланыс негізіндегі оқушының шығармашылдық әрекеті негізінде игеретін білімнің зерттелу болашағын анықтау бағытында жеке пәндер бойынша алдыңғы зерттелген материалдарға сүйенуге мәселесін қарастырады.

Білім философиясы тұрғысынан пәндердің өзара байланысын түсіндіру мәселесіне арналған С.В. Миньшенинаның [132] өзіндік ой-пікірі мен қорытынды тұжырымдамасында пәнаралық байланыстағы қатынастарда – құрам, әдіс, бағыт құрамдарын бөле қарастырып және оларды жүзеге асырудың үш басты белгілеріне – деректік мәліметтер, нысандар, тұжырымдық қорытынды, теориялар, әдістер топтамасы немесе түрлері бойынша педагогикалық үдерістегі оқыту, білім беру және тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуындағы логикалық тізбектің болуы, әдістемелік жүйе, жаңашыл әдіс-тәсілдердің түрлері және олардың ықпалымен түрлі ақпараттық жүйенің мазмұндарымен /мәтін, дыбыстық ақпараттар, газет, журнал, кітап, мақалалар жинағы т.б./ байланысты жүзеге асыру; бағдарлау бойынша – іскерлік, машықтану, игеру-меңгеру және жалпы дағдыларды қалыптастыру.

Педагогикалық үдерістің ішкі мазмұнында пәнаралық байланыс екі тұрғыда сипатталады. Олардың бірі – оқытылатын материалдардың мазмұнына, қалыптасқан дағдыларға және оқу әдістеріне байланысты пәндер арасындағы байланыстар деп қарастырылса, екіншісіне ақиқатты әлем құбылыстарының өзара байланысындағы шынайылықты бейнелеудегі адамның жеке көзқарастарындағы түсінік тұтастық пен бірлікте болуы керек дегенді басшылыққа алса, ал жеке пәндерден білім беру мен оқытуды жүзеге асыру барысында табиғат, қоғам және осы бағытта жеке адамның ойлау

санасының өзара тәуелділігін негіздейтін пәнаралық байланыстарды қамтамасыз ету қажеттілігін іске асыру. Бұл бастауыш білім беру кезеңіндегі оқытылатын жеке пәндердің оқу материалдары мазмұнының негізінде оқушылардың өзіндік жеке көзқарастар мен нанымдардың қалыптасуына және тұлғалық болмысының дамуына өзек болатын күш болып табылады.

Пәнаралық байланысты мектепте ұйымдастырудың қажеттілігі анық, себебі бұл, қоршағын орта, яғни, әлем туралы, жаратылыс жайындағы әрі әлеуметтік және ғылым мен техника жөніндегі білімдердің өзара ықпалдасуы, кіріктірілуі қазіргі заман сұранысынан туындаған мәселе. Алдыңғы қатарлы ғылыми білімдердің /интеграциялануы/ өзара байланыстағы ықпалдасуының артуы қазіргі болашақ мамандарды дайындауға жаңа талап-тілектер қоятыны анық. Теориялық ғылыми білімдер мен тәжірибелік іскерлік пен білік, дағдылар өзара логикалық тізбектестіктегі байланыстылыққа ие болғанда – жеке тұлғаның игерген білімінің мәні артып, әртүрлі көкейтесті мәселелерді шешуде оларды кеңіне пайдалану орын алады және нәтижесі көңіл қонарлық болады.

Өмірлік тәжірибеде пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың өзіндік қиындары орын алады. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларының жас және жеке танымдық белсенділігін қалай ұйымдастыруға болады, олар түрлі бағыттағы ғылымдардың жүйесінен білім беретін пәндер арасындағы байланыстарды орнатуға, білім философиясы негізінде адам тәрбиесімен айналысатын ғылымдарда жеке тұлғаның танымдық қызығушылығын қалай қалыптастыруға және дамытуға болатыны; педагогикалық үдерісте білім берумен оқытуды сапалы ұйымдастыруда бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығын қалай арттыру және жетілдіру.

Бұрынғы қолданыста болған білім беретін оқу бағдарламаларының жүйесімен педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда мұғалімдер пәнаралық байланысты жүйелі түрде емес, кейбір кезеңдерде ғана және жеке сабақтың белгілі бір кезеңінде немесе бөлігінде ал, кейбір уақыттарда арнайы бағытталған пәнаралық байланысқа қатысты екі немесе үш сабақтарды оқу тоқсанында өткізетін. Ал, қазіргі біздің қолданысымызға еніп отырған білім берудің жаңартылған бағдарламасында пәнаралық байланыс үздіксіз және жүйелі түрде орындалатын педагогикалық үдеріс болып табылады. Бұл қазіргі ғылым мен техниканың даму барысындағы ғылыми білімдердің озық үлгілерін түрлі пән мазмұнының жүйесі арқылы өзара байланыстырып, бүгінгі оқушы тұлғасын дамытудың тиімді құралы ретінде баға берілуде. Оқушыға берілетін оқу материалдарының өзара кіріктіре байланыстыру – оқушының жеке бітім болмыс бейнесіндегі ақыл-ой қабілеттерін дамытуға, ойлауының белсенді болуына, танымдық көкжиек кеңістіктің дамуына, оның өз ойын сапалы және саналы түрде жеткізе алуындағы тілдік қарым-қатынас жасау және жеке бас көңіл-күй сарайының көрінісін дамытуда ерекше мәнге ие болады.

Кесте 1. Бастауыш сыныпқа арналған ортақ тақырыптар

1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
-----------	-----------	-----------	-----------

Өзім туралы	Өзім туралы	Тірі табиғат	Менің Отаным - Қазақстан
Менің мектебім	Менің отбасым және достарым	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Адами құндылықтар
Менің отбасым және достарым	Менің мектебім	Уақыт	Мәдени мұра
Бізді қоршаған әлем	Менің туған өлкем	Сәулет	Мамандықтар әлемі
Саяхат	Дені саудың – жаны сау	Өнер	Табиғи құбылыстар
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Атақты тұлғалар	Қоршаған ортаны қорғау
Тағам және сусын	Қоршаған орта	Су – тіршілік көзі	Ғарышқа саяхат
Дені саудың – жаны сау	Саяхат	Демалыс мәдениеті. Мерекелер	Болашаққа саяхат

Мысалы, пәнаралық байланысты «Тіл және әдебиет: Сауат ашу, Қазақ тілі, Әдебиеттік оқу, Қазақ тілі (Т2), Орыс тілі (Я2), Ағылшын тілі» және «Өнер: Музыка, Бейнелеу өнері, Еңбекке баулу» білім беру салалары бойынша пәндері жүзеге асыру түрлі пән сабақтарында оқушылардың шығармашылдағын арттырудағы олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділік әрекеттерін зерттеуде өнер туындыларының мазмұнын ашып, материалды таныстыру барысында мұғалім суретшінің өмірбаянын, суретті жасау тарихымен таныстырады. Оқу материалын игеріп, талқылау және талдау, оқушылар назарын ортақ тақырыптық негізінде ұсынылған деректерге баса назар аударады, бұрынғы игерген білім негіздеріне сүйене отырып таным өрістерін кеңейтеді. Мәселен, бейнелеу өнері пәнінің сабағында суретпен танысу нәтижесінде оқушылар шығармашылық туындыда бейнеленген өмірдің ақиқаттығы мен шындық бейнесін танып, үйренеді, яғни, оқушы өзінқоршаған әлемді тұтастықта танудағы логикалық ойлауын сабақтастықта, тізбектестікте құрады және дамытады. Ал, «Тіл және әдебиет»: / Сауат ашу, Қазақ тілі, Әдебиеттік оқу, Қазақ тілі (Т2), Орыс тілі (Я2), Ағылшын тілі / топтамасын құрайтын пәндерден сабақ өту барысында, оқушылардың көңіл-күй сарайына әсер ететін пәндер жиынтығы екендігі рас. Өйткені, бұл топтамыны құрайтын оқулықтар мазмұнындағы оқу материалдарын оқушылардың игеретін білімдері дәйекті, деректі мәліметтерге сүйене отырып тасымалдау арқылы жүзеге асырылуында тілдік қарым-қатынастың басымдық орынға ие болуы және олардың көңіл-күй сезімдерімен, ой толғаулары мен тығыз байланыста болып тікелей жағымды әсерлер туғызады. Бұл өте маңызды, білім беру құндылығына ие. Және де, оқу барысында оқу материалында визуальды-көркемдік сазды

әуендерді ұтымды түрде кіріктіре ұсыну - бұл әртүрлі пәндерден оқитын оқу тапсырмаларын жүйелеуге көмектеседі, оқушылар оқу материалының мазмұнын жақсы түсінеді, зерттелген материалды оңай және еркін түрде игеріп, меңгеруге қабілетті болады, педагогикалық барыстар жақсы нәтиже береді. Мысал келтірген пәндер бойынша оқу бағдарламаларындағы материалдар жүйесін және оқулықтың білім мазмұнын өзара байланыстырып немесе кіріктірілген жағдайда ықпалдасу қағидат заңдылығын басшылыққа алып, жүзеге асыру - бүгінгі білім беру мен оқыту және тәрбие жұмыстарын қойылып отырған талаптар.

Білім беру бағытында қоғамдық-ізгілендіру пәндер жиынтығын құратын пәндердің оқу материалдарын өзара байланыстырып, кіріктіру мүмкіндіктері өте кең, өйткені оқу сабақтарында тарих және қоғамдық құрылым мен әлеуметтік мәселелерге қатысты мәліметтер мен деректік білімдері беру және тәрбиелік бағыттағы қоғамдық сананы қалыптастыру мүмкіндіктерінің жоғары екендігі анық. Бұл тұрғыдағы сабақтарда бастауыш сынып оқушылары табиғи дамудың диалектикалық заңдылықтарымен танысады және жаратылыс болмыстың бірлігін тануда алғашқы қадамдары берік болады.

Ал, дүниетану мен жаратылыстану пәндерінің ортақ тақырыпқа бағындырылған оқу материалдарының жүйесінде – бастауыш білім беру кезеңінде оқушылардың танымдық білімдер қорын дамыта отырып, оларға жаратылыс болмыстың қыр-сырын тереңірек түсінуге және табиғатқа құрметпен қарау көзқарасына тәрбиелеу, эстетикалық білім мен тәрбие беру, табиғат сұлулығын қабылдауға үйрену, әрі сақтап қалу мен қамқорлық жасауға тәрбиелеу міндеттері жүзеге асырылады. Яғни, білім берумен оқыту және тәрбиелеудегі педагогикалық міндеттер әрбір жеке оқу пәнінің өзіндік атқаратын қызметтік міндеттеріне кедергі келтірмейді, оларды шешу педагогикалық жаңышыл түрлі әдіс-тәсілдерді оңтайлы пайдалану қажет етеді. Дүниетану және жаратылыстану оқу сабақтарында оқушылардың жаратылысқа, табиғатқа деген әсем, сұлулық сезім қарым-қатынасын жеткізуде эстетикалық, көтеріңкі көңіл-күй, шаттану көрінісі тұрғысынан қабылдау мәселесін шешу керек. Оқуға арналған ортақ тақырыптар мен нысандардың болуы, дүниетану және жаратылыстану оқу пәндерінің сабақтарында олардың әртүрлі бағыттық қырлары мен кешенді әдіс-тәсілдерінің болуы осы бағыттағы ғылыми-танымдық болмысты дамытуға мүмкіндік береді.

Пәнаралық байланыс сабақтарында әртүрлі пәндерден алынатын ақпараттық мәліметтердің қызметі, олар бір-бірін толықтырып, ғылыми білімдерді тереңдетіп беруге бағытталған жоспарды құрастыруға негізгі өзек болуы тиіс. Осы тұғыдан келгенде ғана бастауыш сынып оқушыларының жаратылыс туралы және табиғат тұрғысындағы танымдық болмысын дамыта отырып, олардың адамгершілік сезімдерін арттыру міндеттері шешілетін болады. Әртүрлі оқу пәндерінің оқу материалдарына сүйене отырып өзара байланысты танымдық зерттеудің құралына айналдырғанда басымдылық, сезімге әсер етуден басталады яғни, біздер сезімнен сезімге, оқытудан оқуға, оқушының танымдық көкжиегін кеңейте отырып өзін-өзі бағалауға,

тәрбиелеуге, өзіне деген сенімін арттыруға ықпал жасай отырып, рухани жан дүниесін дамытамыз. Пәнаралық байланыс сабақтары оқушылардың ғылыми білімді неғұрлым қолжетімді, қызықты түрде алуына мүмкіндік жасайтын педагогикалық үдеріс ретінде қызмет атқаруы тиіс.

Бүгінгі күндегі жаңартылған білім беру бағдарламасына пәнаралық байланысты енгізу, оқу пәндерінен қамтылатын оқу материалдарын жеке дара беру мәселесін қарастырмай, оқушының танымдық болмысын дамытудағы ғылыми білімдерді кешенді беру мәселесін қарастырып, шешу арқылы, оқушының бүкіл дүниетанымдық көзқарасын сыңаржақты емес, жан-жақты жетілдіру болып табылады. Оқушы игерген, меңгерген өз білімін жүйелеуге және әртүрлі көкейтесті мәселелердің шешімдерін өзі таба алуға қолдану мүмкіндігіне ие болып, білігі мен іскерлік дағдысын дамытуға ықпал жасайды – бір қыры болса. Екінші бұл – мұғалімнің педагогикалық қызметіндегі кәсіби іс-әрекетін ұйымдастыруда оқыту мен тәрбиелеу әдістерін түрліше пайдалануға қозғау болады: мәселен, оқушының қабілеттерін және білімін жақсы бағалауға, оны түсінуге көмектеседі, дәстүрлі емес жаңа оқыту әдістерін іздейді. Үшіншіден, оқушылар үшін шығармашылық қабілеттерінің көрінісі табатын үлкен алаң және мүмкіндіктер: мұнда мұғалімдер, әдіскерлер, психологтар қазіргі оқушылардың танымдық салада олардың қажеттіліктері мен қызығушылығын түсінетін, оларды жақсы көретін және өздерін көрсететін мектептегі басты тұлғалармен байланысты орнатады.

Бұл жағдайда пәнаралық байланыстар оқушылардың арасында біртұтастық білім жүйесін қалыптастырады және жеке пәндер бойынша ортақ іс-әрекетте жалпы танымдық дағдылар жүйесі орын алады. Әртүрлі білім жүйелерінің әсерінен оқушы болмысының тұлғасында қалыптасатын жеке қасиеттерді дамытуда пәнаралық байланыстардың ықпалы жайындағы ой-пікірлер түрлі ғылым саласындағы ғалымдардың қызығушылығын тудыруда.

Пәнаралық байланысты сипатайтын педагогикалық құбылыс, ол бір жақты «түзу сызықтық» жүйені немесе қандайда бір «қатаң сақталатын қағиданы» берік ұстану деген ұғым-түсінікті бермейді. Себебі, оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған білім беру мен оқыту, оқу және тәрбие жұмыстарына кешенді көзқараспен келуді талап етелін қыры мен сыры көп, тереңнен талдап, қарастыруды талап ететін шығармашылық қатынасты талап ететін үдеріс. Өйткені, жеке бір пәннің оқу материалы екінші бір нәрсені зерттегенде өз көмегін тигізіп отыратынын негізге алу қажет.

Оқушылардың пәнаралық сипатқа негізделген жаттығулар мен тапсырмаларды орындау барысында жеке белсенділіктері артып, есте сақтау, ойлау, эмоционалды-еріктілік үдерістер, қиял мен сөйлеуі жетік дамиды. Сондай-ақ, өзара байланыстыру немесе кіріктіру үдерісі оқушыларды ынталандыру рөлін атқарады. Пәнаралық байланыста оқытудағы алдыңғы тәжірибенің нәтижесінде оқушылардың алған білімі танымдық реттеушілер болып табылады. Мұндай барыстар психикалық үдерістің өнімділігін арттыратын білімді өзара байланыстыру немесе кіріктіру арқылы анықтайтын қызметтерді орындайды. Алған білімді түсіну, меңгеру, сіңіру мен қорыту

әрекеттерінің нәтижесі болып табылады және келесі бір жаңа білімді игеру әрекетіне жаңа әдіс-тәсілдерді шығармашылықпен енгізілу жолында ізденістер орын алатын күрделі құбылыс болып табылады.

Қазіргі уақытта білім беру бағдарламасының ерекше бөлігі немесе мән беретін жағдай ол - пәнаралық байланыс болып табылады. Себеп, бүгінгі қоғамдық, әлуметтік-экономикалық т.б. салалар мен ғылымдардың сараланып бөлшектенуі және олардың өзара ықпалдасуы /интеграциалау/ сипаты жалпы білім беретін мектебіміздің деңгейлік кезеңі мен бағыттық мазмұнын анықтауға негіз болып отыр. Яғни, мұнда педагогикалық үдерістегі қамтылатын оқу-тәрбие тәрбие жұмыстарын жүзеге асыруда пәнаралық байланыс жүйесін басшылыққа алу керек деген сөз. Ал, оның жүзеге асыру жолдарындағы мақсат пен қажетті міндеттері мектептегі педагогикалық тәжірибе арқылы анықталады. Пәнаралық байланысты өзекті мәселе ретінде қарастырып, зерттеушілер оның философиялық, психологиялық мәнін құрылымын зерттеп өз пікірлерін айтты. Пәнаралық байланысты оқу бағдарламаларының ішкі мазмұндық құрылымдарының өзара үйлесімділігі деп те қарастыруға болады.

Көптеген ғалымдар М.А. Данилов [133], В.В. Давыдов [134, 135], И.Д. Зверев [116], И.Я. Лернера, И.К. Журавлева [136] және тағы басқа пәнаралық байланыстың философиялық, психологиялық мәнін құрылымын әдіснамалық қызмет мазмұнын басшылыққа алады. Түрлі пікірлерді ұстанып, өзіндік ғылыми ой-тұжырымдарын ұсынушы ғалымдар - пәнаралық байланыстың психологиялық негізін - жеке тұлға санасында берілген ғылыми білімдердің орналасуы және оның нәтижелік көрінісі өмірлік тәжірибеде – «оқушыға» үнемі әрекет жасау арқылы ілгері ұмтылыс негізінде дамуға қолайлы жағдай жасап және оны итермелеуші, ықпал жасаушы күш деуі, яғни ол бір күйден екінші күйге өту барыстарын реттесе бұл «құбылыс» болып табылады. Оқушының шығармашылық іс-әрекетке дайын бола алатынын дәлелдейді. Бұдан біздің зерттеуіміздегі пәнаралық байланысты «педагогикалық құбылыс» деуіміздің негізі бар болып шығады. Осы негізде педагогтар мен әдіскерлер жалпы білім беру мазмұны пәнаралық байланыс негізінде жетілдіреді, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы білім беру мен оқыту және оқу мен тәрбие барыстарында орын алатын іс-әрекеттің нәтижесі оқушыда пәнаралық байланыс іскерлігін қалыптастырады. Пәнаралық байланыс танымдық әрекеттің екі қырын жетік ұғынуға мүмкіндік береді. Біріншіден, табиғатты және бар шындықты өмірдегі дүниемен заттарды оқу, үйренуді ғылымдардың интеграциялану негізінде орын алатын пәнаралық байланыс арқылы көрсетсе, ал екінші жағынан пәнаралық байланысты дидактикалық заңдылықтарға бағанатын «педагогикалық құбылыс» ретінде түсіндіру. Пәнаралық байланыс оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуындағы шындық пен ақиқатты тасымалдап беруші және оқушының танымдық әрекетін күшейтетін құбылыс. Пәнаралық байланыста дидактикалық талаптар сақталып, білім беру мен оқытудың заңдылықтарын құрайтын құрылымдар мен құрамалардың әрекетке түсе отырып, педагогикалық үдерістің жүзеге асырылуын және олардың әдіснамалық қызметін береді. Сондай-ақ ол дамытушылық сипатының

арасындағы байланысты құру болып есептеледі. Пәнаралық байланыс оқу-тәрбие үдерісі арқылы жүзеге асырылады. Оқыту барысында оқушылар танымдық, тәжірибелік, мақсатты бағдарлы іс-әрекеттермен шұғылданады. Педагогикалық үдерістегі білім беру мен оқыту және оқу мен тәрбиелеу барыстары мұғалімнің басшылығымен жүзеге асырылады оқушының ғылыми-танымдық іс-әрекетпен айналысуын жүйелейді. Оқу-танымдық ғылыми зерттеулер сияқты ақиқаттық тұрғыдан шындық дүниені тану болып табылады. Оқушы таным үдерісінде объективті дүниенің жаңа мәліметтік деректерін және олардың өзара байланысының жаңа қырларын ашады әрі өзара тәуелділіктерін біледі. Педагогикалық үдерісте пәнаралық байланысты жүзеге асырудың көптеген жолдары бар.

2.2 Бастауыштағы пәнаралық байланыстарды жаңа буынды оқулықтар жүйесімен жүзеге асыру

Пәнаралық байланыстағы немесе кіріктірудегі оқу материалдарын өзара бөлімдер, ортақ тақырыптар жүйесінде топтастырып, біріктіру ұстанымының басты қағидасы – ғылыми-жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық және эстетикалық білімдер мен технологияны біріктіруді жеке білім аймағында шартты түрде қарастыра отырып, оқушыларға әлемнің біртұтастығы жайлы ғылыми-сұрыптамалық білім беру.

Бүгінгі жаппай қолданылып жүрген жаңа технологияның өзі біздің педагогикалық тәжірибемізге ыңғайластырыла отырып, оңтайлы кіріктірілген болып табылады. Қазіргі педагогикалық технологияда пәнаралық байланыс кіріктірілген немесе ықпалдастықтағы білім беру жүйесі ретінде қарастырылады. Бұнда педагогикалық үдеріс оқыту, білім беру мен тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрай отырып, әртүрлі білім бағыттарынан ортақ бөлім, ортақ тақырыптарына негізделген дәйекті теория, ұғым заңдарды біріктіріп, құрылымдық және ғылыми-мазмұндық жүйені жасайды.

Оқу пәндеріндегі білім мазмұндарының ортақ бөлімдер мен ортақ тақырыптарға топтастырылуы төмендегі шарттарға байланысты:

- зерттеу нысандарына сәйкес келуі немесе өзара жақын болуы;
- кіріктірілген немесе өзара байланыстырылған оқу пәндерінде зерттеу әдістерінің бірегейлігі немесе ұқсастығы;
- кіріктірілген немесе өзара байланыстырылған оқу пәндерінің жалпы заңдылық, теориялық тұжырым негізінде құрылуы.

Осы негізде біртұтас дидактикалық мақсатқа бағытталған оқу бағдарламаларының жасалуына алып келді. Пәндердің өзара байланысуындағы құрамдық-құрамаларының қызметін талдау әдісін пайдалану – әрбір бөлшектік құрылымның бағытталған арнаулы қызметі тұрғысында қарастырылады және кіріктіріліп немесе өзара байланыстырылып отырған екі, үш (немесе одан да көп) пәннің құрылымдық бөлшектері анықталады (оқу материалының мазмұндық көлемі, осыған негізделген бөлімдер, бөлімшелер мен ортақ тақырыптар, дәйекті теория мен ұғымы, заң, т.б.) т.б. Нәтижесінде жалпы білім

беретін екі немесе одан да көп пәндердің жиынтығын беретін өлшемдік кестесі жасалады [137,138].

Оқытылатын жеке пәндер оқушыларға қажетті білім, білік, дағды қалыптастыра отырып, олардың жеке тұлғалық болмысының дамуына және өмірлік тәжірибеде өзін-өзі тануына септігін тигізеді. Оқушы немесе жеке адам алға қойған мақсат-мұратына жету жолында жеке өзінің өмір тәжірибесінде жинақталған білім, білік пен дағдыға сүйенеді. Бұл өзінің ішкі және сыртқы мүмкіндіктерін пайдалануға қабілеттілігін көрсету болып табылады. Яғни, бұл - күзіреттілік. Бүгінгі оқу бағдарламасының мазмұнында танымдық-ақпараттық құзырлылықты қалыптастыру басымдық орынға ие болуда, өйткені оқушының әлемді және қоршаған ортаның біртұтастығын танып білуге бағытталған әрекетін пәнаралық байланыстар жүйесімен немесе ықпалдастырумен байланысты жүзеге асыру маңызды болып отыр.

Пәнаралық байланыс және оқушының танымдық болмысындағы жалпы күзіреттіліктердің қалыптасуында берік байланыстар бар. Себебі, оқу бағдарламаларында әр пәннің оқу материалдары негізінде оқушы бойында қалыптасатын білім, білік, дағдылар өз алдына жеке-жеке сипатталып, анықталып берілсе де, бірақ, тұлғаның өмірлік тәжірибесінде олар өзара байланыстағы тұтастық күзіреттілігін береді. Демек, оқушы өмірлік тәжірибеде кездесетін түйткіл немесе өзіндік шешімі табылуға міндетті мәселелердің түйінін табуда жеке пәндерден игерген білімдерін саралап, талдау жасамайды, тек бұл арада өзара байланысқа немесе кіріктірілген жалпы білім мен жеке дағдысын қолданады. Яғни, оқушыда танымдық әрекеттері арқылы ғылым негіздерін игеру машығы орын алады. Ол танымдық жолдағы ғылыми білімдерге негізделген ақпараттарды тек қабылдаушы ғана емес, жаңа мазмұнды білімді меңгеруші және соған сүйене отырып, өзінің жеке танымдық қызметін реттеуші, әрі бүкіл барыстардың жүру кезеңінде және өзінің білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтаушы. Бұнда оқушы өз іс-әрекетін талдау кезінде ғана байқалатын жеке-дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туады. Өмірлік тәжірибеде жеке пәндерден алған теориялық білімдеріне сүйене отырып, түрлі мәселелерді /қиындықтар, қарама-қайшылықтар, жаңа білімдерді өмірмен байланыстыру/ шешу тәсілдерін түсінеді. Сондай-ақ, оқушы өз жұмыстарының мәнін түсіну, ой арқылы кері қайту немесе өткенге оралу – ойлану барысында өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі, әрбір әрекеті барысында басшылыққа алған ережелер мен талап-бағыттардың дұрыстығын мойындау, құптау немесе жоққа шығаруы. Білімді саналы түрде қорыту, яғни оның нәтижесінде «рефлексия» жасаушы дәрежесіне көтеріледі, бұл танымдық жолдың жоғары деңгейіне ұмтылу болып табылады.

Қазіргі уақыттағы ғылымдардың ықпалдасуы мен кіріктірілуі /интеграциялануы/ барысындағы пәнаралық байланыстың орын алуы – заман талабы. Бұл бағыттағы талаптық жүйе оқытудың жаңа білім беру бағдарламасының мазмұнына еніп, педагогикалық үдерісте орын алуда. Басты мәселе – оқушылар қазіргі заман талабына сәйкес жаңаша мазмұнды білімдер жиынтығын игеру барысында танымдық әрекеттері мен мүмкіндіктерінің

өзінің даму деңгейіне үйлесімді болуын ескеру қажет [139,140]. Қазіргі білім беру жүйесіндегі ерекшеліктің бірі – жеке пәндердің оқу материалынан берілетін білімді немесе оқыту мен тәрбиелеуді бір пән төңірегінде ғана іске асырмай, кешенділік жүйені басшылыққа алу болып табылады. Яғни, бастауыш сыныптардағы педагогикалық үдерістерді жүзеге асыруда пәнаралық байланысты – оқу материалдарының өзара байланысуын, кіріктірілуін, бір-бірін толықтыруын негізге алу – басты шарттың бірі болып табылады.

Пәнаралық байланысқа негізделген сабақтардың өзіне тән ерекшеліктері.

Мәселен:

- бұл типтегі сабақтарды өткізуге мұғалім тарапынан шығармашылық-ізденіс жұмыстарын жүргізу талап етіледі. Берілетін немесе өтілетін тақырыптық оқу материалын ауқымды қамту арқылы оқушының тұлғалық болмысының толық дамуына кешенді тұрғыдан ықпал жасалады /түрлі ақпарат көздерінен – оқулықтар, қосымша ғылыми-әдістемелік әдебиеттер, ғаламтор желісі, т.б./;

- тақырыптық сабақта оқушылардың ғылыми-танымдық әрекетінің белсенді болуы, қызығушылықтың /мысалы, негіз болып отырған пәнге/ артуы;

- жеке пәннің оқу материалын меңгеру барысында өзге пәндердің оқу материалының мазмұнына сүйену, оны толықтырушы құрал ретінде орнымен пайдалану қажеттілігін мұғалімнің жете түсінуі және оқушы өзінің жеке танымдық болмысының дамуына қажеттілігін білу /пәндік білімнен метапәндік білімге өтуді түсіну/.

- пәнаралық байланыс сабақтарында оқушылардың меңгеретін теориялық білімдер ауқымы кеңейіп, жаңа ұғымдар ман атаулардың көпшілік пәнге ортақ келетін белгілерін танып, біледі /ортақ дидактикалық материалдар жүйесін пайдалану, техникалық құралдар, компьютерлер т.б./.

- кіріктірілген сабақтарда кешенді білімдер жүйесін меңгеруде кері байланыстың орын алуы, алған білімдерінің өмірлік тәжірибеде пайдалану жолдарын игеру, біліктері мен дағдыларын шыңдау.

- кіріктірілген сабақтар арқылы келесі пәннен оқылатын тақырыптық жаңа білімнің негіздерін меңгеруге дайындықтың жүруі.

- пәнаралық байланыс сабақтарында оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен өзіне сыни тұрғыдан қарау жағдайларының орын алуы, басқа оқушылармен өзінің танымдық жолдағы әрекеттерін салыстыру.

- оқушыларда кіріктірілген сабақтардағы меңгерген жаңа материалдарды талқылау мен талдау жұмыстарында танымдық-білім деңгейлерін көрсету орын алады.

- пәнаралық байланыс сабақтарын өткізуге мұғалімнің жүйелі жұмыс жоспарының құрылуы және оқушылардың жоспар бойынша ғылыми-танымдық жұмыстарға қатысуы және оны жүзеге асырудағы әрекеттерінің белсенді болуы орын алады. Бұнда мұғалім ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады.

– пәнаралық байланыс сабақтарының бағыттық мазмұны – оқушы тұлғасының жеке болмыс-бітімінің толық дамуына кешендік тұрғыдан ықпал жасау.

Біздердің тақырыптық зерттеулеріміздің мазмұнын ашу барысында қазіргі қолданысқа енгізілген жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламасының талаптарын орындау негізінде бастауыш сыныптар үшін жазылған оқулықтардың мазмұнына қысқаша сипаттамалар беріп, қарастырсақ. Мәселен, 3-сыныпқа арналған «Математика» оқулығы (1,2 - бөлім). Білімнің жүйелілігі, кешендігі, интеграциялануының қамтамасыз етілуі, пәнаралық және пәнішілік байланыстардың сақталуы барысында қарастыратын болсақ, оқулықтағы есептердің мазмұны оқушыға түсінікті, нақты, әдеби тілде, қазақтың белгілі тұлғалары жайлы есеп шығару арқылы, ақпарат жинап, оның өмірбаяны мен шығармашылығы туралы білуге бағытталған. 100, 104-беттер, т.б. Сондай-ақ, дүниетану, жаратылыстану, көркем еңбек пәндерімен тығыз байланыста құрастырылған. Мысалы: «Кел, ойнайық» тапсырмасы: 1-бөлім 16, 18, 22, 24, 26, 28, 31, 54, 56, 67, 69, 71...т.б. 2-бөлім 36, 38, 42, 46, 55, 57, 98, 100, 148-беттер т.б.

– білім мазмұны мен көлемі мен күрделілік деңгейінің шиыршықтылық ұстанымына сәйкес беріліп, әр тақырыптағы тапсырмалар жүйесі Блум таксономиясының иерархиясына негізделі отырып құрастырылған.

– әртүрлі сынып оқулықтары арасында пән мазмұнының сабақтастықта берілуі;

– тарау, бөлім, параграф және тақырыптардың бір-бірімен өзара логикалық байланысы сақталған. Оқу жылына 8 ортақ тақырып жүйелі беріліп, тапсырмалар ортақ тақырыпқа сай жасалған.

Оқу материалдарының, мәтіндер мен тапсырмалар көлемі мен деңгейінің оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік тәжірибесіне сәйкестік талаптары сақталған.

– танымдық үдеріс ерекшеліктеріне сәйкестігі (қабылдау, жадына сақтау, қиялдау және ойлау);

– деңгейлік саралаудың болуы; барлық тақырыпта жеңілден күрделіге қарай, біртіндеп бағытталып берілген.

- оқытуды ұйымдастырудың түрлі формаларын қолдану: жеке, жұппен, топтық және ұжымдық. Оқулықпен диалог, жұппен жұмыс, топпен жұмыс, өзінді бағала тапсырмалары оқулықта шартты белгілерімен жүйелі берілген [141, 142].

Ал, дүниетану оқулығының мазмұндық құрылымын қарастырсақ /2,3-сынып/ оқушының топпен, жұппен, өздігінен жұмыс жасауына баса көңіл аударылған. Ол оқушының ой бөлісіп, ортақ шешім шығаруына және мәдени тұрғыда байланыс жасай білуге үйретеді. «Қоғам және мен» тақырыбы өзінің жеке басының, көпшілік орындарда және қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстау мәдениетін айқындауға мүмкіндік береді. «Қазақстан халықтарының мейрамдары» тақырыбы мен ондағы тапсырмалардың мазмұнында ұлтаралық және ұлттардың өзара қарым-қатынасы, толеранттылық жайлы толық

мағлұмат беріледі. Оқулық мазмұнының жүйелілігі, логикалық бірізділігі, және сабақтастығы, оқу материалының мазмұнында жүйелелілік және логикалық реттілік қағидалық ұстанымы сақталған. Әр бөлім арасында логикалық байланыс бар. «Шиыршық» әдісіне бағыттала құрылған тақырып көлемі мен оқу материалының мазмұнында, мысалы: «Ауа райы адамға қалай әсер етеді?», «Табиғат және менің қауіпсіздігім», «Менің шығындарым» және «Өз шығындарыңды қалай жоспарлаған жөн?» деген тақырыптарда бірізділік сақталған. Оқулық оқушылардың психологиялық және жас ерекшелігі, сондай-ақ әлеуметтік тәжірибесіне сай келеді. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық сияқты әртүрлі оқыту, ұйымдастыру формалары пайдаланылған. Тақырыптарда оқушылардың қызығушылығын тудыратын қызықты тапсырмалар қарастырылған. Мысалы, мұнда қызықты мәселелерді қамтитын тақырыптар ғана беріліп қоймайды, сонымен бірге әрбір бөлімнің соңында оқушылардың танымдық қызығушылығы мен шығармашылық ізденісіне жағдай туғызатын «Пікір алмасайық», «Әр алуан тапсырмалар» берілген. Материал оқушылар үшін түсінуге жеңіл, қысқа, ұғынықты түрде берілген. Әрбір тақырып екі бет көлемінде берілген. Ол мәтіннің, оқу тапсырмалары мен иллюстрациялары бірдей шамада болуына мүмкіндік туғызған. Оқулық фактілер мен оқиғаларды объективті түрде ашып беретін көңілге қонымды, нақты материалдардан тұрады. Глоссарийге сабақтың тақырыбын ашатын барлық негізгі сөздер кіреді [143,144].

3-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» оқулығында (1,2 бөлім) мазмұнның жүйелілігі, логикалық бірізділігі және сабақтастығы сақталған. Білімнің жүйелілігі, кешендігі, интеграциялануының қамтамасыз етілуі, пәнаралық және пәнішілік байланыстар сақталған. Мәселен, дүниетану, математика, физика, биология, химия, география пәндерімен байланыста құрастырылған.

– білім мазмұны мен көлемі мен күрделілік деңгейінің шиыршықтылық ұстанымына сәйкес; әр тақырыптағы тапсырмалар жүйесі Блум таксономиясының иерархиясына негізделіп отырып құрастырылған.

– әртүрлі сынып оқулықтары арасында пән мазмұнының сабақтастығы сақталған: тарау, бөлім, параграф және тақырыптардың бір-бірімен өзара логикалық байланысына сәйкес зерттеушілік тапсырмалар жүйесі құрылған.

Оқу материалдарының, мәтіндер мен тапсырмалар көлемі деңгейінің оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік тәжірибесіне сәйкес болуы, барлығы талапқа сай сақталған.

– танымдық процесс ерекшеліктеріне сәйкестігі (қабылдау, жадына сақтау, қиялдау және ойлау);

– деңгейлік саралаудың болуы; барлық тақырыпта жеңілден күрделіге қарай, біртіндеп бағыттала берілген.

– оқытуды ұйымдастырудың түрлі формаларын қолдану: жеке, жұппен, топтық және ұжымдық. «Жедел жауап» айдары оқулықпен диалог, жұппен жұмыс, топпен жұмыс жүргізуге бағытталған.

Мазмұнның қызықтылығы мен эмоционалдық айқындылығы әрбір тақырып бойынша сурет, тәжірибелер арқылы тапсырмалар жүйесінен көрініс тапқан, балалардың қызығып жұмыс жасауына жақсы ықпалын тигізеді:

- оқу материалдарының диалогті сипатқа ие, оқу пәніне қызығушылық, эмоциялық әсер тудыратын ерекше, таңғаларлық элементтер әр тақырыпта айқын көрсетілген.

- тапсырмалардың әртүрлілігі: қызықты, тәжірибелік тапсырмалар қайталанбай, әртүрлі берілген [145].

Мәселен, 3-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» кітабы МЖМББС тұжырымдамалық қағидаларына, типтік оқу жоспары мен типтік оқу бағдарламасына сәйкес. 2 бөлімнен тұратын оқулықтың әр кітабында бағдарламадағы оқу мақсаттары нұсқаушы ретінде балаға түсінікті тілмен тұжырымдалған және әр сабақ оқу мақсаттарына негізделіп жасалған. Әр сабақта оқу мақсатының түйінді сөздері келтірілген.

«Әдебиеттік оқу» пәні әдебиеттану ғылымына негізделетіндіктен, пәннің базалық ғылыми мазмұны сақталған. Оқулықтың мазмұны осы ғылымның басты заңдылықтары мен ұстанымдарына сай құрылған: бағдарламада көрсетілген әдебиеттану ғылымының теориялық түсініктері, т.б. туралы қарапайым мәліметтер нақты, балаға түсінікті түрде ұсынылып, практикалық тапсырмалар ретінде көрініс тауып, шығарманың жалаң оқылмауына көңіл бөлінген. Білім мазмұнын құруда әдебиеттегі көркем шығарма, жазушы және оқырман бірлігін сақтау ұстанымы басшылыққа алынғаны байқалады: осы жастағы балаға түсінікті шығарма, оның авторы туралы қарапайым өмір-дерек, сол мәтінді дұрыс қабылдауға бағыттайтын оқу тапсырмалары берілген. Сұрыпталған материалдар лексикалық тақырыптарға сай үйлестіріліп, оқушыда сол мәселе туралы тұтастай білім қоры қалыптасуына негіз болады. Мысалы, «Жанды табиғат» бөлімінде топтастырылған шығармаларды оқи отырып, оқушылар туған өлке табиғатының әдемілігі, табиғаттың тамаша таңғажайып құбылыстары, адамға пайдасы туралы біледі, одан әрі табиғатты қорғауға үндейтін мәтіндерді талдау арқылы осы бөлімнен алған білімін қорытындылайды. Оқулықтағы әрбір бөлімнен осындай жүйелілікті байқауға болады.

Құндылық бағдарлары - оқулық мазмұнында ана тілін түсінетін, оның қадір-қасиетін түйсінетін, елін, Отанын сүйетін, патриоттық сезімі тұрақты қалыптасқан, мұндай ұлы сезімнің ата-анасы мен жақындарын құрметтеуден басталатынын білетін жеке тұлғаның келбетін қалыптастыратындай материалдар молынан қамтылған.

Тәжірибеге бағытталуы - оқулықтағы әр сабақтың әдістемелік аппаратында құзыреттілік тапсырмалары ескерілген. Мысалы, №11 сабақ: Қасқырға қандай кеңес берер едің? №12 сабақ: Алмастың орнында сен болсаң не істер едің? №60 сабақ: Аланнан не үйрендің? №35 сабақ: Күн тәртібін жасауға көмектес. №83 сабақ: Суға қатысты тыйым сөздерді жалғастырып жаз. №84 сабақ: Қандай сусындар ішкен пайдалы деп ойлайсың?

Сыни тұрғыдан ойлауды, талдау қабілеттерін дамытуға бағытталуы мәтіндерді талдауда ұсынылған «Ақылдың алты қалпағы», «Фишбоун», «Жабық және ашық сұрақтар», «Бестармақты өлең», «Семантикалық карта», «Кластер құрастыру», «Постер құрастыру», «Эссе жазу», «Бес сөз», «Үш қадам», жоба жасау, ақын-жазушыға еліктеп көркем сөйлеу тапсырмалары, жадынамалар, ережелер құрастыру, ситуативтік жағдаяттарды шешу немесе жолдарын ұсыну, хат, тілектер жазу, т.б интербелсенді әдістер сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытады.

Мазмұнның жүйелілігі, логикалық бірізділігі, және сабақтастығы -оқулық тарауларындағы мәтіндер сол бөлімнің идеясын толықтай ашатындай логикалық ойға құрылған. Мысалы «Уақыт» күн, ай, жыл мезгілдері жөнінде жыл басына таласқан жануарлар жайлы халық шығармашылығынан басталып, «тез үйреніп, тез жойма, жас уақытта көңіл – гүл» деген Абайдың уағызына ұласып, адамға бақыт құсы жастық шағында кезігетінін, «сондықтан өкініп қалмай жастық уақытыңды дұрыс пайдалан» дейтін Ы.Алтынсариннің «Бақыт құсы» ертегісімен жалғасып, М.Жұмабаевтың «Уақытты бос өткізбе еркелеп» деген өсиетімен бекітіледі. Әр тарау осылай философиялық оймен түйінделіп отырған. Осы орайда, «Өнер» тарауының «өнерлі болсаң, елдің алды боласың» идеясына құрылған Ы.Алтынсариннің «Өнер, білім бар жұрттар», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» тарауының қазақ баласы қандай болуы керек деген сұраққа жауап беретін Т.Молдағалиевтің «Мен қазақтың баласымын» өлеңімен түйінделіп тұруы пәндік мазмұнның жүйелілігін, сабақтастығын байқатады.

Мазмұнның психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі – оқулықтағы мәтіндердің тілі жеңіл, оқиғасы қызықты. Тапсырмалар оқу, түсініп оқу жаттығуларынан басталып, мәтіннен тыс, бірақ соған ұқсас ситуацияларды талдау, шығармашылық жұмыстар орындауға ұласады. Оқуға ынталандыруға бағытталуы - оқулықтағы сөздік материалдар суреттермен, айқын сызбалармен, фотолармен айшықталып берілуі баланың шығарманы оқуына түрткі болады. Сондай-ақ, оқушыны кейіпкердің өміріне араластыру, оның жай-күйін ұғынуға жетелеу тапсырмалары әр сабақта келтірілген. «Кім жылдам?» сөзжұмбақтар, кластерлер сияқты ойын элементтері де диалогтық қарым-қатынас орнатады.

Оқулықта бағдарламадағы тақырыптарға сәйкес және негізінен бағдарламада аты аталған жазушы-ақындардың төл туындылары аты-жөнімен келтірілген. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ақпарат көздері аталған.

Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулықта осы курсты ұйымдастыру мен өткізуге арналған ұсыныстар, сонымен қатар, қадамдық нұсқаулар берілген.

Әдістемелік нұсқаулық:

1. Ұзақ мерзімді жоспарлаудан;
2. Орта мерзімді жоспарлаудан;
3. Қысқа мерзімді жоспарлаудан;
4. Әр тараудың қорытындысы жиынтық жұмыстардан құралған қосымшалардан тұрады.

Оқу-әдістемелік кешенде оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға және диалогтік ортаны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген. Коммуникативтік қатынас арқылы оқушы өзінің пікірін сенімді түрде жеткізе біледі, өз қатарластарымен пікірталасқа түседі, өзінің көзқарасын негіздейді және оны қорғап шығады [146].

3-сыныптың «Қазақ тілі» /1,2-бөлім/ оқулығының оқу материалдарының негізіне тілдік білім мен сөйлеу алынған. Қазақ тілін оқытуда сөйлеу аспектісіне ерекше мән беріліп, тіл және сөйлеу бірліктері (сөз, сөйлем, мәтін), кез келген грамматикалық категория (сөз құрамы, сөз таптары, сөйлем мүшелері) оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытуға бағытталып сұрыпталған. Оқулық мазмұнында оқушылардың тілдік және қатысымдық дағдыларын қалыптастыру тапсырмалары мен материалдары күтілетін нәтижеге бағдарланған оқу мақсаттарына сәйкес түзілген. Оқулықта оқушының жаңа ұғым, түсінікті меңгеруінде ескі білім мен жаңа білімді салыстыру арқылы оқушылардың өздігінен тілдік құбылыс туралы қорытынды жасауға немесе ереже шығаруға мүмкіндік беретін оқу тапсырмаларының болуы қазақ тілі әдістеме ғылымындағы жаңашылдықтың көрініс тапқанын байқатады. Сонымен қатар, ғылымилық ұстанымы да сақталған, өйткені әрбір тілдік анықтамалар ғылыми жағынан нақты да дәл, баланың түсінігіне лайықталып ұсынылған.

Оқу материалдарының құндылық бағдарлары – оқулық мазмұнында туған тіліне, тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту материалдары молынан қамтылған. Аталған оқулықтағы мәтіндер бағдарламада көрсетілген лексикалық тақырыптарға сәйкес алына отырып, оқушылардың адамгершілікке, патриоттыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге, әдептілікке, әсемдікке тәрбиелеуге бағытталып ұсынылған. Мәселен, 19-сабақтың 2-жаттығуында берілген мәтін арқылы оқушы қоршаған ортаны, яғни табиғатты қорғау қажеттігін, оларды да тіршілік иесі екенін сезінсе, 22-сабақта берілген «Жақсы мен жаман» өлеңі арқылы жақсы және жаман қылықтар туралы топта талқылап, ой түйеді. 16-сабақтағы 62 жаттығуда әдептілікке тәрбиелеуге бағытталған. Ал, «Атақты тұлғалар» бөліміндегі мәтіндер арқылы білім алушылар Б.Момышұлы, М.Әуезов, Құрманғазы, Дина, А.Байтұрсынов, Төле би және басқалар туралы мағлұмат алады, әрі солардың іс-әрекеттерінен үлгі алады. Осылайша еліміздің табиғаты мен мақтан етер ұлы тұлғаларын тани келе, олардың патриоттық сезімдері оянары сөзсіз. «Отан отбасынан басталады» дейді халқымыз. Оқулықта отбасынан бастап үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасаудан бастап, табиғатты қорғауға және өз еліне деген сүйіспеншілігін оятуға арналған мәтіндер мен жаттығулар үнемі беріліп отырған (мысалы 1-бөлімде 3-сабақтың 15 жаттығуында, 52-сабақтың 5-жаттығуында, 55-сабақтың 18 жаттығуында берілген).

Өмірлік тәжірибемен байланыстылығы – оқулық материалының мазмұнында оқушылардың алған білімдерін іс-ірекет барысында, өмірлік жағдаяттарда, тұрмыста, төтенше жағдайларда ұтымды қолдана алуға

бағыттайтын материалдар бар. Олар оқулықта берілген тілдік материалдар оқушының диалогтік сөйлеуі мен көпшілік алдында сөз сөйлеуін, топтық қарым-қатынасқа түсе алуын, жазбаша қарым-қатынас түрлері мен мазмұнын жүзеге асыруға бағытталған. Мысалы, диалогтік сөйлеуге үйрету үшін этикалық сипаттағы диалогтер: сәлемдесу, өзін-өзі, басқаны таныстыруы; қоштасу; құттықтау, тілек айту, оған жауап беру; әңгімені бастау, аяқтау, жалғастыру; алғыс білдіру, оған жауап қайтару; қуанышымен, ренішімен бөлісу (1-бөлім.16-сабақ. 60,61-жаттығулар; 19-сабақ. 4-жаттығу; 2-бөлім. 120-сабақ.7-жаттығу), т.б.

Сондай-ақ, сыни тұрғыдан ойлауға, креативтілікке, жағдайды, ақпаратты өз бетінше ұғынуға талдауға және бағалауға, қорытынды жасай алуға, ақпаратты өз бетінше талдап, түсіндіре алуға, проблеманы шешіп, балама жолдарын ұсынуға арналған дамытушы тапсырмалар әр сабақта бар десе болады. Құттықтау және шақыру қағаздарын жазу жоба жасау, хабарлама, ережелер құрастыру, жағдаяттық тапсырмаларды шешу немесе жолдарын ұсыну т.б интербелсенді әдістер сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытады.

Оқушылардың зерттеу дағдыларын, өздігінен шығармашылық жұмыстармен айналысу дағдыларын дамытуға бағытталуы – оқулықтағы «Біздің жобамыз», «Шығармашылық үзіліс» айдарларымен зерттеу жұмыстарына бейімдейтін тапсырмалар, өмірлік тәжірибеге үйрететін жағдаяттық тапсырмалар және т.б. берілген Мәселен, «Шығармашылық үзіліс» айдары бойынша оқушының «Негізгі және туынды сын есім» тақырыбы бойынша алған тілдік білімін өмірлік жағдайда қолдануға машықтандыру мақсатында рефлексиялық жаттығу берілген. Оқулықтың бүкіл жүйесі оқушының алған білім, біліктерін өмір жағдайларында қолдана алуға мүмкіндік беретін түйінді дағдыларды (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) қалыптастыруға бағытталған. Оқулық мазмұнның жүйелілігі, логикалық бірізділігі, және сабақтастығы - оқулықта тілдік ұғым, түсінік лексикалық оқу материалының аясында танытылып, оқу материалының жүйелі және бірізді мазмұндалуы, сабақтастықтың болуы, оқу материалын көрнекі бере алу көзделген. Дидактикалық ұстанымдар сақталған деп айтуға толық болады. Ең бастысы, оқулықтағы барлық материалдар жүйелі түрде бірізділікпен және түсінікті тілмен әдеби нормада жазылған. Пән мазмұнының, әдістері мен тәсілдерінің сабақтастығы сақталған. Тарау, бөлім және тақырыптары бір-бірімен өзара логикалық байланысқан. Оқулық материалдары оқушылардың жас ерекшеліктері мен әлеуметтік дәрежесіне, деңгейіне сәйкес іріктеліп берілген, танымдық үдеріс ерекшеліктеріне сәйкес. Оқытуды ұйымдастырудың түрлі формаларын қолданған. Оқушыны белсенді әрекетке түсіретін тапсырмалар арнайы шартты белгілермен («жүппен жұмыс», «топпен жұмыс», «ойлан», «ойна», «ізден», «күрделі тапсырма») көрсетіліп, олардың көлемі оқушының жас ерекшелігіне сәйкес берілген. Алған тілдік білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде, күнделікті өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйрету тапсырмалары мен жаттығулары оқушыларды оқу әрекетіне ынталандырады. Оқулықтағы иллюстрациялар мәтін мазмұнына

сәйкес берілген. Оқу мақсаттарының тапсырмалары берілген мәтін аясында қарастырылған. Мәтінде кездескен түсініксіз сөздердің, кейбір жазба жұмыстарын орындауға қажетті нұсқаулардың түсіндірмелері келтірілген. Талдау үлгілері берілген. Мәтіндегі түсініксіз, яғни оқушы үшін жаңа сөздердің және жазылуы қиын сөздердің глоссарийі оқулық қосымшасында берілген [147].

Оқу-тәрбие үрдісіндегі пәнаралық байланыстарды шешу мен айқындауда жаңашылдық әдістер мен тәсілдер арқылы жүзеге асыру жолдарын қарастыру қажет. Өзара байланыстырылған немесе кіріктірілген сабақтарды жүзеге асырудың объективті және субъективті екі жағын бөліп қараған жөн. Объективті жағы оқыту мазмұнын анықтау кезінде және оқу жоспарларын, бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу құралдарын, дидактикалық материалдарды және т.б. дайындауда көрініс табады. Субъективті жағы оқыту үрдісінде көрініс береді, бұнда оқушыларға қатысты пәнаралық байланысты жүзеге асырудың негізгі тәсілдері мен әдістері қарастырылады. Педагогикалық технологияларды тақырыпқа байланысты икемдеп – берілетін білімдік мәліметтер мен деректерді, түсінік-атауларды, т.б. ғылыми-танымдық ақпараттың барлығының жан-жақты пән мұғалімдерімен түсіндірілуі, дәлелденуі және жеткізілуі оның басты көрінісі болып табылады [139,148].

Еліміздегі жаңартылған білім беру жүйесіне өтуде, жаңаланған оқыту мазмұнын айқындауда пәнаралық байланыс түрлерін педагог-ғалымдарымыздың, әдіскерлеріміздің есте ұстағаны дұрыс деп білеміз.

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың негізгі бағыттарында: пән бойынша оқулықтарды, оқу құралдарын жазу кезінде; оқу жоспарларын және бағдарламаларды даярлауда; жеке әдістемелерді және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді жазуда; оқу орындарының түріне байланысты әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізуде бұларды басты назарда ұстаған дұрыс. Сондай-ақ, педагогика ғылымында белгіленген пәнаралық байланыстарды оқу материалдарының уақыт критерийі (алдын ала, сәйкес және кейінгі); жекелеген пәндердегі оқу материалын деректік мәліметтермен, ұғымдық-атаулық, ғылыми-теориялық ақпараттық мәні; оқу пәндеріндегі білімдер мен іс-әрекет түрлері; танымдық мазмұндағы ақпараттар, ғылыми-танымдық іс-әрекеттік, ұйымдастыру-әдістемелік жаңашылдық әдіс-тәсілдік жүйесіне сай талдап, сұрыптап-талау қорытындыларына сүйене отырып, жүзеге асырғанымыз оң нәтиже беретіні анық.

Оқу материалдарының мазмұндық құрылымындағы білімдер жүйесінің әлемнің тұтастығын, оның құбылыстарының күнделігі мен қарама-қайшылығын оқушылардың мектепте әсіресе, бастауыш білім беру кезеңінде оқытылатын пәндерімен танысқан кезден-ақ біле бастайды. Дегенмен, бұл білімдерді сұрыптап-талдаулар жасау арқылы жүйелемеген жағдайда олар бөлек-бөлек болып, өзара байланыстарының бар екендігін беретін мәліметтік деректердің мәні ашылмай қала беретін жағдайы орын алады. Бастауыш сынып оқушыларының педагогикалық үдерісінде оқу-тәрбие жұмыстарына кешенді қатынас жасау арқылы жүйелі білімдерді қалыптастыру, ғылыми

дүниетанымдық түсініктерді қалыптастыру үшін пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру маңызды мәселелер болып табылады. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру жеке пәндердегі білім мазмұндары бағытының біртұтастығын және ғылыми танымдық түсініктер арқылы жаңаша көзқарастарды қалыптастыру мен дамытуды іске асырады [148,149]. Сондай-ақ, пәндерге ортақ мәліметтік деректерді, түсінік-ұғымдарды, озық ойлы пікірлерді, іскерліктер мен дағдыларды, т.б. қалыптастыру мен дамыту үдерістерінде жүзеге асатыны анық. Сондықтан пәндердің өзара байланыстары көп бағытты немесе салалы сипатта болып келеді. Бұл олардың білім беру қызметі мен оқушылардың дамуына ықпал етудегі пәндердің құрылымдық мазмұны мен топтастырылу жүйесіне негізделеді және ортақ бөлімдер мен тақырыптардың мазмұндық үйлесімділігіне байланысты болмақ.

Білім беру мен оқытуда пәндердің өзара байланысын дидактикалық заңдылықтар тұрғысынан негіздей отырып, жүзеге асырмайынша ғылыми дүниетанымдық жайындағы оқушылардың көзқарасындағы біртұтастықты қалыптастыру мен сақтау мүмкін емес. Біз қарастырып отырған «педагогикалық құбылыс» өзіндік ерекшелікке ие күрделі мәселе болып табылады. Өйткені, мұнда мұғалім тек бір ғана пәннің мазмұнындағы білімдер жиынтығын және оны оқушыларға тасымалдаудағы ғылыми-әдістемелік жүйені меңгергені жеткіліксіз болып шығады, яғни байланысқа түсетін басқа да пәндердің мазмұндық құрылымдарын жете білумен қатар, сондай-ақ, түрлі пәндердің оқу материалдарын шеберлікпен байланыстыра отырып, педагогикалық технологияларды үйлесімді пайдалануды талап етеді.

Пәнаралық байланысқа негізделген сабақтар өткізу үшін біріншіден, пәндегі оқу материалдарының мазмұны мен құрылымын білу және осы теориялық білімдегі түсінік-ұғымдарының жалпы ғылымилық орнына мән беру қажет. Екіншіден, осы түсінік-ұғымдардың қандай белгілері болмасын өзара байланысқа түсетін пәндерге ортақ болып табылу жағын ескерген маңызды. Үшіншіден, түрлі пәндердің оқу материалдарының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие жұмыстарын жүзеге асыруда педагогикалық технологияларды іріктеп және тиімді пайдалана білу болса, төртіншіден, алған кешенді білімдерін оқушылардың өмірлік тәжірибеде қолдана білу білігі мен дағдысының қаншалықты тиімді орын алатындығын басшылыққа алу керек, сонда ғана мұндай сабақтар өзінің жақсы нәтижесін беретіні анық.

Пәндерді байланыстыру мәселесі оның мазмұн-мағынасы жағынан ғана емес, сондай-ақ, оқушылардың осы бағыттағы білімдік түсінік-ұғымдары немесе оның белгілерімен әрбір пәнде таныстыру кезегімен де анықталады. Яғни, пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында білімдер жиынтығын кешенді игертуде оқушының тұлғалық болмысын дамыту стратегиясын белгілеу үшін оның техникалық, әлеуметтік, экономикалық дамуы тенденциясын зерделеу әдісін /ретроспективалық/ де басшылыққа алу қажет екендігі заңдылық болып табылады. Сондай-ақ, пәнаралық байланыста кешенді білімдерді оқушыларға тасымалдауда орын алатын «педагогикалық құбылыс» жоспарлылық, мерзімділік, кезектік /ортақ бөлімдер мен тақырыптар, пәндік

мазмұндардың жақындығы т.б./, үйлесімділік пен шиыршық жүйесімен іске асырылуы /перспективалық/ болып табылады. Пәнаралық байланыстар барысында орын алатын осындай педагогикалық құбылыстардың негізгі міндеті оқушылардың меңгерген түсінік-ұғымдары жайындағы білімін жүйелеу, жаңғырту немесе алғашқы білім бөлшектерін беру болып табылады.

Мәселен, оқушылар қоғамдық-ізгілендіру пәндерінің оқу материалдарының өзара байланыста орын алуы арқылы оның мәнін маңызды түсініктер мен заңдылықтар, ортақ таным мен атау-ұғымдары арқылы меңгереді. Сондықтан бұрыннан оқушыларға белгілі материалды жаңа қырынан көрсету түсінікті және неғұрлым толық, әрі барлық қырынан ашуға мүмкіндік жасайды. Оқу үдерісінде көптеген байланыстар сабақ мазмұнына байланысты сан алуан бағытта дамуы мүмкін. Бұл байланыстардың ретсіз шашылып кетпеуі үшін пәнішілік яғни, ішкі байланыстарды орнату маңызды және жалпы қорытындылар жасауға жағдай жасайды. Дегенмен, оқу материалдары оқушылардың теориялық білімімен ғана қамтамасыз етілетін жалаң қағидалық білімдер деңгейін толықтыру емес, олардың ішкі рухани-құндылық болмысының ұстанымдық-қағидалық көзқарастарының берік бекуіне негіз болатын күшке айналуы қажет. Себебі, бұл пәндердің топтамалық жиындарына бағытталған арнайы жұмыстар жүргізу – ортақ бөлімдер, тақырып бойынша реферат жазу, қорғау іскерлігі мен білігінің кей жағдайларда қалыптаспай қалатындығын өмірлік тәжірибе көрсетуде.

Өзара байланыстырылған сабақтарды жүзеге асыруда оқушыларға жеке пәндерден алынған білім, білік, дағдыларын пайдалануды талап ететін тапсырмаларды орындау немесе өзекті сұрақтарға жауап беру үшін бұрын меңгерген білім мен іскерліктерін жаңғырта отырып еске түсіруге көмек беретін бірқатар дидактикалық құралдар бар. Олар: оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар және дидактикалық материалдар мен арнайы рәсімделген құжат мәтіндері, компьютерлік оқу-кино фильмдер үзінділері, электрондық кітаптар, мәтіндік және сандық кестелер, өнер шығармаларының туындылары, нұсқаулар, әртүрлі жазбалар, т.б.

Мұғалімдердің пікірінше, пәнаралық байланыс сабағын өткізудегі кең қолданыста болатын әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, саяхат, тәжірибе жасау, техникалық құралдарын пайдалану, көрнекі құралдарын пайдалану, танымдық есептер құрастыру және шешу, тәжірибелік жұмыстар жүргізу және т.б.

Жаңартылған оқу бағдарламаларына жасалынған талдаулар негізінде педагогикалық үдерістегі білім беру мен оқытудың жүйесі ретінде көрініс беретін тор кесте жасадық. Мұнда оқушылардың белгілі бір уақыт аралығындағы пәнаралық байланыс ескерілген оқу іс-әрекеті көрініс берді. Сонымен бірге 1,2,3,4-сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұндық жүйесіне талдау жасадық. Нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдерінің пәнаралық байланыс жүзеге асатын сабақтарының мазмұндық мүмкіндіктерінің жоғары болатындығын және оларда төмендегідей дидактикалық шарттар орындалатындығы анықталды /оқушының ғылыми-танымдық жеке белсенділігінің артуына негізделу/:

- оқытуда белгісіз, бірақ, түйіні табылуға тиісті мәселенің мүмкіндігін күшейте отырып, пәнаралық байланыстың аясын жүйелі түрде арттыру;

- педагогикалық үдерісте жеке пәндердің білім мазмұнын біртұтастыққа жүйелей отырып, анықталған бағыт бойынша іскерлікпен және үйлесімді мазмұндағы жаттығу, тапсырма, түрлі сипаттағы жұмыс түрлерін қамту арқылы пәнаралық байланысты жүзеге асыру;

- проблемалық әдісті – пәнаралық байланысты жүзеге асырудың құралы ретінде пайдалану;

- бастауыш білім беру кезеңінің педагогикалық үдерісін жүйелі болжау және жеке пәндерден берілетін білімдерді оқушы жеке тұлғалық болмысының даму әрекетіне пайдалануын қамтамасыз ету, әрі пәнаралық байланысты нақты ғылыми танымдық мәселе ретінде қарау;

- пәнаралық түсінік-ұғымдарды және атаулық-ұғымдарын /терминология/ қолданғанда және жаңа білімді пысықтауға мүмкіндік туғызатын байланыстың екі және көп жақты сипатын түсіндіру;

- пәндердің өзара байланысу әрекеттерін қорытындылауда атаулық-түсінік-ұғымдар мен білік, іскерліктер мен дағдыны ауқымды негіздеуге мүмкіндік беретін байланыстың екі және көп жақты сипатын қарастыру;

- бастауыш сынып оқушысының мүмкіндігі мен өзіндік ерекшеліктерін басшылыққа алу;

- оқушының танымдық іс-әрекетіне жетекшілік жасау, мәліметтік-деректердің, білімдердің, біліктердің, дағдылардың ішкі байланысын анықтау мен оқушы тұлғасының танымдық әрекеттегі іскерлігіне қатысты психологиялық жай-күйі, көріністік бейнесі;

- пәнаралық байланыс сабақтарында жүйелі сұрақтар қою;

- бастауыш білім беру кезеңіндегі оқушылардың жеке ойлауын арттыру мақсатында қайсыбір жаңа түйіндерді шешу үдерісінің үлгілерін жасау, жаттығулар мен тапсырмаларды орындау, қол жетімді өзгешілігін түсіну мен оқуда қолданылатын тапқырлық әрекет түрлерін /объектілерді тану, теориялық қағидаларды дәлелдеу, т.б./шығармашылдық іздестіруге үйрету және орындату;

- оқу материалын кешендік қайталау;

- сыныптан тыс шаралар өткізу.

Бұл бағыттағы негіздемелік жүйелер бастауыш сынып мұғалімдерінің пәнаралық байланыстағы сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу барыстарында жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық шарттарды анықтай отырып, педагогикалық үдерісте – пәндердің өзара байланысын, оқу материалдарының кіріктірілуін яғни, «педагогикалық құбылысты» жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерде пәнаралық байланыстың дидактикалық негізінде оқу пәндері – математика және информатика, технология және өнер /музыка, көркем еңбек, бейнелеу өнері/, дене шынықтыру, тілдер /қазақ, орыс, ағылшын тілдері/ және әдебиет, гуманитарлық ғылымдар /дүниетану, өзін-өзі тану, Қазақстан тарихы, дүниежүзілік тарих, география, құқық негіздері, экономика, қазіргі әлемдегі Қазақстан/, жаратылыстану ғылымдары /ғылымға кіріспе,

физика, химия, биология/ алынып топтастырылуы, олардың зерттейтін объектілерінің ортақтылығына, пәндік қатынастардың бірлігіне негізделген. Олар адам, қоғам, табиғат, еңбек салалары бойынша біріктіріледі де, әр пән өз ішінде білім іскерліктеріне арналған материалдың және оқушылардың жалпы таным объектілерінің бір жүйеге келтірілуі қамтылған.

Пәнаралық байланыстың ерекшелігі:

1. Оқу пәндерінің өзара байланыста болуы – түрлі ғылымдардың негізін меңгеру мен білім жүйесінің дамуы, әрі оны кешенді игерудің қажетті шарты.

2. Диалектикалық дамудың заңдылықтарын түсінудегі ғылыми-танымдық білімге негізделген ақиқаттық пен шындықты түсіндіретін көзқарастың қалыптасуы – білім мазмұнының құрылымдық-құрамалары мен бөліктерінің өзара байланыстық тұтастығын қамтамасыз етуді талап етеді.

3. Пәнаралық байланыста тәрбие берудің барлық түрлері қамтылады және барлық салаларын кешенді түрде жүзеге асырады.

4. Пәндердің өзара байланысы педагогикалық еңбектің ғылыми тұрғыда ұйымдастырылуына негіз болады.

5. Педагогикалық үдеріске қатысушы мұғалім және оқушылардың бірлескен бағытты іс-әрекеттерінің өзара келісімді және демократиялық негізде ұйымдастырылуына ықпал жасайды [137,139,147,148,149].

Пәнаралық байланысты жүзеге асырудың жолдары. Педагогикалық барыстағы әрбір нақты міндет оқу-тәрбие үдерісі арқылы жүзеге асырылады. Пәндердің өзара байланысы немесе пәндер мазмұнындағы оқу материалдарының кіріктірілуі, бір-бірімен ықпалдаса байланыс табуы – білім беру мен оқытудың мақсат, мазмұны, әдістері және оның ұйымдастырылу түрлерімен ғана көрініс таппайды. Бұл тек мұғалім мен оқушының бір бағытқа бағытталған оқу-таным іс-әрекетінің мазмұндық құрылымдарының бөлігі болып саналады.

Сонымен пәнаралық байланыс өзінің мазмұны мен мәні, құрылымдық сипаты жағынан көпмағыналы «педагогикалық құбылыс» ретінде өзіндік орынға ие болады. Яғни, бұл қазіргі педагогика ғылымының жан-жақты және тереңдете қарастырып, зерттейтін өзекті мәселесінің бірі болып табылады. Демек, пәнаралық байланыс білім беру мәселесінің бірі ретінде мазмұнды әдістер жүйесін және ұйымдастыру жұмыстарының түрлерін сапалық жағынан қайта бұруға жетелейді. Нәтижесінде оқытудың дамытушылық, білім және тәрбие берушілік қызметі объективті түрде кеңейеді.

Біз өз зерттеуімізге сүйене отырып, пәнаралық байланыстың және оның түрлерінің құрылымы мен басты идеясын білім мазмұнын айқындаудың негізінде алынуы қажет деп түсінеміз. Білім мазмұнын анықтауда ғылымдардың саралануы (дифференциялану) және өзара ықпалдастықта кіріктірілу (интеграциялануы) қағидалары мен ұстанымдары негізге алынады.

Ғылымдардың ішкі мазмұндық құрылысының байланыстарын ашу орта немесе қоршаған табиғи әлем, қоғам, адам ойының даму заңдылықтарының әдіснамалық негізін білу қазіргі мектептің білім мазмұны бағытын жасауға өзек болады. Жеке ғылымдар негізін оқытатын пәндер жиынтығы адам ақыл-ой

дамуының танымдық жемісі болғандықтан, жалпы адамзаттық құндылықтар білім мазмұнына енуі қажет.

Қазіргі ғылым мазмұнындағы бағыт – жалпы білімнің ізгілік пен руханилылыққа негізделген бірлікте болуын қарастырады. Білім мазмұнының жаңа құрылымы мемлекетіміздің мәдени, рухани мүмкіндік-әлеуетін жаңа сапалық деңгейге көтерілуін және пәндерді оқытуда бірнеше ғылымдар саласымен байланыстырудың ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктерін педагогикалық тәжірибеде көрсете білуін қамтамасыз етеді. Оқытудың жаңартылған білім мазмұнын беру бағдарламасының негізінде мектеп тәжірибесіндегі пәнаралық байланыс сабақтарын ұйымдастыру мен өткізудің жаңа бір белеске көтеріліп отырғандығына көз жеткізе аламыз.

Бастауыш сынып оқушыларының әрекеті қарапайым танымдық ой еңбегі түрлерін орындауға бағытталады. Өзінің жас шамасына сәйкес тапсырмаларды ынталылықпен орындау нәтижесінде оқушылардың жеке тұлғалық болмысын дамытуда еңбек мотиві ерекше сипатқа ие болады. Оқушылар танымдық білімдерін жетілдіру барыстарында мұғалім ұсынған әртүрлі тапсырмаларды өздігінен орындау дағдыларын дамытып, оқу ісіне, білім алуға бейімделеді. Бастауыш білім беру кезеңіндегі оқушылардың ұғыну, қабылдау әрекеті неғұрлым мақсатты сипатқа ие болып, әлемде, қоршаған орта – әлеуметтік немесе қоғам мен табиғаттағы бейнеленген нәрсені немесе заттың түсіне қарай, мұғалім көрсеткен көрнекіліктерге ерекше назар аудара алады. Мәселен, «Әдебиеттік оқу» пәнінде дүниетану, көркем еңбек, жаратылыстану, қазақ тілі пәндерінің оқу материалдарын өзара байланыстырып сабақ өтудегі үлгі жоспарын төмендегідей құрастырып, келтіреміз. Оқушылар әдеби көркем шығармаларды табиғатта орын алатын түрлі құбылыстарды бейнелеп, көркемдеп, суреттеу, салыстыру және оның тәрбиелік, әрі танымдық мүмкіндіктерін меңгерумен қатар, басқа да ғылым негіздерін беретін оқу пәндерінің оқу материалдарымен өзара байланыстыра отырып игеруі – оқушының ой-санасының дамуындағы талаптық жүйеге сәйкес келеді. Оқушының танымдық ой-жиегін кеңейте түседі.

Бастауыш сынып оқушыларына жеке пәндерді оқытуда пәнаралық байланысты кеңінен пайдалану, жан-жақты дамыту, біртұтас оқыту үдерісін жаңаша тұрғыдан ұйымдастырудағы ұтымды, әрі табысты педагогикалық шарттардың бірі. Бұдан шығатын қорытынды, бастауыш сыныптың әр сабағында өтілетін тақырып мақсатына қарай тапсырмалар мен жаттығуларды, дидактикалық материалдарды кеңінен қолданып, жеке пәндердің оқу материалдарын өзара байланыстыру немесе кіріктірілген жолмен оқушыларға тасымалдап беру – жаңартылған білім беру мазмұнындағы бағдарлама талаптарын орындау және пәнаралық байланысты оқушы тұлғасының тұрақты дамуының басты құралы ретінде пайдалану болып табылады.

2.3. Жаңартылған білім мазмұнында пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы мұғалімдердің кәсіби даярлық көрсеткіштері

Бастауыш сыныпта білім беру мен оқыту және тәрбиелеуді жаңартылған білім мазмұны аясында пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асыру бойынша жүргізілген эксперимент нәтижесі жұмыстарына Тараз қаласы бойынша Қаратай Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясы, А.Бөкейханов атындағы №1 гимназиясынан, сонымен қатар, Жамбыл облысы Талас ауданынан Ахмет Байтұрсынов атындағы гимназиясының, Мойынқұм ауданының Жамбыл атындағы гимназиясынан барлығы **42** бастауыш сынып мұғалімдері тартылды. Оның 22-сі – эксперименттік топ сыныбының мұғалімдері болса, ал 20-сы – бақылау тобындағы сынып мұғалімдері.

Жоғарыда көрсетілген жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғалық бітімінің дамуына сапалы ықпал жасап, ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға деген ықпалының маңыздылығына байланысты тұжырымдалған теориялық идеялардың, ой-пікірлердің негізінде және зерттеу жұмысымыздың өзегі ретінде мынадай басты-басты ой-қорытындыларын анықтадық: Қоршаған әлем, дүниедегі заттар мен құбылыстар әрдайым қозғалыста болып, өзгерістерге түсіп отырады; қоршаған дүниеде кездесетін барлық заттар табиғи, яғни табиғаттың күшімен жасалған заттар (өзен, тау, аспан т.б.) және жасанды, яғни адамның қолымен жасалған заттар (барлық өнер туындылары, сәндік-қолөнер заттары, тұрмыс заттары, техника құралдары т.б.) болып екіге бөлінеді; барлық заттар міндетті түрде белгілі бір кеңістікте орналасады және сол кеңістікте орын ауыстырады; дүниедегі заттар мен құбылыстар тек қана жарық арқылы көзге көрінеді және жарық арқылы олардың көлемі, пішіні, түсі, табиғаты анықталады; табиғатта кездесетін барлық заттардың өзіне тән пішінмен, жасалу, шығу тегі болады.

Пәнаралық іскерлік. Оқушының бір пәннен игерген білім мен меңгерген білік, дағды-іскерліктерін, екінші бір пәннің оқу материалын меңгеруде пайдалана білуі мұғалімнен педагогикалық кәсіби қабілеттер мен шеберліктерді талап етіледі. Мәселен, әдебиетті оқу пәнінде меңгерген кітапты пайдалану дағды мен іскерлігін, /тілдерді оқыту/ - қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі немесе дүниетану, математика т.б. пәндерді оқып-үйренуге пайдалану. Оқушының бір пәннен танымдық-іздену бағытта үйренген ой, еңбек іскерліктері мен машықтары өзге пәндердің оқу материалдарын терең, әрі берік меңгеріп, түсінуге септігін тигізеді.

Пәнаралық байланыс сабақтарының дидактикалық міндеті – педагогикалық үдерісте білім беру, тәрбиелеу және дамытушылық қызметтерінің арасындағы байланысты тәжірибеде іске асыру болып табылады [137,139,148,149].

Қазіргі мектептерде орын алып отырған жаңартылған білім беру мазмұнындағы ортақ бөлімдер мен тақырыптар, соның ішінде қысқа мерзімді оқу жоспарлар пәнаралық байланыс сабақтары негізінде жетілдіріліп отыруды

талап етеді. Сондықтан, қазіргі мектеп мұғалімдерінің сабақ берудегі шығармашылық-ізденушілік жұмыстарында пәнаралық байланыстарды педагогикалық тәжірибеде сапалы және жүйелі қолдана алуы үшін «Педагогикалық шеберлік орталығы» мен «Өрлеу» мұғалім біліктіліктерін арттыру мен жетілдіру институттарында немесе жоғары оқу орындарында арнайы курстан өткен профессор-оқытушылардың арнайы курстарында кәсіби біліктіліктерін арттыру қажет. Бұны бүгінгі күндегі қажеттілік болып отырған заңды құбылыс деп түсіну қажет.

Оқу-тәрбие жұмыстарының барыстарында орын алатын маңызды «педагогикалық құбылыстардың» бірі – пәнаралық байланыс екендігі біздің зерттеу жұмысымызда дәлелденді. Мәселен:

- педагогикалық үдерісте оқушылардың пәнаралық байланысты түсінуін, саналы қабылдауын, ғылыми-танымдық беленділік әрекетінің қалыптасуы мен дамуы бағытындағы жұмыстарын ұйымдастыру;

- жеке пәндердің мазмұнындағы оқу материалдарының жүйесіндегі оқушыларға берілетін білім мен тәрбиені беру пәнаралық байланыс сабақтарында жүзеге асыру – оқытудың мақсат, міндеттері, әдіс-тәсілдері мен дидактикалық материалдарды өзара байланыстыру пайдалану және оқытудағы кері байланыс орнату мүмкіндіктерін айқындау бағытына негізделген жұмыстар қысқа мерзімді оқу жоспарының шығармашылықпен құрылуына байланысты болып келеді. Осыдан біз, білім мазмұнының жаңаруындағы қазіргі заман ғылымының серпінді бағытын және оқушының жеке тұлғалық болмысындағы іздену-шығармашылық ойлауы мен ғылыми-танымдықтағы ой еңбегін жасау дағдысының қалыптасу үдерісін көре аламыз. Қазіргі білім беру жүйесі мен оқу-тәрбие үдерісімен айналысатын мекемелердің басты міндеттерінің бірі – қол жеткен қоғамдық, рухани және материалдық құндылықтарды, өндірістік тәжірибені игерген тұлға болмысын дайындау. Осыған сәйкес М.Скаткин жалпы білім беретін пәндерге қатысты өзара байланысты білімнің түрлерін: негізгі ұғымдар мен терминдер; әр түрлі нысандар мен болмыс құбылыстары арасындағы байланыстарды және қатынастарды ашатын күнделікті болмыстық және ғылыми фактілер; берілген пәндік саланың құбылыстарын түсіндіру және болжау нысандары мен әдістерінің жиынтығын анықтау жөніндегі ғылыми білімдер жүйесін қамтитын теориялар; ғылыми және әлеуметтік идеялар; іс-әрекет тәсілдері, таным әдістері және білімді алу тарихы, ғылым тарихы жөніндегі білімдер; қоғамдағы белгіленген өмірлік әр түрлі құбылыстарға қатысты нормалар жөніндегі білімдер деп қарастырады [151].

Оқыту мазмұнындағы білім мен іскерліктің адамның интеллектуалдық өрісін байытудағы, ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі жөніндегі ғылыми көзқарасты қалыптастырудағы, алған білімді өмірмен, қоғамдық тәжірибемен байланыстырудағы құралдардың бірі – пәнаралық байланыстар. Пәнаралық байланыстар өткен ғасырдың соңғы 20 жыл төңірегінде кеңінен зерттелген мәселенің бірі ретінде де қарастырылады. Зерттеулердің нәтижесіне сәйкес пәнаралық байланыстар оқытудың қағидасы және білім берудегі міндетті

элемент ретінде де айқындалады /В.В.Краевский, И.Я.Лернер, А.А.Бейсенбаева, И.Д.Зверев, В.Н.Максимова және т.б./ [115,150,111,117,].

И. Зверев пәнаралық байланыстарды толық негізде жүзеге асыратын білім беру, дамыту және тәрбиелеу функциясының өзара байланыстарынсыз оны елестетудің өзінің мүмкін еместігін айтады. Пәнаралық байланыстардың жалпы білім беретін функциялары оқушыларда материя қозғалысының әр түрлі формаларының өзара байланысын көрсететін әлем жөніндегі жалпы білімдер жүйесін қалыптастыруды қарастырады. Пәнаралық байланыстардың тәрбиелеу функциясы оқушыларда диалектикалық-материалистік дүниетанымды, өнегелік-эстетикалық идеяларды, жеке тұлғаның эмоционалдық-еріктік қасиеттерін қалыптастыруды көрсетеді. Пәнаралық байланыстардың дамытушылық функциясы салалас пәндерді зерделеу кезінде жалпы жаратылыстану, ғылыми және политехникалық ұғымдарды дамытуда, талдап, қорытындыланған іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруда жүзеге асырылады [116].

Сондай-ақ пәнаралық байланыстар жастарды тәрбиелеу ісінде жасөспірім тұлғаны қалыптастыру функциясында едәуір мәнге ие. Еңбекке баулу мен ғылыми негіздерінің пәнаралық байланысы мектеп оқушысында объективті дүниетанымды қалыптастыруға едәуір ықпал етеді. Ол сананың, сезім мен мінез-құлық әрекетінің жүзеге асуына мүмкіндік береді. В.Скакун өз жұмысында пәнаралық байланыстарды: зерделейтін оқу материалдары мазмұны бойынша оқушыларда қалыптасатын жалпы оқу іскерліктері бойынша, оқыту әдістері мен құралдары бойынша, оқушыларды тәрбиелеу және дамыту әдістері мен құралдары бойынша деп ажыратылады. Пәнаралық байланыстардың оқушы жеке тұлғасын дамыту міндеттерін шешудегі әлеуметтік-педагогикалық аспектісін ескеру қажеттігі туындайды.

В.Скакуннің пәнаралық байланыстарының түрі бойынша мұғалім мен оқушы тарапынан орындалатын іс-әрекеттер сипаты төменде беріліп отыр:

– зерделенетін оқу материалдары мазмұны бойынша пәнаралық байланыстар. Бұл байланыс түрінде оқу материалдарын іріктеуден бастап пәнаралық байланыстарды белгілеу, басқа пәндерді зерделеу барысында өндірістік және өмірлік тәжірибеде алған білімдерді оқушылардың берілген пәнді зерделеу үшін пайдалану, барлық пәндерде кездесетін терминді бірыңғай ғылыми көзқарас тұрғысынан пайдалану, әр түрлі пәндерді зерделеу барысында оқушылардың алған білімі мен іскерліктерді кешенді пайдалануды жүзеге асыру тиіс;

– оқушылардың жалпы оқу іскерліктерін қалыптастыру кезіндегі пәнаралық байланыстар. Бұл байланыс түрінің сипатына оқушылардың кітаппен жұмыс жасау іскерліктері, оқушыларда жоспарлау іскерліктерін қалыптастыру, пәнаралық сипаттағы интеллектуалдық іскерлікті қалыптастыру, тәжірибелік және ұйымдастырушылық (жұмыстағы тәртіптілік, жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру, өзіндік бақылау, еңбек қауіпсіздік ережелерін сақтау) іскерліктерді қалыптастыру тән;

– оқыту әдістері мен құралдары бойынша пәнаралық байланыстар. Мұнда әр түрлі оқу материалдарын пайдаланып үй тапсырмасын орындау, пәнаралық сипаттағы білімдерді дамытуға әңгімелер өткізу, басқа пәндер бойынша деректі фильмдерді, үзінділерді, көрнекі құралдарды қолдану, сандық және танымдық тапсырмаларды, пәнаралық музыкадағы кроссвордтарды шешу, т.б. іс-әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс;

– оқушыларды тәрбиелеу және дамыту әдістері мен құралдары бойынша пәнаралық байланыстар. Бұл байланыста әрбір пәннің дүниетанымдық идеясын ашу, қоғамдық құрылыстың өмірмен байланысы, еңбекке шығармашылық қатынасты, оқушылардың танымдық белсенділігін және өз бетінше жұмыс жасай алатынын дамыту, барлық педагогтер тарапынан оқушыларға қойылатын бірыңғай педагогикалық талап, оқушылардың ұжымшылдығын, өзара көмектесулерін дамыту, педагогтің өзінің жеке үлгісін өнеге ретінде жүзеге асырылуы қажет [145].

Пәнаралық байланыс арқылы оқу жұмысын ұйымдастыруға ұсынылатын материалдар балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық- физиологиялық қабылдау мүмкіндіктерін ескеріп, оны тәжірибе процесінде тиімді пайдаланған дұрыс. Жаратылыстану сабағында өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне деген қызығушылығы, оларды сырттай бақылауы, өсімдіктерді сындырмау, өзен-көл суларын ластамау, қоршаған ортада тазалық сақтау сияқты адамға ғана тән табиғат қорғау іс-әрекеттерінің ата-аналардың ықпалымен жүргізілуі балалық шақтан дағдыға айналып, күнделікті өмірде орындауға тиісті міндеттерге айналуына мүмкіндік туғызады. Оқу-тәрбие үрдісі кезінде бала табиғатты бақылап үйренсе, оның түрлі құбылыстарын сезінсе, табиғатқа деген сүйіспеншілігі артып, әсемдікті түсіне білу қабілеті дамиды. Осының негізінде олар мәтін мазмұнын, қолданылған сөздің мағынасын, көріністерді сипаттау, шығармадағы суреттелген әсемдікті де, музыканы да, сөзді де өте нәзік қабылдайды.

Пәнаралық байланыс арқылы оқыту жұмысы мұғалімнің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және халықтық педагогиканың қайнар бұлағы пайдаланыла отырып жүргізілсе, айналадағы орта, табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді. Дүниетану сабағындағы іс-тәжірибелік, сарамандық жұмысына орай көрнекіліктерді қолдана отырып, табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты сайыстар ұйымдастырылып, экология мәселелері туралы, жағымды-жағымсыз әрекеттер бейнеленген суретте пайдаланылғаны, ата-аналар мен мұғалімдердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс. Дүниетану сабағында қарапайым түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа - райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады.

Қоршаған дүниемен таныстыру бастауыш мектеп оқушысының сезіміне әсер етіп, оның тілін дамытуға жағдай жасап, айналадағы өмірді, табиғат құбылыстарын бағдарлап, сіңіруге мүмкіндік туғызады. Төменгі сынып оқушысының өмірдегі нақты заттар мен құбылыстар жөнінде, ол заттардың өсу, даму ерекшелігі, өзара «айналасы жөнінде өздігінен ой қорытындыларын жасап, басқаларға түсіндіруге әрекеттенушілігі басым болады. 6-7 жастағы баланың көрнекті, образды ойлау қабілеттілігі басым болатыны белгілі.

Осы орайда, қазіргі егеменді еліміздің қарқынды экономикалық даму бағытында бүкіләлемдік ғылыми-техникалық өрлеу кезеңіне, әрі еліміздің дүниежүзіндегі алдыңғы қатарда дамыған отыз елдің қатарына ену жөніндегі ауқымды даму шараларын ұйымдастыру жөніндегі жоспарына сәйкес келешек ұрпақтан білімді, білікті, жан-жақты дамыған мамандар даярлауда пәнаралық байланысқа негізделген жаңартылған білім мазмұны бағдарламаларының міндеттері орындалуы тиіс.

Қазіргі кезде жаңартылған білім негізіндегі сабақтардың оқу іс-әрекетінің бағдары өзгерді, яғни балалар тек оқулықтағы бар білімді игеріп қана қоймай, жапсыру, құрастыру, зерттеушілік пен ізденушілік және терең шығармашылық іс-әрекеттерімен шұғылданады.

Зерттеу барысында жаңартылған білім беру бағдарламасы арқылы бастауыш сынып оқушыларының пәнаралық байланыс арқылы ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық жүйесі құрылды.

Бастауыш сыныптарда оқытылатын жеке пәндердің бөлім, ортақ тақырыптарға негізделген материалдары арқылы оқушыларға пәнаралық байланыс жүйесімен ғылыми дүниетанымын қалыптастыру құралдары мен педагогикалық үдеріске пайдаланылатын жаңашыл әдіс-тәсілдер олардың жеке тұлғалық бітіміндегі ой мен қиялды және шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған мұғалімнің педагогикалық кәсіби іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен өткізудегі белсенді жұмыстарының нәтижесін көрсетеді. Пәнаралық байланыстардың неғұрлым тоғысатын жері – ол бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастырудағы оқу материалдарының «тік» (тігінен) /вертикальді/ және «көлденеңінен» /гаризантальды/ етіп бөлу және ішкі заңдылықтарын сақтай отырып педагогикалық тәжірибеде ұтымды пайдалану.

Жаңартылған білім мазмұнының жағдайында бастауышта пәнаралық байланыстың жүзеге асырудың тәжірибелік жұмыстары сыныптағы алған теориялық білімдерін сыныптан тыс кезде, өмірлік тәжірибеде қолдану яғни, өзінің қажетіне жарата білуінен де көрініс табады және бұл оны ұйымдастырудың өзіне тән ерекшеліктерін /формаларын/ талап етеді.

Жаңартылған білім мазмұны негізінде бастауыш сынып оқушыларының пәнаралық байланыс арқылы ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мен олардың тұлғалық болмыс-бітімінің дамуына ықпал етуші әдіс-тәсілдерінің мақсат-міндеттері, оқушылардың жеке пән сабақтарында жинаған білімдерін жетілдіру, дамыту, кеңейту және дүниеге, қоршаған орта заттары мен құбылыстарына ғылыми көзқарастарын қалыптастыру; оқыту-тәрбиелеу

үдерісінің өмірмен, еңбекпен, өнермен, өмірлік тәжірибемен байланысын арттыру; оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эмоциялық көңіл-күй сарайының сезімдерін, танымдық күштерін, ой-өрісін, қиялын, оқуға, өмірді танудағы ғылыми білімдерге қызығушылықтарын, жауапкершілік, белсенділік, тапқырлық қабілеттерін дамыту; эстетикалық талғамдары мен қажеттіліктеріне қарай білім алу мен өзін-өзі тәрбиелеу, дамыту іс-әрекетіне машықтандыру; туған елге, табиғаттың сұлулығы мен көркемдігіне, халқы мен тарихы туралы білімдерді пәнаралық байланыс арқылы кеңейтуге көмектесу. Сондай-ақ, ғылыми дүниетанымдыққа қатысты 1. «Тіл және әдебиет», 2. «Математика және АКТ», 3. «Жаратылыстану», 4. «Адам және қоғам», 5. «Өнер», 6. Дене шынықтыру циклдерінің топтамалық пәніндегі жалпы ұғымдар жөнінде тереңдетілген түсініктер беру.

Тақырып бойынша зерттеу жұмысына қатыстырылған мұғалімдердің 51,8% жоғары санатты және бірінші санатты мұғалімдері, 24,4% – екінші санаттағы мұғалімдер, ал зерттеуге қатысқан жалпы мұғалімдердің 23,8% -ның ғана санаттары жоқ, жас мамандар болды. Зерттеу жүргізілген тірек мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің 30,8% - өз тәжірибелерінде пәнаралық байланысты оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін оңтайлы пайдалана отырып, жиі сабақтар өткізсе, 40,2% - бөлім мен тақырыптардың жақындығын негізге ала отырып, ал 29,0% - тек тақырыптық оқу материалдарының жақындығын пайдаланатындар болып шықты.

«Жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асыру жолдары не береді?» деген сұраққа жеке өзіндік пікірлерін 45,2%-ы оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылығын және шығармашылық әрекеттерін арттырады деп жауап берсе, 30,0% -ы «Пәнаралық байланыста оқушылардың білім сапасын пәндерді топтастыру арқылы жинақтап беруге мүмкіндік жасайды» деп жауап қайтарған, ал қалған 24,8%-ды «Пәнаралық байланыс оқушының жеке қабілеттерінің дамуына, олардың өзіне деген сенімінің артып, ізденімпаздық және шығармашылық жұмыстар жасауына жол салады» деп жауап қайтарған.

«Пәнаралық байланыстың тиімділігін айтыңыз» деген сұраққа, жеке өзіндік пікірін білдірушілердің 45,5%-ы «Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік туады» деп жауап қайтарса, 21%-ы «Әлемді, қоршаған ортаны танудағы оқушылардың тұлғалық дамуындағы біртұтастық бейнені қалыптастыруға мүмкіндік жасайды» деп жауап қайтарса, ал қалған 33,5%-ы «Оқушылардың ғылыми танымдық қабілеті мен мүмкіндіктерін бекітеді, жеке ізденіс әрекеттерін белсендіріп, шығармашылықпен айналысуға, өзін-өзі тәрбиелеуге ықпал жасайды» деп жауап қайтарған.

«Пәнаралық байланыста оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін не қажет?» деген сұраққа жауап берушілердің 38,0%-ы мұғалімнің сабаққа жан-жақты, тиянақты дайындығы қажет екенін атап көрсетті, 43,0%-ы сабақты түрлендіріп, жаңа әдіс-тәсілдермен дәстүрлі емес

сабақтар беру қажет деп санаса, ал қалған 19,0%-ы оқушылардың шығармашылығын, ізденімпаздығын арттыру қажет деп санайды. Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесін қорыта келе, мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде жаңартылған білім мазмұнының бағдарламасына сәйкес пәнаралық байланысты кеңінен қолдану, оқушылардың үлгерім көрсеткіші мен білім сапасының артатындығын көрсетті. Зерттеу барысында бастауыш білім беру кезеңіндегі оқу-тәрбие үрдісінде оқу бағдарламасындағы бөлім және ортақ тақырыптар негізінде жеке пәндердің оқу материалдарын өзара байланыстыру мен кіріктіру жолдарын пайдалануына қарай, мұғалімдердің біліктілік деңгейлерін: төмен, орта, жоғары деп 3 деңгейге бөліп көрсеттік (...кесте).

Кесте 2. Мұғалімдердің жаңартылған білім бағдарламасы негізінде пәнаралық байланысты меңгеруінің өлшем көрсеткіштері

Деңгейлер	Көрсеткіштер
Төмен	- Жаңартылған білім мазмұны негізінде пәнаралық байланысты меңгеруге ұмтылатындар. - Пәнаралық байланысты қолдану тиімділігін сезінетіндер
Орта	- Жаңартылған білім мазмұны негізінде пәнаралық байланысты бөлім, ортақ тақырыптар жүйесімен таңдай алатындар. - Жаңартылған білім мазмұны негізінде пәнаралық байланысты мақсатты, тұрақты пайдаланатындар.
Жоғары	- Жаңартылған білім мазмұны негізінде пәнаралық байланысты тиімді пайдаланатындар. - Жаңартылған білім мазмұны негізінде пәнаралық байланысты қолдануда мұғалімнің жеке ынталылық әрекеті.


Жаңартылған білім мазмұны бойынша бастауыш сыныптарды педагогикалық үдерісті ұйымдастыру барыстарында пәнаралық байланысты меңгеруінің біліктілік деңгейінің сапалық көрсеткішін қарастырдық.

Кесте 3. Жаңартылған білім мазмұны негізінде мұғалімдердің пәнаралық байланысты меңгеруінің біліктілік деңгейінің көрсеркіші (бастапқы кезең).


Бағыттары	Жоғары		Орта		Төмен	
	Эксперименттік топ 22 мұғалім	Бақылау топ 20 мұғалім	Эксперименттік топ 22 мұғалім	Бақылау топ 20 мұғалім	Эксперименттік топ 22 мұғалім	Бақылау топ 20 мұғалім
Жаңартылған білім мазмұны бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастыру білігі мен білімі (ЖБМПУББ)	46,7	41,6	35,3	29,2	18,0	29,2
Жаңартылған білім мазмұнындағы бөлім, ортақ тақы-	52,3	51,2	35,0	34,4	12,7	14,4

рыптар бойынша пәнаралық байланысты меңгеру белсенділігі (ЖБМБОТПБМБ)						
Жаңартылған білім мазмұнына сүйеніп өз тәжірибесінде пәнаралық байланысты жалпы пайдалану белсенділігі (ЖБМПБЖБ)	51,5	52,4	30,3	32,6	18,2	15,0
Орта есеппен	52,0	49,5	34,5	34,2	13,5	16,3

Сурет 4. Жаңартылған білім мазмұны негізінде мұғалімдердің пәнаралық байланысты меңгеруінің біліктілік деңгейінің көрсеркіші /Эксперимент топ, бастапқы көрсеткіші - %/



Сурет 5. Жаңартылған білім мазмұны негізінде мұғалімдердің пәнаралық байланысты меңгеруінің біліктілік деңгейі көрсеткіші /Бақылау тобы, бастапқы көрсеткіші - %/



Жүргізген зерттеу жұмыстарын талдай келе төмендегідей нәтижелерді алдық. Мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұны бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастыру білігі мен білімі жоғары деңгейде және пәнаралық байланысты меңгеруінің біліктілік деңгейінің көрсеткіші білімі бойынша эксперименттік топтың жоғары деңгейі 46,7 %-ды құраса, ал бақылау тобында 41,6 % болды, орта деңгейдің көрсеткіші эксперименттік топта 29,2 % болса, ал ол бақылау тобында 35,3% болды. Төменгі деңгейдің эксперимент тобы 18,0 %, көрсетсе, ал бақылау тобында 29,2 % болды.

Мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұнындағы бөлім, ортақ тақырыптар бойынша пәнаралық байланысты меңгеру белсенділігі бойынша эксперименттік топтың жоғары деңгейі 52,3 %, бақылау тобында 51,2 % болды, ал эксперименттік топтың орта деңгейде 35,0 % көрсетсе, бақылау тобында 34,4 % болды, эксперименттік топтың төменгі деңгейде 12,7 % болса, бақылау тобында 14,4%-ды көрсетті. Ал, орта есеппен алғанда мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұнына сүйеніп, өз тәжірибесінде пәнаралық байланысты жалпы пайдалану белсенділігінің бойынша эксперименттік топтың жоғары деңгейі 51,5 %, бақылау тобында 52,4 % болды, ал эксперименттік топтың орта деңгейде 30,3 % көрсетсе, бақылау тобында 32,6 % болды, эксперименттік топтың төменгі деңгейде 18,2 % болса, бақылау тобында 15,0 % -ды көрсетті.

Зерттеу барысында мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұны негізінде пәнаралық байланысты меңгеруінің біліктілік деңгейінің көрсеткіші анықталынды. Жоғарыда берілген кесте нәтижелерін диаграмма түрінде 2-суретте көрсеттік.


Жүргізілген эксперименттің соңғы нәтижесі төмендегідей болды: мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұны негізінде пәнаралық байланысты меңгеруінің біліктілік деңгейінің көрсеткіші білімінің жоғары деңгейі 54,6%, орта деңгейі 38,2%, ал төменгі деңгейі 7,2%. Мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұны негізінде пәнаралық байланысты меңгеруінің біліктілік деңгейі жоғарысы 64,2% болса, орта деңгейі 34,2%, ал төменгі деңгейі 1,6% болды.

Кесте 4. Жаңартылған білім мазмұны негізінде пәнаралық байланысты меңгеруінің біліктілік деңгейі көрсеткіші (соңғы кезең)


Бағыттары	Жоғары		Орта		Төмен	
	Эксперименттік топ 22 мұғалім	Бақылау топ 20 мұғалім	Эксперименттік топ 22 мұғалім	Бақылау топ 20 мұғалім	Эксперименттік топ 22 мұғалім	Бақылау топ 20 мұғалім
Жаңартылған білім мазмұны бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастыру білігі мен білімі (ЖБМПУББ)	54,6	47,4	38,2	32,4	7,2	20,2
Жаңартылған білім мазмұнындағы бөлім, ортақ тақы-	64,2	51,8	34,2	35,6	1,6	12,6

рыптар бойынша пәнаралық байланысты меңгеру белсенділігі (ЖБМБОТПБМБ)						
Жаңартылған білім мазмұнына сүйеніп өз тәжірибесінде пәнаралық байланысты жалпы пайдалану белсенділігі (ЖБМПБЖБ)	69,5	52,4	29,4	36,5	1,1	11,1
Орта есеппен	62,8	50,5	33,9	34,8	3,3	14,7

Сурет 6. Жаңартылған білім мазмұны негізінде мұғалімдердің пәнаралық байланысты меңгеруінің біліктілік деңгейі эксперименттік топтың соңғы көрсеткіші - %/



Сурет 7. Жаңартылған білім мазмұны негізінде мұғалімдердің пәнаралық байланысты меңгеруінің біліктілік деңгейі бақылау тобының соңғы көрсеткіші - %/



Мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұнына сүйеніп, өз тәжірибесінде пәнаралық байланысты жалпы пайдалану белсенділігінің жоғары деңгейі 69,5% болса, орта деңгейде 29,4%, ал төменгі деңгейі 1,1% болды. Орта есеппен алғанда, мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұнына сүйеніп, өз тәжірибесінде пәнаралық байланысты жалпы меңгеруінің жоғары деңгейі 62,8% болса, орта деңгейі 33,9%, ал төменгі деңгейі 3,3% болды.

Эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдері нәтижесін салыстырғанда, мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұнындағы бөлім, ортақ тақырыптар бойынша пәнаралық байланысты меңгеру белсенділігінің жоғары деңгейі 52,7%-тен 62,8%-ке көбейген, яғни 10,1%-ке артса, орта деңгейі 31,1%-тен 33,9%-ке артқан, ал төменгі деңгей 15,8%-тен 3,3%-ке кеміген.

Зерттеу барысында оқушылардың үлгерім көрсеткіші мен білім сапасы да есепке алынып отырды.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде, яғни 2016-2017 оқу жылдары эксперимент топтарында /жуық шамамен/ төменгі деңгейдегі орташалар үлесіне 22,4% келсе, жоғары деңгейдегі үздіктердің үлесі 18,2% болды, ал зерттеудің соңғы кезеңінде, 2018-2019 оқу жылдары эксперимент топтарындағы /жуық шамамен/ төменгі деңгейдегі орташалар үлесі 4,8% құрап, 4,3 есеге азайды, ал жоғары деңгейдегі үздіктер 39,6% құрады, яғни, 2,2 есеге артты.

Ал, оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың жаңартылған білім мазмұнындағы бөлім, ортақ тақырыптар бойынша пәнаралық байланысты меңгеру белсенділігі бақылау топтарындағы көрсеткіштер төмен болды.

Зерттеудің бастапқы кезеңінде бақылау топтарындағы /жуық шамамен/ төменгі деңгейдегі орташалар үлесі – 17,5% болса, жоғарғы деңгейдегі үздіктердің үлесі – 23,2% болды, ал зерттеудің аяқталу кезеңінде төменгі деңгейдегі орташалар үлесі 3,8% пайыздық үлесті көрсетіп, 1,3 есеге кемігендігін көрсетті, ал жоғары деңгейдегі үздіктер 24,8% пайыздық көрсеткішті құраса, ол 1,07 есеге артқандығына берді.

Эксперименттік тәжірибенің қорытындысында бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие үрдісінде жаңартылған білім мазмұны негізінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру және білім беру мен оқыту және тәрбиелеуде оқу бағдарламасының талаптық сұранысына сәйкес бөлім, ортақ тақырыптар және мұғалімнің кәсіби әрекетіндегі шығармашылық ізденушілігінің арқасында оқу материалдарын өзара байланыстыру мен кіріктіре пайдалану оқушылардың жеке тұлғалық бітімінің дамуына сапалы ықпал жасап, ғылыми дүниетанымдық болмысының артуына зор әсер ететіндігіне көз жеткіздік.

2.4. Бастауыштың жаңартылған білім мазмұнында пәнаралық байланысты жүргізудегі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар

Қазіргі жалпы білім беретін мектептің міндеттері мен оның жаңа әлеуметтік қызметтері оқушылар мен мұғалімдердің біріккен, бір мақсатқа бағытталған педагогикалық іс-әрекеттегі жаңа қатынасты тудырады. Бұрынғы

оқу бағдарламасымен білім беру, оқыту барыстарында оқушылардың сұраныстық талап-тілектерін қанағаттандыра алмауы оны қолданыстан шығаруға алып келді. Дегенмен, бұл оқу бағдарламасы өз уақытында қоғам мен әлеуметтік ортаның сұраныс талабын қанағаттандырды, қолданыстағы қызметін аяқтады. Бұл дамудың табиғи құбылысына сәйкес. Педагогикалық тәжірибеге ендіріліп жатқан жаңартылған білім беру мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу-тәрбие барыстарын жаңаша құруға және оқушыларды оқытудың барлық кезеңдерінде белсенділікті артыру басты шарт ретінде басшылыққа алынады, ұйымдастырылатын педагогикалық үдерісті жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық өзара қарым-қатынас негізінде жетілдіру қажеттігі жүйеленеді.

Алдыңғы тақырыптағы бастауыш сынып мұғалімдерінің пәнаралық байланыс сабақтарын жаңартылған білім мазмұндағы оқу бағдарламаларының талаптық-ережелерін сақтай отырып жүзеге асыру және осы бағыттағы мұғалімдердің кәсіби біліктіліктері, жеке мүмкіндіктері, түрлі пәндердің оқу материалдарын өзара байланыстыру немесе кіріктірілу жағдайда сабақтарды ұйымдастыру мен жүргізудегі ғылыми-әдістемелік тұрғыдағы қабілеттіліктерінің көрсеткіш жағдайларын, зерттеп, талдап, ұсындық.

Ал, енді біз бастауыш сыныптарына жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогикалық үдерісте пәнаралық байланыс сабақтарын өткізу, оқушылардың белсенділік, қызығушылық, ғылыми-танымдық әрекеттерін қалыптастыру мен дамыту және олардың жеке тұлғалық болмысының толып, жетілуіне кешенді білімдердің ықпалы жайындағы зерттеудің эксперименттік тәжірибелік жұмыстардардың барысы мен олардан алынған нәтижелік көрсеткіштер бағытындағы ақпараттарды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздей отырып береміз.

Мәселен, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы жүйесімен пәндерді оқытуда пәнаралық байланыстың ерекше жағдайлары болып: пәнге жекелік бағытта кешенді білімдер жүйесімен қатынас, құнды факторлармен байланысты дамудың оқу жағдаятын туғызу, пән бойынша оқушылардың білім деңгейін және оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін есепке алу, олардың тапсырмаларды орындауға, түсінуге ынтасы; орындалатын тапсырмалардың шығармашылық деңгейі; сабақ үстінде қол жеткізген табыс жағдайларын жасап, бекіту; қазіргі жағдайда оқушыларды өмірге баулудағы ғылыми-танымдық бағыттағы ақыл-ой, рухани-құндылық, оқушыларға өз бетінше білім алу үшін жағдай жасауға басты назар бөлу; әртүрлі педагогикалық жағдаяттарды жобалау, әр оқушыға оқу сабақтарының үдерісінде белгілі білік, дағды мен машықты меңгеру; оқыту үдерісін эмоционалды-құнды қатынастардың негізінде бастауыш сынып оқушыларының ғылыми-білімділік мүмкіндіктерін қалыптастыру мен дамытуға бағыттау.

Оқушылардың жаңартылған білім мазмұны негізінде пәнаралық байланыста қол жеткізген ғылыми-танымдық және тәрбиелілік деңгейлерінің критерийлері бойынша пайыздық көрсеткіштерін белгіледік. Теориялық білімдерін бекіту және білік, дағды және машыктану үшін оқушыларды

сыныптар бойынша топтастыра отырып эксперименттік және бақылау сыныптары негізінде зерттеулер жүргізілді. Бастауыштағы пәндердің өзара байланысуы арқылы ұйымдастырылатын педагогикалық үдерісте оқушылардың жеке тұлғалық болмысының қалыптасуы мен дамуының көрсеткішін, оның критерийлерін талдаудың негізінде оқу-тәрбие үрдісінде қалыптастыруға болатын қарым-қатынас анықталды, және олардың ғылыми танымдық деңгейінің көрсеткішін беретін диагностикалау жұмыстары жүргізіліп, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жоспарлы зерттеулер жасалды.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыру мақсатында, біз зерттеу жоспарын жасадық, онда сынып оқушыларының даму деңгейінің белгілері қарастырылды. Теориялық білімдерін бекіту мақсатында нақты педагогикалық тәжірибелер оқушылардың күнделікті өмір сүру ортасына мүмкіндігінше жақындастырылған, даму көрсеткіштерін анықтайтын педагогикалық жағдаяттар құрастырылды. Бастауыш сынып мұғалімінің пәнаралық байланыс сабақтарына бағытталған оқу-тәрбие жұмыстарының барыстарында жаңа педагогикалық технологияларды іздеу мақсатында, кіріктірілген сабақ жоспарларының ортақ бөлімдер мен тақырыптар жүйесімен /орта және қысқа мерзімді оқу жоспарларына сүйене отырып/, оқушының дамуындағы орын алатын білім, білік, дағды және танымдық іс-шараны талдау талаптары жасалып, қарастырылды. Бағдарлама негізінде бастауыш сынып оқушыларына жаңартылған оқу бағдарлама жүйесімен педагогикалық үдеріс кезіндегі олардың танымдық әрекеті мен іс-шаралары келесі жүйеде ұйымдастырылды: мақсатын анықтау, жағдайды талдау, іс-шараны жоспарлау, ғылыми-танымдық ықпал етудің ұйымдастыру деңгейі, жеке тұлғаның болмыстық бітіміне тікелей ықпал жасау, оқушының жаңа білім негізінде меңгерген білік, дағды әрекеттерін қорытындылау кезеңі— сабақтарды өткізгеннен кейін талдаулар жасалды.

Жаңа білім мазмұнды бағдарлама негізінде және сараптау барысында оқушылар теорияны игеріп, тәрбиелеудің міндеттерін анықтауға және шешуге үйренді, соның негізінде пәнаралық байланысқа негізделген педагогикалық үдерістің әдіс-тәсілдері мен формаларын игерді. Бұл сабақтарда білім алумен қатар, басты назар — эмоционалды-құнды қатынастар қалыптасуына бағытталды. Жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттары анықтау негізінде оқушылардың жеке тұлғалық болмысының қалыптасуы мен дамуының мүмкіндік нәтижелілігін анықтау тәжірибелік-педагогикалық жұмыстар барысында жүзеге асырылды. Педагогикалық- тәжірибе жұмысының құрылымы:

- эксперименттік тәжірибелердің басталуы (2016-2017ж)
- эксперименттік тәжірибелердің аяқталуы(2018-2019ж)

Жобаланған тәжірибелер кезеңінде бастауыш білім беру кезеңіне енетін 1,2,3,4 – сыныптардан әр түрлі мектептен 342 оқушылар қатысты. Оның 172-оқушысы эксперименттік сыныптар тобын құраса ал, 170-оқушы бақылау сыныптар тобын құрады.

Эксперименталдық-тәжірибе жұмысының /басталуы/ – қалыптастыру және /аяқталуы/ анықтауыш эксперимент кезеңінде оқушының жеке тұлғалық болмысының қалыптасуы мен дамундағы ғылыми-танымдық деңгейінің көрсеткішін анықтау /диагностикалау/ әдістемесімен қатар оқушының жеке басының білімдік, рухани-құндылық мүмкіндіктерінің қалыптасқандығын анықтау мақсатында диспут түріндегі бейімделу технологиясын пайдаландық.

Қалыптастыру тәжірибесі кезеңінде «Педагогикалық үдерістегі объект-субъекті-субъект-объекті» қатынастық жүйені пайдаландық және ол төмендегідей мазмұндық көрініс берді.

- кіріктірілген сабақта оқушылармен атқаратын ғылыми-танымдық әрекетке бағытталған оқу қызметінің мақсаттары мен міндеттерін талқылау;

- пәнаралық байланыс сабақтарын ұйымдастыруда сенімділікке негізделген қатынас жағдаятын жасау;

- оқушылармен жеке танымдық-ақпараттың қатынасты ғылыми тұрғыдан негіздеу басшылыққа алынады;

- сабақта оқушыларға бірнеше балл қоямын, олардың қателесу құқын мойындаймын және өзара бақылау жасауын қолдаймын;

- сабақта білімдерін лайықты бағалау, бағаны ынталандырудың негізі ретінде қолданамын, балдық бағаны басқа қателіктерді жою үшін қоямын.

Осы бағытта педагогикалық-тәжірибелік жұмысының нәтижесі оқушының жеке тұлғалық болмысындағы ғылыми-танымдық әрекеттерінің қалыптасуы мен дамуын жаңартылған оқу бағдарламасының білім мазмұны негізінен педагогикалық шарттарының тиімділігі айқындалды.

Біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыптық мазмұнының аясында бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғалық болмысының өз бетінше даму қабілетін анықтайтын жаңашылдық әдістер мен технологиялар пайдалану [153], оның негізінде педагогикалық бақылау жүргізілді. Әдістеме екі анкета бойынша жүргізіліп, олардың мақсаты өз бетінше дамудың қалыптасудың деңгейін анықтау, және өз бетінше дамуды ынталандыратын және өз бетінше дамуға кедергілерді айқындайтын факторларды анықтау болатын.

Анықталған диссертациялық тақырып бойынша жүргізілген (бастауыш сынып мұғалімдері және оқушыларды қамту) тәжірибелік эксперименттік зертеулердің барыстары және нәтижелері жайындағы мәліметтерді өңдеу, сұрыптау, қол жеткізген нәтижелері бойынша бастауыш білім беру кезеңдеріндегі пәнаралық байланыстарды педагогикалық үдерісте ұымдастыру мен тиімділігі жайындағы мәліметтерді алуға, оларды сандық және сапалық жағынан талдау әдісіне төмендегі формуланы басшылыққа алып пайдаландық. Пәнаралық байланыстар бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің білктілігін және оқушылардың жеке тұлғалық болмысы мен ғылыми дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасу мен даму барыстарына талдау жасауда А.В.Усованың әдістемесін пайдаландық [154,155]. Бұл әдістемеге сәйкес қолданылған оқу-әдістемелік шаралардың әсерін үш коэффициент арқылы анықтауға болады: ұғымның мазмұнын меңгерудің толықтық коэффициенті; ұғымның түсініктік аппаратын, оның көлемін меңгерудің толықтық

коэффициенті; ұғымдар мен түсініктердің өзара байланысын меңгерудің толықтық коэффициенті. Алынған жауаптардың орташа мәнінің толықтылығы осы әдіске сәйкес формуласымен анықталды.

$$K = \frac{\sum n_i}{nN} ;$$

Мұндағы: n_i - j (мұғалім) оқушы пәнаралық байланысқа қатысты білік, дағдыларды меңгерген және игеруге тиісті мазмұндарға қатынастар саны; n – (мұғалім) оқушы меңгеруге тиісті пәнаралық байланыстар мазмұны арқылы тұлғалық болмысының қалыптасуы мен дамуы қатынастар саны; N – топтағы оқушылар саны мен мұғалімдердің пәнаралық байланыстағы ғылыми дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуы мен дамуына бағытталғын бірлескен әрекеттерінің орташа балдық көрсеткішінің берілуі.

Зерттеу нәтижелерін бастауыш білім беру кезеңі оқушыларының сыныптық және жас ерекшеліктері бойынша талдағанымызда эксперимент топтарында сыныптағы (172) оқушының пәнаралық байланыс сабақтарында ғылыми танымдық көзқарастарының қалыптасуының толықтылық коэффициентінің жоғары, орташа, төмен мәндік көрсеткішпен көрсетілсе, бақылау тобындағы сыныптағы (170) оқушылардың көрсеткіштерін де жоғары, орта, төмен деп осы көрсеткіштермен берілді.

Сандық көрсеткіштер бойынша бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуы олардың жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламасының пәнаралық байланысты ұйымдастыру мен өткізу /ортақ бөлімдер мен тақырыптар/ерекшеліктеріне қатысты түрлі нәтижелер бергенімен, осы сандық қатынастық өзара байланысы – екі немесе одан да көп кездейсоқ шамалар /немесе кейбір рұқсат етілген дәлдік дәрежесімен осындай деп санауға болатын шамалар/. Басқаша айтқанда, екі немесе бірнеше кездейсоқ параметрлердің өзара байланысы. Сандық қатынастағы өзара байланыстағы кездейсоқ шамалар – бұл бірдеңемен өзара байланысты болу. Оң және теріс бар көрініс беру /корреляция/ коэффициенттері өрнектеп бере алмайтын ортақ қиындықтар бар екені анықталып отыр. Ол мәселе – бастауыштағы білім беру кезеңі оқушыларының пәнаралық байланыстағы сабақтарда ғылыми-танымдық мазмұндағы білімдерді меңгеру мүмкіндігін анықталмауынан деп саналып отыр. Сол себепті барлық оқушыларды зерттеу мерзімінің 1-ші сыныбында ғылыми дүниетанымдық көзқарастан толық беки алмаған еді. Ал зерттеудің келесі кезеңіндегі 2-ші және 3-ші сынып оқушылардың ғылыми дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуы мен дамуы ерекше орын алғандығын, олардың әрекетіндегі білік пен дағдыларының тұлғалық болмысының көрінісі ретінде бейнеленуі негіз бола алады.

8-ші кесте мен 6,7,8-ші суреттер бойынша бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғалық болмысының қалыптасуы мен дамуындағы ғылыми дүниетанымдық көзқарастың мәнінің жоғарылы анықталынды, яғни мұғалімнің жеке жаңартылған білім бағдарламасының мазмұнындағы

пәнаралық байланысқа негізделген сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге бағдар болуы, оған бастауыш сынып оқушыларының арнайы дайындықтан өту қажеттігі расталды. Жоғары алынған нәтижелерді сандық және сапалық талдау арқылы оқушылардың бойында ғылыми-танымдық негіздегі жаңа білімдерді меңгерту, олардың мінез-құлық ерекшеліктері мен жақсы қасиеттерін қалыптастыру және жеке пәндердің оқу материалдарын кіріктіре отырып ғылыми білімдер жүйесімен білім, білік дағды және ғылыми танымдағы іс-әрекеттерін арттыру.

Зерттеу барысында жаңартылған білім мазмұнының жағдайында бастауышта пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тәжірибелік көрсеткіштерін және деңгейлерін айқындадық.

Яғни, бастауыш сыныптарда жаңартылған білім мазмұнында анықталған бөлімдер мен оқулықтарда берілетін білім мазмұнын ортақ тақырыптар арқылы пәнаралық байланыс жүйесімен оқушыларға беру және олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мен жеке тұлғалық болмысын дамытудың **өлшемдерін** төмендегідей анықтадық: оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға бөлімдер мен ортақ тақырыптар жүйесімен пәнаралық байланыс мотивациясының болуы, ынта-ықыласының, қызығушылығының болуы; оқушылардың жеке пәндердегі білім беруді топтастыратын ортақ тақырыптардың ғылыми дүниетаным қалыптастыруға қажетті пәнаралық байланыстар жүйесінің болуы; мұғалімдердің жеке пәндердің мазмұнында қамтылған білімдер оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру және жеке тұлғалық болмысын дамытуда пәнаралық байланыста жүзеге асыратын іскерліктер мен дағдылардың болуы.

Бастауыш сыныптарда жеке пәндерде берілетін ортақ тақырыптар арқылы оқушылардың пәнаралық байланыста ғылыми дүниетанымын қалыптастыру жеке тұлғалық болмысын дамытудың өлшемдеріне сәйкес оның **көрсеткіштері** ұсынылады:

1) Бастауыш сыныпта оқушылардың пәнаралық байланыста ғылыми дүниетаным қалыптастыру жеке тұлғалық болмысын дамытуға ұмтылысы; ортақ тақырыптар негізінде пәнаралық байланыс материалдары арқылы ғылыми дүниетаным қалыптастыруға қызығушылығы; оқушылардың ұсынылған ортақ тақырыптарда қамтылатын оқу материалдары арқылы пәнаралық байланыста ғылыми дүниетаным қалыптастырудағы белсенділігі.

2) Жаңартылған білім мазмұнын беретін бағдарламадағы бөлімдер мен ортақ тақырыптар жүйесімен пәнаралық байланыс негізінде алынатын білімі; жеке пәндердің оқу материалында ғылым негізін ұстану заңдылықтары арқылы қоршаған ортаны, табиғатты танып білуі; жеке пәндердің оқу материалдарын меңгеру іс-әрекеттеріндегі пәнаралық байланыс материалдары негізіндегі ғылыми дүниетанымдық білім біліктері.

3) Бөлімдер мен ортақ тақырыптар жүйесімен оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру және жеке тұлғалық болмысын дамытудың қажеттілігін түсінуі; ортақ тақырыптар негізінде оқушылардың пәнаралық байланыс арқылы ғылыми дүниетаным қалыптастыруға қызығушылығын

айшықты көрсете білуі; жеке пәндердің оқу материалдарын топтастыру негізінде ұсынылған ортақ тақырыптар оқушылардың ғылыми дүниетанымын пәнаралық байланыс арқылы әлеуметтік, психологиялық талдау және іскерлігі; оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай ғылыми танымдық түсініктерін қалыптастыруға бейімділігі.

Сурет 8. Жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар арқылы бастауыш сыныптағы пәнаралық байланыс негізінде оқушы тұлғасын дамыту мен ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері

Өлшемдері	Көрсеткіштері	Денгейлер		
		Жоғарғы	Орташа	Төменгі
Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға жеке пәндердегі ортақ тақырыптар негізінде пәнаралық байланыс мотивациясының болуы, ынта-ықыласы мен қызығушылығының болуы.	-бастауыш білім беру кезеңінде пәнаралық байланыста оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мен жеке тұлғалық болмысын дамытуға ұмтылысы; -ортақ тақырыптар пәнаралық байланыс материалдары ақылы ғылыми дүниетаным қалыптастыруға қызығушылығы; Оқушылардың ғылыми дүниетаным белсенділігі жаңартылған білім мазмұны негізінде қалыптастыруда ортақ тақырыптар материалдары ақылы пәнаралық байланыс жүзеге асыру	Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар материалдары ақылы пәнаралық байланыс ұғымдарын жақсы анықтайды. Пәнаралық байланыс материалдарының қажеттілігіне ынта-ықыласы, қызығушылығы, белсенділігі жоғары.	Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар материалдары ақылы пәнаралық байланыс ұғымдарын анықтауы толық емес. Пәнаралық байланыс материалдарын қажет етеді, қызығушылығы бар, бірақ белсенділігі тұрақсыз.	Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар материалдары ақылы пәнаралық байланыс ұғымдарын жеткіліксіз анықтайды. Пәнаралық байланыс материалдарының қажеттілігіне қызығушылығы аз, ынта-ықыласы төмен.
Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар материалдары арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға қажетті пәнаралық	- жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар материалдары ақылы пәнаралық байланыста алынатын білімі; - жаңартылған білім мазмұны негізіндегі	Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар материалдары ақылы іс-әрекетіндегі пәнаралық байланыс материалдарын толық қабылдайды. Пәнаралық	Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы іс-әрекетіндегі пәнаралық байланыс материалдарын қабылдайды, бірақ толық емес.	Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы іс-әрекетіндегі пәнаралық байланыс материалдарын нашар қабылдайды. Пәнаралық байланыстағы

байланыстар жүйесінің болуы.	бөлімдер мен ортақ тақырыптар жеке пәндердің заңдылықтары ақылы қоршаған ортаны, табиғатты танып білуі; - жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар оқыту материалдарын игертудегі іс-әрекеттерін пәнаралық байланыс жүйесімен іске асыруда ғылыми дүниетанымдық білім біліктері.	байланыстағы ғылыми дүниетанымдық түсініктері айқын. Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы жеке пәндердің оқытатын ғылыми заңдылықтарды пәнаралық байланыс материалдары арқылы дәлелдеп түсіндіре алады.	Пәнаралық байланыстағы ғылыми дүниетанымдық түсініктері бар, бірақ ой-қорытындысын айтуда қиналыс білдіреді. Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы жеке пәндердің оқытатын ғылыми заңдылықтарды пәнаралық байланыс материалдары арқылы түсіндіруі толық емес.	дүниетанымдық түсініктері айқын емес. Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы жеке пәндердің оқытатын ғылыми заңдылықтарды пәнаралық байланыс материалдарын түсіндіруі нашар. Ғылыми дүниетаным заңдылықтарын түсінуге тырысады, бірақ ажыратып бере алмайды.
------------------------------	--	--	---	---

Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мен дамытуда пәнаралық байланыста жүзеге асыратын іскерліктер мен дағдылардың болуы.	- жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы ғылыми дүниетаным қалыптастырудың қажеттілігін түсінуі; - жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар жүйесімен оқушылардың пәнаралық байланыс арқылы ғылыми дүниетаным қалыптастыруға қызығушылын айшықты көрсете білуі; - жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы оқушылардың ғылыми дүниетанымын пәнаралық байланыс арқылы әлеуметтік, психологиялық талдау жасау іскерлігі; - оқушылардың жас ерекшелігіне қарай дүниетанымдық түсініктерін қалыптастыру	Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы пәнаралық байланыстағы ғылыми дүниетанымдық түсініктері айқын әрі жауапкершілікпен, қызығушылықпен қабылдайды. Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар жүйесімен кездесетін заттар мен құбылыстарды пәнаралық байланыс материалдары негізінде меңгеру іскерліктері анық көрінеді.	Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар пәнаралық байланыстағы ғылыми дүниетанымдық түсініктерді мұғалімнің көмегімен меңгереді. Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптың оқу материалдарында кездесетін заттар мен құбылыстарды пәнаралық байланыс жүйесімен меңгеру іскерліктері бар, бірақ тұрақты емес.	Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы пәнаралық байланыстағы ғылыми дүниетанымдық түсініктері нашар, берілген тапсырманы орындауға, құлшыныс білдірсе де, жауапкершілік танытпайды, оларды мұғалімнің көмегінің орындай алмайды. Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі бөлімдер мен ортақ тақырыптың оқу материалдарында кездесетін заттар мен құбылыстарды пәнаралық байланыс жүйесімен меңгеру іскерліктері айқын емес.
---	---	---	--	---

	ікемділігі.			
Нәтижесі:	Жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар жүйесінде пәнаралық байланыс материалдары ақылы ғылыми дүниетанымы қалыптасқан бастауыш сынып оқушысының тұлғалық бейнесі.			

Осындай өлшемдер мен көрсеткіштердің негізінде жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы бастауыш сыныптағы пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың үш деңгейі белгіленді:

Жоғарғы деңгей. Жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы бастауыш сыныптағы пәнаралық байланыс материалдарына жататын ұғымдарды жақсы анықтайды, ынтасын, ықылас-зейінін қойып қарайды, оларды эмоциялық көңіл-күй сарайының көтеріңкі сезіммен қабылдап, көрген білгендерін еркін айта алады және дәлелдеп түсіндіре алады. Көріп-байқағаны бойынша қорытынды жасай алады. Жеке оқулықтардағы бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы бастауыш сыныптағы пәнаралық байланыс материалдарының қажеттілігін қалайды, қызығушылық танытады. Берілген пәнаралық байланыс тақырыптарындағы жаттығу мен тапсырмаларды жауапкершілікпен, қызығушылықпен орындайды және жұмыстарына көңілі толады.

Орташа деңгей. Жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы бастауыш сыныптағы пәнаралық байланыс пәнаралық байланыс материалдарына жататын ұғымдарды анықтау жөнінде үстірт білімін көрсетеді, қызығушылықпен қарастырады, оларды эмоциялық- көңіл-күй сарайының көтеріңкі сезіммен қабылдайды, көріп-білгендерін айтып беруге тырысады, бірақ ой-қорытындысын айтуға қиналыс білдіреді. Жеке оқулықтардағы бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы пәнаралық байланыс материалдарын қабылдауға белсенділігі орташа, пәнаралық байланыс материалдарының қажеттілігін жете сезінбейді. Берілген пәнаралық байланыс тақырыптарындағы жаттығу мен тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен салады.

Төменгі деңгей. Жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы бастауыш сыныптағы пәнаралық байланыс материалдарына жататын ұғымдарды танып, анықтай алмайды, ықылассыз қарастырады, көріп-білгендерін ажыратып айтып бере алмайды, жеке оқулықтардағы бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы пәнаралық байланыс материалдарының маңыздылығын жете түсінбейді. Берілген жаттығу мен тапсырмаларды орындауға құлшыныс білдірсе де, жауапкершілік танытпайды, оны мұғалімнің көмегінсіз дұрыс орындай алмайды.

Зерттеу жұмысы барысында бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мектеп пен өмірді, оқыту мен өмірлік тәжірибені байланыстыруды, жан-жақты дамыту мен толық тәрбие беруде пәнаралық байланыс материалдарының маңыздылығына еліміздегі мектептердің жаңартылған білім мазмұнына көшуде үлкен мән беру бағытымен анықталуда.

Жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар арқылы бастауыш сыныптағы пәнаралық байланыстардың жүргізілу жұмыстары зерттелуі, оның нәтижесінде мектептерде *пәнаралық байланыс жұмыстарын ұйымдастырудың кейбір қайшылықтары* анықталды: пәнаралық байланыстың оқу-тәрбие үдерісіндегі маңыздылығына қарамастан, пәнаралық баланыс жұмыстарына өз деңгейіне мән берілмейді; жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы бастауыш сыныптағы пәнаралық байланыстар негізінде ғылыми дүниетаным қалыптастыруға тигізер ықпалы жайлы зерттеу жұмыстары өте аз; бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы пәнаралық байланыс материалдарын жинау, оларды сабақтарда кеңінен қолдану дәрежесі орташа.

Бастауыш сынып мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама мынадай мәселелердің басып ашып, айқындап берді: мұғалімдердің көпшілігі тек оқулықта берілген мәтінің мазмұнын түсіндіруге тырысады, оның өзін де толық ашып түсіндіре алмайды; пәнаралық байланыс материалдарын жинақтаудың әдіс-тәсілдерін, түрлерін нашар меңгеретіндіктен, пәнаралық байланыс материалдарын сабақта пайдалану тәжірибелерінің аздығы және жетіспейтіндігі; жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы пәнаралық байланыс материалдарын пайдаланудың, ол материалдарды жинақтаудың әдіс-тәсілдері мен бағытын көрсететін әдістемелік құралдар мен нұсқаулардың жоқтығы.

Жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар арқылы бастауыш сынып оқушыларының пәнаралық байланыста дүниетанымын қалыптастыруды жүзеге асырудың *педагогикалық шарттарын төмендегідей көрсетуді жөн деп санадық*: бастауыш сыныптарда жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы пәнаралық байланыста оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндіктер туғызу; жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы бастауыш сыныптағы пәнаралық байланыс материалдарын оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың жүйелі әдістемелік жұмыстарын дамыту; жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы бастауыш сыныптарда пәнаралық негіздегі сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және оларды әрдайым дамытып отыру; бастауыш сынып оқушыларының техникалық білімін жетілдіру мақсатында жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы алғашқы қарапайым элементтерімен байланысын арттыру; бастауыш сынып оқушыларының өзіндік және жас ерекшеліктерін, жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы оқушылардың қызығушылықтарының басым екендігін ескеру, олардың жеке тұлғалық, қоғамымыздың мәдени-эстетикалық мүддесіне негізделген педагогикалық қызметті жүйелі жолға түсіру; Жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы бастауыш сынып оқушыларының пәнаралық байланыста ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мәселесіне

арналған сабақ үлгілерін беретін әдістемелік нұсқаларды жаңашылдық әдіс-тәсілдер негізінде жүйелеу.

Эксперименттік зерттеу жұмыстарымыз жоғарыда аталып өткен жалпы білім беретін орта мектептердің бастауыш сыныптарында үш кезеңде, яғни анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдерінде жүргізілді. Экспериментке барлығы - 342 қатысты. Оның 172-оқушысы эксперименттік сыныптар тобын құраса ал, 170-оқушы бақылау сыныптар тобын құрады. Әрбір кезең нақты педагогикалық, психологиялық және әдістемелік міндеттерді анықтауды көздеді.

Бірінші кезеңде бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие үдерісінде пәнаралық байланыс материалдарын пайдаланудың дейгейі анықталды. Оқушылардың пәнаралық байланыс негізіндегі білімдері мен түсінік, ұғымдары, оларды қажетті жерде қолдана, пайдалана білу дағдылары бақыланды. Оқушылардың жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар арқылы бастауыш сыныптағы пәнаралық байланыс жөнінде, яғни қоршаған әлем мен дүниені танудағы ғылыми білімдер негізінде біртұтастық бейне туралы танымдық деңгейі, білімі, түсініктері тексерілді. Берілген деңгейлер бойынша бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымының қалыптасуына пәнаралық байланыс материалдарының әсері, ықпалы мен көмегі қандай екендігін анықтау мақсатында сауалнама, тесттер жүргізілді. Зерттеулер нәтижесінде пәнаралық байланыс материалдарының оқу-тәрбие үрдісінде, өз дәрежесіне сәйкес келмейтіндігі және бастауыш сынып мұғалімдерінің бұл саладан әлі де болса жүйелі әрі мақсатты түрде әдістемелік даярлықты күшейту керектігі байқалып, пәнаралық байланыс материалдарын пайдалану жұмыстарының көп жүргізілмейтіндігі анықталды. Мұны осы зерттеу жұмысына қатысқан мектептердегі 2-сынып бойынша алынған сауалнама нәтижесінде анықталғанын байқадық. Мәселен, оқушылардың пәнаралық байланыс материалдарын өте аз қабылдайтындарын және сауалнамада өте нашар жауап бергендерін анықтадық. Дегенмен, мектеп оқушыларының 1,2,3,4-сынып бойынша пәнаралық байланыс ұғымдары туралы жалпы түсініктері бар екендігін айқындадық. Бұл оқушылардың пәнаралық байланыс материалдарын көбірек пайдаланғанын, сынып мұғалімінің оларға оқытуды әртүрлі пән материалдары бойынша жүргізетінін білдіреді. Әсіресе, оқушылардың ортақ бөлімдер мен тақырыптарға негізделген орта және қысқа мерзімді оқу жоспарларының негізінде дұрыс ұйымдастырылған пәнаралық байланыс сабақтарында ғылыми танымдық бағыттағы әрекеттерінің көрсеткіш деңгейінің жақсы екендігін байқадық. Бастауыш білім беру кезеңі оқушыларының сыныптық сатылық деңгейіне қарай мұндай сауаттылық танытулары олардың әрбір сабақ барысындағы мұғалімнің басшылығымен ұйымдастырылған пәнаралық байланыс материалдарын жиі қолданғандығының ықпалы екендігін толық көрсетті. Жоғарыдағы анықтау кезеңіндегі дәйектерге сүйене отырып, мынадай қорытынды жасадық: оқушылар пәнаралық байланыс материалдарын аз біледі, мұғалімдер жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар ақылы бастауыш сыныптағы сабақтарында

пәнаралық байланыс материалдарын өз деңгейінде пайдаланбайды, бұның өзі оқушылардың ғылыми дүниетанымының қалыптасуына кері әсерін тигізеді; мұғалімдер пәнаралық байланыс материалдарын саралап, қолдану жүйесін нашар біледі; оқушылардың қоршаған ортасындағы өзгерістер мен жаңалықтарға деген ықыласы аз; оқушылармен бақылау, тәжірибе жұмыстары да аз жүргізіледі; бастауыш сыныптың мұғалімдеріне пәнаралық байланыс мәселелерін талдайтын арнайы әдістемелік құралдың болмауы; мұғалімдердің пәнаралық байланыс жұмыстарын ұйымдастыру шеберліктерін дамытпайтындығы және жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар арқылы үйрету тәжірибелерінің аздығы оқушыларға оқулықтағы оқу материалдарының негізінде пәнаралық байланыс арқылы ғылыми дүниетанымын қалыптастыру деңгейінің төмендігіне себепші болған. Анықтау экспериментінің нәтижесін 1-кестеден көруге болады. Бұл кесте бойынша пәнаралық байланыс материалдарының пәрменділігі мен ықпалын арттыруда ғылыми негізделген әдістеменің қажеттілігін байқауға болады.


Екінші кезеңде бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мақсатында жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар арқылы бастауыш сынып оқулықтарының оқу материалдары арқылы пәнаралық байланыстың жолдары қарастырылып, құрылымдық-мазмұндық жүйесін педагогикалық тәжірибеде жүзеге асырылды. Осының негізінде, жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақырыптар арқылы бастауыш сыныптағы пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың ғылыми дүниетанымын анықтау мәселесі біздің зерттеулерімізде өзінің өзектілігін негіздеп берді.

Кесте 5. Жаңартылған білім мазмұнында пәнаралық байланыс арқылы оқушы тұлғасын дамыту мен ғылыми дүниетанымының қалыптасуындағы анықтау экспериментінің сандық көрсеткіштері


p/c	Пәнаралық байланыс жайында оқушылардың түсінік көрсеткіш түрлері (Тапсырмалар)	Эксперименттік топтар (172 оқушы)						Бақылау топтар (170 оқушы)					
		Жоғары		Орта		Төмен		Жоғары		Орта		Төмен	
		Оқуш	%	Оқуш	%	Оқуш	%	Оқуш	%	Оқуш	%	Оқуш	%
1	Жаңартылған білім мазмұнындағы бөлімдер мен ортақ тақырыптар арқылы пәнаралық байланыс материалдарының мазмұнын анықтай алу	36	20,9	51	29,6	85	56,9	34	18,8	47	27,2	89	53,8
2	Жаңартылған білім мазмұнында берілген бөлімдер мен ортақ тақы-	41	23,8	68	39,5	63	36,6	37	14,2	45	25,9	88	52,5

	рыптар ақылы пәнаралық байланыс материалдарын қызыға әрі сенімді түрде қабылдауы												
